

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 168-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I,

128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "банктерді қайта құрылымдауға," деген сөздерден кейін "банктерді лицензияларынан айыру салдарларының туындауына," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 318-баптың 2-тармағында:

"соттан тыс күштеу тәртібімен" деген сөздер "соттан тыс тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мәжбүрлеп соттан тыс" деген сөздер "соттан тыс" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру шеңберінде қарыз бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.";

3) 319-баптың 2-тармағындағы "соттан тыс мәжбүр ету тәртібімен" деген сөздер "соттан тыс тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар;

№ 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 725-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"725-1-бап. Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының ерекшеліктері";

2) 718-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын қарыз шарты бойынша сыйақы осы Кодекстің 725-1-бабының талаптары ескеріле отырып айқындалады.";

3) мынадай мазмұндағы 725-1-баппен толықтырылсын:

"725-1-бап. Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының ерекшеліктері

1. Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының мынадай ерекшеліктері бар:

1) тектік белгілерімен айқындалған, оның ішінде төлемнің кейінге қалдырылуы және бөліп төленуі арқылы берілген ақша немесе заттар қарыз шартының нысанасы болып табылады;

2) дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз алушы ретінде әрекет етеді;

3) қарыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беріледі;

4) қарыз шартында осы баптың 3-тармағында көзделген қағидаларға сәйкес есептелген, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі міндетті түрде қамтылуға тиіс;

5) қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі берілген қарыз сомасының жүз пайызынан, оның ішінде қарызды қайтару мерзімі өзгертілген жағдайда аса алмайды;

6) қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан, бірақ берілген қарыз сомасының жылына он пайызынан аспайды;

7) қарыз нысанасын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және қарыз шартында көзделген өзге де төлемдер сомасын қоса алғанда, қарыз алушының қарыз шарты бойынша барлық төлемі жиынтығында қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңінде берілген қарыз сомасынан аса алмайды;

8) қарыз шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді;

9) қарыз шартының сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер мөлшерлері туралы талаптары оларды ұлғайту жағына қарай өзгертіле алмайды;

Егер нысанасы тектік белгілерімен айқындалған заттар болып табылатын қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындау борыш есебіне ақша беру арқылы жүзеге асырылған, ал сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және қарыз шартында көзделген өзге төлемдердің төленуі мен мөлшері ақшалай нысанда жүзеге асырылса, осындай шартқа осы тармақтың бірінші бөлігі 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларының талаптары қолданылады.

2. Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын, осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін қарыз шарты мәнсіз болып табылады.

3. Қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

4. Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартына осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, қарыз шартына қатысты қағидалар қолданылады.

5. Осы баптың талаптары осы Кодекстің 718-бабының 2-тармағында аталған тұлғалар қарыз берушілер болып әрекет ететін қарыз шарттарына қолданылмайды.";

4) 728-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке тұлғаларға берілетін ипотекалық қарыз ерекшеліктері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.";

5) 751-бап:

"банк" деген сөзден кейін "осы баптың ережелерін ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ағымдағы банктік шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төленбейді.

Банк қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының сомасынан банктік шот шартында айқындалған кірісті төлеуі мүмкін.";

6) 757-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жинақ салымы;"

2-тармақтың екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мерзімді салым белгілі бір мерзімге енгізіледі.

Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымшы мерзімді салымды белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жинақ салымы белгілі бір мерзімге енгізіледі.

Салымшы жинақ салымын белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

5. Шартты салым банктік салым шартында айқындалған мән-жайлар басталғанға дейін енгізіледі.

Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымшы шартты салымды банктік салым шартында айқындалған мән-жайлар басталғанға дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.";

7) 759-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Банктік салым шартында көзделген салым мерзімі банкке "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған кезде өзгертілуі мүмкін.";

3-тармақтағы "мерзімді салымның сомасын оның" деген сөздер "мерзімді және (немесе) жинақ салымдарының сомасын олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 760-бапта:

1-тармақ "салымшыға" деген сөзден кейін "осы баптың ережелерін ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Талап етілгенге дейінгі салым бойынша сыйақы мөлшері банктік салым шартымен белгіленеді, бірақ ол жылдық 0,1 пайыздан аса алмайды.

1-2. Мерзімді және жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген немесе құбылмалы болуы мүмкін.

Мөлшері банктік салым шартында көзделген салым мерзімі ішінде төмендетілмейтін сыйақы мөлшерлемесі тіркелген сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Мөлшері банктік салым шартында көзделген талаптарға сәйкес өзгертілетін сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Банктік салым шарты бойынша құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі, оның қолданылу шарттары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

2-тармақтағы "Банк" деген сөз "Осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, банк" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Банктік салым шарты бойынша сыйақы мөлшері банкке "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған кезде өзгертілуі мүмкін.";

9) 761-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "банк салымы бойынша" деген сөздер "осы баптың 3-тармағында көрсетілген банктік салымдар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мерзімді салымдар бойынша салымшы салым бойынша өзіне тиесілі сыйақыны салым мерзімі өткенге дейін оның сомасынан бөлек алуға құқылы. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшері банк талап етілгенге дейінгі салымдар үшін қолданатын мөлшерге қолданылатындай түрде қайта есептеледі. Салым мерзімі өткен соң салымшы өзінің салымды талап ететініне немесе талап етпейтініне қарамастан, өзіне тиесілі сыйақыны толық мөлшерде алуға құқылы (осы Кодекстің 759-бабының 3-тармағы).";

10) 762-баптың 2-тармағының екінші бөлігі "Мерзімді салымдар," деген сөздерден кейін "жинақ салымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 765-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы "мерзімді салымдар" деген сөздерден кейін "және жинақ салымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын ішінара және (немесе) толық қайтарып алуға құқығы бар.

Салымшының жинақ салымын мерзімінен бұрын толық қайтарып алуға құқығы бар."
";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Банк мерзімді салымды немесе оның бір бөлігін салымшының талабы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Банк жинақ салымын салымшының талабы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күннен ерте емес беруге міндетті.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банктік салымды беру:

1) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген;

2) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған не банкті лицензиядан айырған кезде "Қазақстан Республикасындағы

банктер және банк қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатыла тұруы мүмкін.";

12) 830-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді аудиторлық ұйымға "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 13-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес ұсынуы мүмкін."

3. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

239-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "төлем қабілетсіздігіне" деген сөздерден кейін "не банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызуға" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2018 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

210, 217 және 218-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"210-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген тәртіппен валюталық шартты ұсынбай валюталық операциялар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу";

"217-бап. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің валюталық операциялары бойынша есептерді ұсыну тәртібін бұзуы

218-бап. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу мақсаттары үшін есептерді немесе қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет туралы есептерді ұсыну тәртібін бұзу";

227-баптың тақырыбындағы "шектеулі ықпал ету шараларын" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын, шектеулі ықпал ету шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

229-баптың тақырыбындағы "сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

243, 244 және 251-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының (өкілдіктерінің) валюталық операцияларды мониторингтеу мақсаттары үшін есептерді ұсыну тәртібін бұзуы

244-бап. Валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот үшін есептік нөмірді алу және олар бойынша ақпаратты, құжаттар мен есептерді ұсыну тәртібін бұзу";

"251-бап. Ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау";

2) 210-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"210-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген тәртіппен валюталық шартты ұсынбай валюталық операциялар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу

1. Валюталық шартты немесе берілген есептік нөмір бар валюталық шартты ұсыну Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндетті болып табылған кезде уәкілетті банктің осындай валюталық шартты ұсынбай валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізуі – ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

3) 211-1-бапта:

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"4. Коллекторлық агенттіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне анық емес, сол сияқты толық емес есептілік ұсынуы – ескерту жасауға алып келеді.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде ұсынылуы талап етілетін есептіліктің анық емес, сол сияқты толық емес сол бір нысаны ұсынылған жағдайларда басталады.";

4) 212-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"212-бап. Қаржы ұйымдарының және өзге де тұлғалардың қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуы

1. Қаржы ұйымдарының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті уақтылы ұсынбауы –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Қаржы ұйымдарының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынбауы –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде ұсынылуы талап етілетін мерзімді есептіліктің сол бір нысаны уақтылы ұсынылмаған жағдайларда басталады.";

5) 213-бапта:

бірінші, екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацында:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген" деген сөздерден кейін "сол бір" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

сегізінші бөліктің бірінші абзацындағы "есептіліктегі көрсеткіштердің не" деген сөздер алып тасталсын;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе.

1. Бұрмаланған мәліметтерді түзету нәтижесінде банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны анықталған жағдайда, осы баптың сегізінші бөлігінің мақсаттары үшін әкімшілік жауаптылық туындайды.

2. Осы баптың оныншы, он екінші, он үшінші және он төртінші бөліктерінің мақсаттары үшін банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға деп коллекторлық агенттік, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымы, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйым, секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясы түсініледі.";

б) 217 және 218-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"217-бап. Валюталық бақылау агенттерінің клиенттердің валюталық операциялары бойынша есептерді ұсыну тәртібін бұзуы

1. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, жүргізілген валюталық операциялар туралы хабарлама бойынша есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, жүргізілген валюталық операциялар туралы хабарлама бойынша толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

9. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, өздерінің негізінде және (немесе) өздерін орындау үшін капитал қозғалысының операциялары жүргізілетін валюталық шарттар бойынша есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

11. Валюталық бақылау агентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, өздерінің негізінде және (немесе) өздерін орындау үшін капитал қозғалысының операциялары жүргізілетін валюталық шарттар бойынша толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

12. Осы баптың он бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

218-бап. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу мақсаттары үшін есептерді немесе қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет туралы есептерді ұсыну тәртібін бұзу

1. Уәкілетті банктің немесе клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу мақсаттары үшін есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Уәкілетті банктің немесе клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу мақсаттары үшін толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы – ескерту жасауға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Уәкілетті банктің немесе уәкілетті ұйымның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет туралы есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Уәкілетті банктің немесе уәкілетті ұйымның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет туралы толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

7) 220-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"екі жүз" деген сөздер "орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көрсеткіштен" деген сөзден кейін "және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "ақша төлемі немесе" деген сөздер "төлем және (немесе) ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

"ақша төлемі немесе" деген сөздер "төлем және (немесе) ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі жүз" деген сөздер "орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көрсеткіштен" деген сөзден кейін "және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацында:

"екі жүз" деген сөздер "орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көрсеткіштен" деген сөзден кейін "және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-бөліктің екінші абзацында:

"екі жүз" деген сөздер "орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көрсеткіштен" деген сөзден кейін "және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші бөліктің бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе.

1. Осы баптың талаптары осы Кодекстің 91-бабының сегізінші бөлігінде, 92-бабының төртінші бөлігінде, 92-1-бабының үшінші бөлігінде және 285-бабында жауаптылық көзделген әрекеттерге (әрекетсіздікке) қолданылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген рұқсаттан айрылған және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін орындалмаған талаптары немесе ақшаға билік етуге шектеулері бар банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды.";

8) 227-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"227-бап. Қабылданған және (немесе) қадағалап ден қою шараларын, шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктелген міндеттерді орындамау, уақтылы орындамау

1. Банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың, Қазақстан Даму Банкінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өздері

қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жазбаша нұсқама және (немесе) жазбаша келісім нысанында қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы –

жеке тұлғаларға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру тобының құрамына кіретін заңды тұлғалардың, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларының өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жазбаша нұсқама және (немесе) жазбаша келісім нысанында қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы –

жеке тұлғаларға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Эмитенттердің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, микроқаржы ұйымдарының, төлем жүйелерінің операторлары мен көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқаманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мерзімде орындамауы –

жеке тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Коллекторлық агенттіктің өзі қабылдаған және (немесе) өзіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы, уақтылы орындамауы –

бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе. Осы баптың үшінші бөлігінің мақсаттары үшін төлем жүйелерінің операторлары мен көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер деп банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторлары мен көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер түсініледі.";

9) 228-бапта:

бірінші, екінші және төртінші бөліктер алып тасталсын;

бесінші бөлікте:

бірінші абзацта:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген" деген сөздерден кейін "сол бір" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

екінші абзацта:

"бес жүз" деген сөздер "заңды тұлғаларға үш жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

алтыншы және сегізінші бөліктер алып тасталсын;

тоғызыншы бөліктің екінші абзацы "елу" деген сөздің алдынан "заңды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген, өздерінің қызметіне байланысты құжаттарды тиісінше құжаттау, есепке алу және сақтау жөніндегі шарттарды бұзуы –

заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

он бірінші бөлік алып тасталсын;

он екінші бөлікте:

бірінші абзацта:

"есептілікте қамтылған көрсеткіштердің не" деген сөздер алып тасталсын;

"пруденциялық" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "төрт жүз" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші, он төртінші және он бесінші бөліктер алып тасталсын;

он жетінші бөлікте:

бірінші абзац "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

"бір жүз" деген сөздер "заңды тұлғаларға елу" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

он сегізінші бөлік және оған ескертпе алып тасталсын;

он тоғызыншы бөліктің екінші абзацы "бір жүз" деген сөздердің алдынан "занды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Бұрмаланған мәліметтерді түзету нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны анықталған жағдайда осы баптың он екінші бөлігінің мақсаттары үшін әкімшілік жауаптылық туындайды.";

10) 229-бапта:

тақырыптағы "сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "немесе сақтандыру туралы жасасылған шарттың өзге де талаптарын дұрыс орындамау" деген сөздер "не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Сақтандыру шартын орындау" деген сөздер "Сақтандыру төлемін жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 239-бапта:

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының," деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының," деген сөздер алып тасталсын;

12) 243, 244 және 251-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының (өкілдіктерінің) валюталық операцияларды мониторингтеу мақсаттары үшін есептерді ұсыну тәртібін бұзуы

1. Шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, Қазақстан Республикасының резиденттерімен және Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған операциялар туралы есепті ұсыну мерзімін бұзуы – ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, Қазақстан

Республикасының резиденттерімен және Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған операциялар туралы толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

244-бап. Валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот үшін есептік нөмірді алу және олар бойынша ақпаратты, құжаттар мен есептерді ұсыну тәртібін бұзу

1. Жеке тұлғаның, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір беруге өтініш жасау мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және (немесе) шарттарына әсер ететін міндеттемелердің және (немесе) мән-жайдың туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Жеке тұлғаның, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, оның негізінде және (немесе) оны орындау үшін капитал қозғалысының операциялары жүргізілетін, есептік нөмір берілген валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот бойынша есепті ұсыну мерзімін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Жеке тұлғаның, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген, өздерінің негізінде және (немесе) өздерін орындау үшін капитал қозғалысының операциялары жүргізілетін, есептік нөмір берілген валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот бойынша толық емес және (немесе) анық емес есепті ұсынуы – ескерту жасауға алып келеді.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

"251-бап. Ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау

Уәкілетті банктердегі банктік шоттарға ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын:

1) экспорттан түсетін ұлттық валютадағы және (немесе) шетел валютасындағы түсімдерді;

2) Қазақстан Республикасының резиденті импорт бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы бейрезидентінің пайдасына аударған, Қазақстан Республикасы бейрезидентінің міндеттемелерді орындамауына немесе толық орындамауына байланысты қайтарылуға жататын ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын есепке жатқызбау түрінде жасалған, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамауы –

есепке жатқызылмаған ұлттық валюта және (немесе) шетел валютасы сомасының жиырма пайызы мөлшерінде, бірақ екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе. Осы бапта көзделген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылық репатриациялау мерзімі өткеннен кейін есепке жатқызылмаған ұлттық валютаның және (немесе) шетел валютасының сомасы – өзінен мәні асып кеткенде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес репатриациялау талабының орындалуын бақылауға жататын шекті мәннен асатын жағдайларда және егер бұл әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, басталады.";

13) 252-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"252-бап. Валюталық операцияларды Қазақстан Республикасының валюта заңнамасын бұза отырып жүргізу

1. Қазақстан Республикасының резиденттері арасында тыйым салынған валюталық операцияларды жүргізу, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында осындай талап белгіленген кезде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын уәкілетті банктердегі банктік шоттар арқылы жүргізбеу, Қазақстан Республикасында шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату тәртібін бұзу –

ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жеке тұлғаларға – белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілген операция сомасының жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

14) 253-баптың 5) тармақшасындағы "Президенті" деген сөз "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 274-бап мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Салық салу объектісі болып табылатын кірістер мен мүлік туралы толық емес, анық емес декларацияны және мәліметтерді ұсынған тұлға бұзушылықты Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қосымша салықтық есептілік және (немесе) хабарлама бойынша қосымша салықтық есептілік ұсыну арқылы жойған жағдайда, осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа жатпайды.";

16) 463-бапқа ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы бап бойынша жауаптылық "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын, жүргізілген валюталық операциялар туралы хабарламаға және валюталық шарттарды есептік тіркеуге, сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын хабарламаларға қолданылмайды."

17) 724-баптың бірінші бөлігінде:

"228 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы және жиырмамыншы бөліктерінде)" деген сөздер "228 (бесінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші, он алтыншы, он жетінші және он тоғызыншы бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"252 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздер "252 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 806-баптың алтыншы бөлігінде:

"213 (төртінші және сегізінші бөліктерінде)" деген сөздер "213 (төртінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"227 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздер "227 (бірінші, екінші, үшінші және бесінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы)

1) 138-бапта:

59) тармақша "және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

60) және 60-1) тармақшалар алып тасталсын;

2) 139-бапта:

11) тармақша "және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

12) және 13) тармақшалар алып тасталсын.

6. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 155-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "сондай-ақ оның жазбаша нұсқамаларының" деген сөздер "оның жазбаша нұсқамаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) қолдану жөніндегі, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкті өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз

банктер санатына жатқызу туралы, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу және оған реттеу шараларын қолдану туралы, дау айтылып отырған құқықтық актісінің " деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 156-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жауапкерге тиесілі және оның өзіндегі немесе басқа да тұлғалардағы мүлікке тыйым салу (банктің корреспонденттік шотындағы ақшаға және сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттықтар әдісімен жасасқан репо операциялары бойынша нысана не клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттықтар әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасасқан мәмілелер бойынша қамтамасыз ету болып табылатын маржалық жарналар болып табылатын мүлікке, сондай-ақ жалақы сомалары түсетін банктік шоттарындағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда) болуы мүмкін.";

5) тармақшадағы "сондай-ақ оның жазбаша нұсқамаларын" деген сөздер "оның жазбаша нұсқамаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) қолдану жөніндегі, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкті өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызу туралы, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу және оған реттеу шараларын қолдану туралы құқықтық актісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 238-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінің сот шешімін орындауды кейінге қалтыру бөлігіндегі қағидасы жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарызы бойынша жылжымайтын мүлік кепіліне өндіріп алуды қолдану туралы шешімге қатысты қолданылмайды."

7. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-күжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 24-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның бірінші бөлігіндегі "екінші деңгейдегі банктің қайта ұйымдастырылуына байланысты" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы банктер

және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-1, 61-2, 61-11, 61-12-баптарында көзделген жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшаның екінші бөлігі "бас банк" деген сөздерден кейін "немесе сатып алушы-банк" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 229-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банктің міндеттемелерін " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-10-бабына сәйкес жүргізілетін мәжбүрлеп қайта құрылымдауға байланысты туындаған міндеттемелердің мөлшерін азайту міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске жатпайды.";

3) 644-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің 5) тармақшасында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) шет мемлекетте тіркелген тұлғаның мынадай:";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте уәкілетті орган бекіткен, жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесіне енгізілмеген мемлекеттерде тіркелген тұлғалардың кірістеріне қатысты осы тармақшаның ережелері 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап төленген аванстар (алдын ала төлем) бойынша қолданылады.";

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "5)," деген цифр алып тасталсын.

8. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 6, 11-құжат; № 9, 21-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде

жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-бапта:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда қарыздар береді;"

35) тармақша "шараларын," деген сөзден кейін "қадағалап ден қою шараларын," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

"35-1) қаржы ұйымдарына және (немесе) өзге де заңды тұлғаларға қатысты ерекше реттеу режимін енгізеді және олардың қызметін реттейді;"

2) 15-бапта:

екінші бөлікте:

18) тармақшадағы "Қазақстан Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы оператор ретінде әрекет ететін" деген сөздер "операторы Қазақстанның Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) тармақшадағы "жүргізілген", "төлемдер мен" деген сөздер тиісінше " жүргізілетін", "төлемдерді және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) және 45) тармақшалар алып тасталсын;

48) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"48) Қазақстанның Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды;"

51) тармақшадағы "ақша төлемдері мен" деген сөздер "төлемдер мен ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) тармақшадағы "қалдығы және", "үзінді-көшірмені" деген сөздер тиісінше " қалдығы мен", "үзінді көшірмені" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 57-1) және 59-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"57-1) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын;"

"59-1) Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын;"

60) және 61) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"60) Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын;

61) шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын;"

63) және 65) тармақшалардағы "арнайы қаржы компаниялары, ислам арнайы қаржы компаниялары,", "арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының," деген сөздер алып тасталсын;

68) тармақшадағы "компьютерлік жүйелердің" деген сөздер "аппараттық-бағдарламалық кешендердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 68-1) тармақшамен толықтырылсын:

"68-1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру қағидаларын;"

69) тармақшадағы "ақша төлемдері мен аударымдары" деген сөздер "төлемдер мен ақша аударымдары" деген сөздермен ауыстырылып, "және сұраныс пен ұсыныс көздеріне мониторингті жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 69-1) және 69-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"69-1) ерекше реттеу режимін енгізу және оның күшін жою, ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру қағидаларын;

69-2) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін құжаттарды іріктеу өлшемшарттарын және қарау тәртібін;"

мынадай мазмұндағы 86-2) және 86-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"86-2) қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын;

86-3) банктік салым шарттары бойынша құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын, оның қолданылу шарттарын;"

үшінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны (нысаны) өзгерген кезде олардың қатар айналыста болу кезеңін белгілейді;"

18) тармақшадағы "шараларын," деген сөздерден кейін "қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды беру туралы мәселені қарайды;"

мынадай мазмұндағы 21-1), 21-2) және 21-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-1) ерекше реттеу режимін енгізу туралы шешім қабылдайды;

21-2) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартты бекітеді;

21-3) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты қарайды және мақұлдайды;"

3) 20-5-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Қазақстанның Ұлттық Банкі бұрынғы жұмыскерлері мен Басқарма мүшелерін қоса алғанда, өз жұмыскерлерінің, Басқарма мүшелері мен өзі тартқан тұлғалардың Қазақстанның Ұлттық Банкіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру мақсатындағы, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшіліктері және тарату комиссиялары мүшелерінің міндеттерін атқаруы кезеңіндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдер қабылдауына байланысты оларға қарсы талап қоюлар берілген жағдайда, оларды құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.";

4) 27-баптың үшінші бөлігінде "мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың және Үкіметтің мемлекеттік қарызын олардың банк жүйесіндегі өтімділігіне ықпал етуін ескере отырып, өтеудің ай сайынғы көлемін және ақша-кредит саясатының басымдығын," деген сөздер алып тасталсын;

5) 30-баптың 1) тармақшасы "қарыздар" деген сөздің алдынан "тұрақты қолжетімді" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Тұрақты қолжетімді қарыздар

Қазақстанның Ұлттық Банкі тұрақты қолжетімді қарыздарды ақша-кредит саясатының қабылданған бағдарларына сәйкес, тек қана өтімділігі жоғары, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және өзге де тәуекелі төмен активтермен қамтамасыз ете отырып, күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге береді.";

7) 51-1-баптың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды береді;"

8) 51-2-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері деп бүкіл қаржы жүйесінің немесе оның бір бөлігінің қаржылық жай-күйінің нашарлауына алып келетін және (немесе) оның тұрақты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қаржылық көрсетілетін қызметтердің ұсынылуын бұзу тәуекелдері түсініледі. Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне жүйе құраушы қаржы ұйымдарының тәуекелдері де жатады.";

9) мынадай мазмұндағы 51-3-баппен толықтырылсын:

"51-3-бап. Соңғы сатыдағы қарыздар

1. Соңғы сатыдағы қарыздар деп өтімділіктің қысқа мерзімді тапшылығын бастан кешіріп отырған банктерге Қазақстанның Ұлттық Банкі беретін қарыздар түсініледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі соңғы сатыдағы қарыз беруші ретінде мынадай жағдайларда ғана әрекет етеді:

1) өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орныксыз банктер санатына немесе төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылмаған Қазақстан Республикасының резидент-банкі қарыз алушы болып табылады;

2) қарыз тізбесін және оларға белгіленетін дисконттарды Қазақстанның Ұлттық Банкі айқындайтын активтердің кепілімен беріледі.

Дисконтты есепке алғанда, кепілге берілетін активтердің құны қарыз бойынша сыйақыны есепке алғанда, оның мөлшерін толық көлемде жабуға тиіс.

3) қарыз ұлттық валютада беріледі;

4) қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген қосымша пайыздық сыйақы есепке алына отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен төмен емес деңгейде белгіленеді;

5) қарыз мерзімін үш реттен асырмай ұзарту мүмкіндігі беріле отырып, күнтізбелік он төрт күннен тоқсан күнге дейінгі мерзімге беріледі. Барлық ұзарту мерзімдерін есептегенде қарызды пайдаланудың жалпы мерзімі бір жылдан аса алмайды. Соңғы сатыдағы қарыздың мерзімін ұзарту осы бапта көрсетілген шарттарда жүзеге асырылады.

2. Қазақстанның Ұлттық Банкі жүйе құраушы инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарына соңғы сатыдағы қарыздарды беруге құқылы.

3. Банк соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелерді орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі кепілге салынған активтерді соттан тыс тәртіппен өткізуге құқылы.

Банк кепілге салынған активтерді Қазақстанның Ұлттық Банкіне немесе Қазақстанның Ұлттық Банк көрсеткен үшінші тұлғаға өткізуді жүзеге асыра алады.

Соңғы сатыдағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерге құқықты (талап етуді) басқаға беру:

1) банк акционерлерінің, борышкерлерінің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) келісуін талап етпейді. Бұл ретте жаңа кредитордың жеке басы борышкер үшін айтарлықтай маңызы жоқ деп танылады;

2) банк банктің борышкерлерімен, сондай-ақ өзге тұлғалармен (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) жасасқан шарттарға шарттың жаңа тарапын көрсету бөлігінде өзгерістер енгізуді талап етпейді.

4. Соңғы сатыдағы қарыздарды беру және өтеу, сондай-ақ соңғы сатыдағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерге өндіріп алуды қолдану тәртібін, шарттарын Қазақстанның Ұлттық Банкі айқындайды.";

10) мынадай мазмұндағы 8-2-тараумен толықтырылсын:

"8-2-тарау. Ерекше реттеу режимі

51-4-бап. Ерекше реттеу режимін енгізу мақсаттары және оның шеңберінде қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Ерекше реттеу режимі Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілейтін қаржы саласындағы қызметті, қаржы ресурстарын шоғырландыруға және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асырудың арнайы шарттарының жиынтығын білдіреді.

2. Ерекше реттеу режимі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге:

1) қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығындағы бәсекелестікті және қаржы нарығының инвестициялық тартымдылығын арттыруға;

2) қанағаттану дәрежесін арттыру және тұтынушылардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және мемлекеттің мүдделеріне сәйкес келу үшін жаңа көрсетілетін қызметтерді енгізуге және қаржы нарығын дамытуға;

3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын оңтайлы реттеу мен қадағалауды қалыптастыруға, қаржылық тұрақтылықты және тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Ерекше реттеу режимінің қағидаттары:

1) ерекше реттеу режимі шеңберінде қатысу шарттарының теңдігін қамтамасыз ету;

2) ерекше реттеу режимі қатысушыларының тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтауы болып табылады.

4. Ерекше реттеу режимі Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен енгізіледі, онда қаржы саласындағы қызметтің, қаржы ресурстарын шоғырландыруға және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметтің түрлері (көрсетілетін қызметтер, өнімдер), оларды ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асырудың арнайы шарттары, ерекше реттеу режимінің қатысушыларына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қолдану тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі енгізетін ерекше реттеу режимінің жалпы мерзімі бес жылдан аспайды.

5. Ерекше реттеу режимі енгізілген мерзім өткеннен кейін ол өз қолданысын тоқтатады.

6. Ерекше реттеу режимін енгізу және оның күшін жою, ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

51-5-бап. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру

1. Қаржы саласындағы қызметті, қаржы ресурстарын шоғырландыруға және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асыратын қаржы ұйымдары және (немесе) өзге де заңды тұлғалар ерекше реттеу режимінің қатысушылары (бұдан әрі – ерекше реттеу режимінің қатысушылары) бола алады.

2. Ерекше реттеу режимі қатысушысының қызметі Қазақстанның Ұлттық Банкімен жасалатын, ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше реттеу режимінің шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартты Қазақстанның Ұлттық Банкі бекітеді.

Үлгілік шартта ерекше реттеу режимінің қатысушысы көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыратыны туралы хабардар етуі міндетті болатын шарт қамтылуға тиіс.

3. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасауға арналған құжаттарды іріктеу өлшемшарттары және қарау тәртібі Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

4. Мәлімделген қызмет түрі – ерекше реттеу режимін енгізу мақсаттарына, ерекше реттеу режимінің қатысушыларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысына ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

5. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы:

1) ерекше реттеу режимі енгізілген мерзімнің өтуіне не оның күшінің жойылуына байланысты оның қолданысы тоқтатылған кезде;

2) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған кезде;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында немесе ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

6. Ерекше реттеу режимінің қатысушысы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сондай-ақ, егер ерекше реттеу режимінің қатысушысы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келуді тоқтатқан жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысын ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелердің орындалмағаны және бұзушылықтарды хабарлама берілген күннен бастап алпыс жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жою қажеттігі туралы хабардар етеді.

Ерекше реттеу режимінің қатысушысы анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әзірлейді және Қазақстанның Ұлттық Банкіне ұсынады.

Іс-шаралар жоспарында жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, ерекше реттеу режимінің қатысушысы оны іске асыруға кіріседі және іс-шараларды орындау туралы есепті Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерде Қазақстанның Ұлттық Банкіне ұсынады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, ерекше реттеу режимінің қатысушысы Қазақстан Ұлттық Банкінің ескертулерін жояды.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған және (немесе) ерекше реттеу режимінің қатысушысы көрсетілген ескертулерді жою бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысын ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзатыны туралы хабардар етеді.

7. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін қаржы ұйымы және (немесе) өзге де заңды тұлға ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға жататын немесе өзіне қатысты рұқсат беру тәртібі қолданылатын қызметті дереу тоқтатуға, сондай-ақ өзінің клиенттері алдындағы міндеттемелерін Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға міндетті.

8. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға жататын немесе өзіне қатысты рұқсат беру тәртібі қолданылатын қызметті жүзеге асыру заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.";

11) 52-баптағы "Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы" деген сөздер " Қазақстанның Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 52-1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қарыздар алуға құқығы бар ұйымдарға Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен осындай қарыздарды береді;"

13) 54-баптың бірінші бөлігінде:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қамтамасыз етілмеген қарыздар, сондай-ақ бір жылдан асатын мерзімге қарыздар беруге;"

бесінші абзацта:

"берілген кредиттерді ұзарту" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, берілген қарыздардың мерзімін ұзартуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"рұқсат беру" деген сөздер "рұқсат беруге құқығы жоқ" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы функциялары

Қазақстанның Ұлттық Банкі валюталық реттеу және валюталық бақылау органы ретінде:

1) Қазақстан Республикасындағы валюталық құндылықтардың айналысы тәртібін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатып алу және сату тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

3) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

4) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін айқындайды және оны жүзеге асыруға арналған лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды береді;

5) айырбастау пункттерін ашу және уәкілетті банктердің және (немесе) уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша қолма-қол шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу бағамдарының сату бағамдарынан ауытқу шектерін белгілеу тәртібін қоса алғанда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру тәртібін айқындайды;

6) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеу, жүргізілген валюталық операциялар туралы және Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетелдік банктердегі шоттары туралы хабардар ету және валюталық операцияларды мониторингтеу мақсаттары үшін ақпарат ұсыну тәртібін қоса алғанда, валюталық операцияларды мониторингтеу және валюталық операциялар мен Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетелдік банктердегі шоттары бойынша ақпарат ұсыну тәртібін айқындайды;

7) Қазақстан Республикасы резиденттерінің репатриациялау талабын орындауын қамтамасыз ету мақсатында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

8) арнайы валюталық режим шеңберінде валюталық операциялар жүргізуге арнайы рұқсаттар береді;

9) мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олармен келісу бойынша Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы резиденттерінің және Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің орындауы үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің тәртібі мен нысанын, сондай-ақ валюталық бақылау агенттерінің есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

10) банктер мен өзге де тұлғалардың Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайларда, Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасында көзделген санкцияларды қолданады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында өзге де функцияларды орындауға құқылы.";

15) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"61-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің бақылау және қадағалау жөніндегі өкілеттіктері

1. Қазақстанның Ұлттық Банкі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарына және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласындағы бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласындағы бақылау мен қадағалау Қазақстан Ұлттық Банкінің өз құзыреті шегінде тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, төлемдер және төлем жүйелері, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, Қазақстанның Даму Банкі, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық қызмет, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, акционерлік қоғамдар, инвестициялық қорлар туралы, мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруын, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды, Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін бұзушылықтарды анықтауын, қаржы ұйымдарының, банк конгломераттарының және (немесе) сақтандыру топтарының қызметіндегі кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді анықтауын көздейді.

2. Бақылау нәтижелері бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыру барысында тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды, қаржы ұйымдарының, банк конгломераттарының және (немесе) сақтандыру топтарының қызметіндегі кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді анықтаған жағдайда, әкімшілік іс жүргізуді қозғайды не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды, оның ішінде құқық шектеу шараларын қолданады.

Қадағалау нәтижелері бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өзінің қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды, қаржы ұйымдарының, банк конгломераттарының және (немесе) сақтандыру топтарының қызметіндегі кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді анықтаған жағдайда, әкімшілік іс жүргізуді қозғамастан, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды, оның ішінде құқық шектеу шараларын қолданады.

3. Қазақстанның Ұлттық Банкі бақылау мен қадағалауды осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес тексеру жүргізу нысандарында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.";

16) 62-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы ", қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы "және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын" деген сөздер "не қаржы ұйымының, банк конгломератының, сақтандыру тобының тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) олардың клиенттерінің мүдделеріне қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "мақсатында жүзеге асырылады." деген сөздер "мақсатында;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) банкті өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызған және (немесе) банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызған жағдайда, жүзеге асырылады.";

17) 62-2-баптың 4-тармағында:

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"бір рет қана" деген сөздерден кейін ", ал өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына не төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкке қатысты отыз жұмыс күнінен асатын мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 62-4-баптың 13-тармағындағы "шаралары мен" деген сөздер "шараларын, қадағалап ден қою шараларын және" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 62-5-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қаржы ұйымдарына, олардың ірі қатысушыларына, банк және сақтандыру холдингтеріне, банк конгломератына және сақтандыру тобына кіретін ұйымдарға, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға қатысты Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қашықтықтан қадағалау, оның ішінде шоғырландырылған негізде қадағалау;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерін Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау тұрғысында мониторингтеу;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына, төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банктің қаржылық және мүліктік жағдайын бағалау (талдау), оның ішінде бағалаушыларды, аудиторлық ұйымдарды және (немесе) басқа да тұлғаларды тарта отырып және (немесе) банкке бару арқылы бағалау (талдау);"

20) мынадай мазмұндағы 62-6-баппен толықтырылсын:

"62-6-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің уәжді пайымдауды пайдалану жөніндегі өкілеттіктері

1. Қазақстанның Ұлттық Банкі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, банк холдингтеріне, банктің ірі қатысушыларына, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру холдингтеріне, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру брокерлеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда), инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларына қатысты уәжді пайымдауды пайдалануға құқылы.

2. Уәжді пайымдау деп Қазақстан Ұлттық Банкінің алқалы органының негізделген кәсіби пікірі түсініледі, ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қадағалап ден қою шараларын қолдану үшін, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге жағдайларда шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдауды мынадай:

1) банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат, банктің ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін алуға келісім, банктің және (немесе) банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ұйымдар капиталдарына қомақты қатысуына рұқсат, банктің және (немесе) банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру

холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат, сондай-ақ банктің, банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беру (беруден бас тарту) кезінде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлерді тағайындау (сайлау) туралы хабарламасын қарау, банктік немесе өзге де операцияларды жүргізуге, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыруға, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру кезінде мінсіз іскерлік беделінің болуы не болмауы тұрғысынан іскерлік беделін бағалау, сондай-ақ орнықсыз қаржылық жағдайының болуы не болмауы тұрғысынан қаржылық жағдайын бағалау;

2) банкпен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп танылатын тұлғаларды айқындау, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті шарттар беру фактілерін анықтау, сондай-ақ банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған мәмілелерді жеңілдікті шарттары бар мәмілелерге жатқызу;

3) банктегі және банк конгломератындағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы және сақтандыру тобындағы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыдағы (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сапасын банктің, банк конгломератының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызмет сипатына, ауқымына және күрделілігіне, сондай-ақ олардың көлеміне сәйкес келетін тиімді ішкі саясаттар мен рәсімдердің болуы және іске асырылуы тұрғысынан бағалау;

4) банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) провизияларының (резервтерінің), сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий қалыптастырған сақтандыру резервтерінің барабарлығын бағалау, оның ішінде оларды қалыптастыру жөніндегі әдістемелердің банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының тәуекелдеріне сәйкес келуі, сондай-ақ оларды қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпараттың анықтығы тұрғысынан бағалау жағдайларында, пайдалануға құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Ұлттық Банкінің алқалы органының құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкі

құрылымдық бөлімшелерінің және ведомстволарының басшылары қатарынан бекітеді. Қазақстан Ұлттық Банкінің алқалы органының отырысын Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы орынбасарларының бірі жүргізеді.

Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдауды заңдылық, негізділік, объективтілік және біркелкі тәсіл қағидаттарын сақтай отырып пайдаланады.

Уәжді пайымдау Қазақстан Ұлттық Банкінің осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалардың қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы шеңберінде алынған ақпарат пен жеке және заңды тұлғалардан, халықаралық ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, оның ішінде шетелдік қадағалау органдары мен ұйымдарынан, өзге де қолжетімді көздерден алынған және уәжді пайымдауды қалыптастыру үшін елеулі болып табылатын ақпаратқа негізделеді.

Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдауды қалыптастыру кезінде осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалардың түсіндірмелері болған кезде оларды назарға алады.

Уәжді пайымдаудың жобасы осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаға жіберіледі. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлға бес жұмыс күні ішінде Қазақстанның Ұлттық Банкіне уәжді пайымдаудың жобасымен келісетіні не келіспейтіні туралы уәжді жауап ұсынуға тиіс. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаның белгіленген мерзімде уәжді жауап ұсынбауы уәжді пайымдаудың жобасымен келісу деп есептеледі.

Осы баптың 1-тармағында аталған тұлға уәжді пайымдаудың жобасымен келіспейтіні туралы уәжді жауапты ұсынған жағдайда, оны қарау нәтижелері бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдау жобасын Қазақстан Ұлттық Банкі алқалы органының қарауына шығару қажеттігін айқындайды.

4. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлға Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдау негізінде қолданған қадағалап ден қою шарасымен келіспеген жағдайда, қадағалап ден қою шарасы қолданылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз қарсылықтарын Қазақстанның Ұлттық Банкіне жазбаша түрде ұсынуға құқылы.

Қадағалап ден қою шарасын қолдануға қатысты қарсылықтар Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қатысатын кеңесте қаралады не Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының қарауына шығарылады. Егер уәжді пайымдау негізінде қолданылған қадағалап ден қою шарасы пруденциялық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің белгіленген мәндерден төмен төмендеуіне алып келуі мүмкін болған жағдайда, Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы алынған қарсылықтарды қарайды. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаның өкілдері қарсылықтарды қарауда қатысуға құқылы.

Қарсылықтар келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықтарды қарау мерзімі он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет ұзартылуы мүмкін.

Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаның қарсылықтарын қарау нәтижелері бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі қарсылықтармен негізді түрде келіспейтіні не Қазақстанның Ұлттық Банкі қолданған қадағалап ден қою шарасының күшін жою туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Уәжді пайымдау негізінде қолданылған қадағалап ден қою шарасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен соң не қарсылықтар ұсынылған жағдайда, осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаға ұсынылған қарсылықтармен негізді түрде келіспейтіні туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

Осы баптың 1-тармағында аталған тұлға уәжді пайымдау негізінде қолданылған қадағалап ден қою шарасына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

Қазақстанның Ұлттық Банкі уәжді пайымдау негізінде қабылданған, заңсыз деп танылған шешімдер үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

5. Қазақстанның Ұлттық Банкі құпиялылық жөніндегі талаптарды ескере келе, уәжді пайымдауды пайдалана отырып қадағалап ден қою шараларын қолданудың қорытылған практикасын жариялайды.

6. Уәжді пайымдауды қалыптастыру және пайдалану тәртібі Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

9. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137

-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 12-2) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-2) мерзімсіз қаржы құралы – банктің осы Заңның 16-2-бабында көзделген шарттарға сәйкес келетін, шығарылған облигациялар немесе алынған қарыз бойынша қамтамасыз етілмеген міндеттемесі";

"13-1) төлемге қабілетсіз банк – уәкілетті органның шешімімен осы Заңға сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк";

2) 5-1-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті органнан және банктерден күмәнді және үмітсіз активтерді, өзге де талап ету құқықтары мен активтерді сатып алуға, оларды басқаруға, оның ішінде сенімгерлік басқаруға беру арқылы басқаруға, оларды иеленуге және (немесе) өткізуге құқылы.

Құқықтар (талап ету) уәкілетті органнан екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымға өткен жағдайда, мұндай өтуге қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілдің және өзге де тұлғалардың келісуі талап етілмейді";

3) 7-баптың 3-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

4) 8-бапта:

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Акцияларды немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін өткізу мерзімі мынадай:

банк кепіл ретінде қабылдаған осы ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін банктің осы Заңның 11-2-бабында айқындалған шарттармен құрылған (сатып алынған) еншілес ұйымына беру;

осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың кепіл ретінде қабылданған акцияларының немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерінің банк меншігіне өту жағдайларын қоспағанда, он екі айдан аспауға тиіс.";

9-тармақ 13) тармақшадағы "жалға берумен айналысуға құқылы." деген сөздер "жалға берумен;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) қарыз алушының ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты

өндіріп алуды қолдану не ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша кепіл ретінде болған тұрғынжай түрінде бас тарту төлемін қарыз алушының беруі нәтижесінде банктің меншігіне өткен тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға беру) шарты негізінде жалға берумен айналысуға құқылы.

Көрсетілген қызмет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты өндіріп алуды қолдану не ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша кепіл ретінде болған тұрғынжай түрінде бас тарту төлемін қарыз алушының беруі нәтижесінде тұрғынжайы банктің меншігіне өткен жеке тұлғалар ғана осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген тұрғынжайды жалға алушылар ретінде бола алады.";

5) 11-1-бапта:

4-тармақтың 12) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақта:

б) тармақшадағы "бар екенін растайтын табыс етілген құжаттардың" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш берілген күнге және құжаттарды қарау кезеңінде банкте және (немесе) банк холдингінде және (немесе) сатып алынуы болжанып отырған еншілес ұйымда қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалардың болуы;"

10-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды" деген сөздер "осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың бесінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды" деген сөздер "осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың 3) тармақшасындағы "егер осы Заңға сәйкес өзіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банк қайта ұйымдастырылатын банктердің біреуі болып табылса," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Егер банктің еншілес ұйымды немесе ұйымның капиталына қомақты қатысуды сатып алуы банктің осы Заңның 8-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың кепіл ретінде қабылдаған акцияларын немесе жарғылық капиталдарына

қатысу үлестерін өз меншігіне айналдыруы нәтижесінде орын алған жағдайда, уәкілетті орган банкке қадағалап ден қою шараларын қолдану шеңберінде белгілеген мерзімде, банк уәкілетті органның еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға немесе ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатын алуға міндетті.";

6) 11-2-бапта:

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

5-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "1)," деген цифр алып тасталсын;

7) 16-бапта:

1-тармақтағы "сату" деген сөз "орналастыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен және 3) тармақшадағы "төлеген жағдайларда банктерге қолданылмайды." деген сөздер "төлеген ;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) осы Заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөнінде шаралар қолданылған жағдайда, банктің бағалы қағаздары мен өзге де ақшалай міндеттемелерін банктің жай акцияларына айырбастаған;"

"4) осы Заңның 17-2-бабында көзделген жағдайда банктің акцияларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен төлеген жағдайларда, банктерге қолданылмайды.";

3-тармақ "шеңберінде" деген сөзден кейін "және (немесе) осы Заңның 61-10-бабында көзделген тәртіппен төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөнінде шаралар қолдану шеңберінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тіркелгеннен кейін және банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш берілгенге дейін жаңадан құрылған банктің құрылтайшылары немесе акционерлері оның жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін толық төлеуге тиіс.";

6-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

8) 16-1-бапта:

2) тармақшада:

"өтеу" деген сөз "мерзімінен бұрын өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"туындаған кезінен бастап бес жылдан ерте" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банк таратылған кезде, қамтамасыз етілмеген міндеттеме осы Заңның 74-2-бабында айқындалған оныншы кезекте қанағаттандырылады.";

9) мынадай мазмұндағы 16-2 және 16-3-баптармен толықтырылсын:

"16-2-бап. Мерзімсіз қаржы құралдары

Бір мезгілде мынадай шарттардың болуы қамтамасыз етілмеген міндеттемені мерзімсіз қаржы құралдарына жатқызу шарттары болып табылады:

1) қамтамасыз етілмеген міндеттеме шығарылған не алынған мерзім кемінде елу жылды құрайды;

2) кредиторлар қамтамасыз етілмеген міндеттемені мерзімінен бұрын өтеу не орындау туралы талапты қоя алмайды;

3) қамтамасыз етілмеген міндеттеме банктің бастамасы бойынша, егер бұл пруденциялық нормативтердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мәндерден төмен түсуіне алып келмеген жағдайда, мерзімінен бұрын өтелуі не орындалуы мүмкін;

4) банк таратылған кезде, қамтамасыз етілмеген міндеттеме субординарлық борыш бойынша талаптардан кейін, осы Заңның 74-2-бабында айқындалған оныншы кезекте қанағаттандырылады.

16-3-бап. Банктің шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру, сондай-ақ банк шығарған эмиссиялық бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының бағалы қағаздарының тізіміне енгізу ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының резидент-банкі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабының 1-тармағында белгіленген шарттар сақталған кезде шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды уәкілетті органның тиісті рұқсаты бар болғанда ғана жүзеге асыруға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының резидент-банкі шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығарған және (немесе) орналастырған кезде не шығару шарттарында Қазақстан Республикасы резидент-банкінің кепілдігін беру көзделген борыштық бағалы қағаздар шет мемлекеттің аумағында шығарылған және (немесе) орналастырылған кезде, уәкілетті органның рұқсаты "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабының 1-тармағында көрсетілген шарттардан бөлек, қосымша мынадай шарттар сақталған кезде беріледі:

1) борыштық бағалы қағаздарды шығару шарттарында уәкілетті орган осы Заңда көзделген тәртіппен төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөнінде шаралар қолданған жағдайда, борыштық бағалы қағаздардың мәжбүрлеп қайта құрылымдалуы мүмкін екендігі туралы ереже қамтылады;

2) борыштық бағалы қағаздарды шығару шарттарында төлемге қабілетсіз банкке осы Заңда көзделген оны реттеу жөнінде шаралар қолданылған жағдайда, борыштық бағалы қағаздарды ұстаушылардың өздерінің алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқығы болмайтыны туралы ереже қамтылады.

3. Қазақстан Республикасының резидент-банкі шығарған не шығару шарттарында Қазақстан Республикасының резидент-банкінің кепілдігін беру көзделген эмиссиялық

бағалы қағаздар уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған кезде және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабының 2-тармағында белгіленген шарттар сақталған кезде, шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасында саудаға түсетін бағалы қағаздар тізіміне енгізілуі және (немесе) онда болуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының төлемге қабілетсіз резидент-банкiнiң мiндеттемелерiн осы Заңда көзделген тәртіппен мәжбүрлеп қайта құрылымдаған жағдайда, осы баптың 1, 2, 3 және 6-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының резидент-банкiне және (немесе) ұйым шығару шарттарында Қазақстан Республикасы резидент-банкiнiң кепiлдiгiн беру көзделген эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарған және (немесе) орналастырған кезде оған қолданылмайды.

5. Қазақстан Республикасының резидент-банкi не эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару шарттарында Қазақстан Республикасы резидент-банкiнiң кепiлдiгiн беру көзделген ұйым шет мемлекеттiң аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған күннен бастап күнтiзбелiк он бес күн iшiнде уәкiлеттi органға "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 5) тармақшасының үшiншi абзацында көзделген шарттардың орындалуын растайтын, уәкiлеттi органның нормативтiк құқықтық актiсiнде белгiленген нысан бойынша ақпарат бередi.

6. Осы баптың 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларының талаптары Қазақстан Республикасының резидент-банктерiнiң "Астана" халықаралық қаржылық орталығының аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру жағдайларына қолданылады.";

10) 17-бапта:

2-тармақтың екiншi бөлiгiндегi "консервациялау режимiндегi банктiң" деген сөздер "банктiң осы Заңның 61-12-бабында көзделген," деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

1) тармақшадағы "органмен келiсiм" деген сөздер "органның ұсынысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкiметiмен келiсiм бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы төртiншi бөлiкпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін осы Заңның 61-10-бабына сәйкес мәжбүрлеп қайта құрылымдау жағдайларына қолданылмайды.";

11) 17-1-бапта:

5-тармақтың 1) тармақшасында:

бiрiншi абзацтағы "жоғары" деген сөз "тиiстi" деген сөзбен ауыстырылсын;

екiншi бөлiктегi "61-4-бабында" деген сөздер "61-4 және 61-11-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы баптың 4-тармағы 3) тармақшасының және 5-тармағы 3) тармақшасының өтініш берушінің құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін беруі бөлігіндегі талаптары мынадай шарттардың біреуі орындалған кезде:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасында тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А-дан төмен емес кредиттік рейтингі болса;

2) өтініш беруші тұрған елдің қадағалау органының интернет-ресурсында өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар (қатысу үлесі, жарғылық қызмет түрлері) және өтініш берушінің ірі қатысушылары жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ өтініш берушінің қаржылық жағдайы туралы ақпарат болса, Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасына қолданылмайды.";

9-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін жоймау;"

он үшінші абзацтағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші абзацтағы "болмауы негіз болып табылады." деген сөздер "болмауы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он алтыншы, он жетінші және он сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"өтініш беруші – қаржы ұйымы өзі тұрған елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – банк конгломератының қатысушылары орналасқан елдердің заңнамалары олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермеуіне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін болмауы;

банк ашуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздердің болуы негіз болып табылады."

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер банк холдингі мәртебесін алғысы келетін тұлға еншілес қаржы ұйымын құратын немесе сатып алатын не қаржы ұйымының капиталына қомақты қатысуды сатып алатын жағдайда, уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарау кезінде осы Заңның 11-1-бабының 6-тармағында көзделген бас тарту негіздерін ескереді. Еншілес ұйым құруға (сатып алуға), ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартуға негіздері болған кезде, уәкілетті орган банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім беруден бас тартады.";

10-тармақта:

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"өтініш беруші мүлкінің құны (өтініш берушінің міндеттемелерін шегере отырып) банктің акцияларын сатып алу үшін жеткіліксіз болса;"

сегізінші абзац "банкке" деген сөздің алдынан "өтініш берушінің орнықсыз қаржылық жағдайының бар екенін және (немесе)" деген сөздермен толықтырылып, "- заңды тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

11-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ" деген сөздер "осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын, оның ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақта:

бірінші бөлік "өзгерту туралы" деген сөздерден кейін ", мұндай өзгеріс банктің немесе банк холдингінің меншікті акцияларды өзге акционерлерден сатып алуы салдарларынан болған жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "уәкілетті орган банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің өтініші бойынша не көрсетілген фактіні өз бетінше анықтаған жағдайда оны анықтаған күннен бастап екі ай ішінде банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды" деген сөздер "уәкілетті органның бұрын берілген жазбаша келісімінің күші банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің өтініші бойынша уәкілетті орган көрсетілген өтінішті алған күннен бастап жойылды деп саналады" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақ алып тасталсын;

12) 17-2-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі "жағдайда" деген сөзден кейін "уәкілетті органның ұсынысы бойынша" деген сөздермен толықтырылып, "Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг орналастырылған акциялардың жалпы санының кемінде он пайызы мөлшерінде сатып алатыны туралы шешім қабылдауға құқылы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің не ұлттық басқарушы холдингтің орналастырылған акциялардың жалпы санының он пайызынан кем емес мөлшерде сатып алу мүмкіндігін қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Үкіметінің не ұлттық басқарушы холдингтің банктің жарияланған акцияларын орналастырылған акциялардың жалпы санының он пайызынан кем емес мөлшерде сатып алу мүмкіндігі туралы ұсынысы қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі банктің акцияларын сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

13) 19-бапта:

3-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) құрылтайшылар – жеке және заңды тұлғалар (уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша) туралы мәліметтер, оның ішінде құрылтайшының – заңды тұлғаның аяқталған соңғы екі қаржы жылы ішіндегі (бар болса, шоғырландырылған есепті қоса алғанда) аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілігі;"

б-1) тармақшадағы "егер тұлға банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі болатын болса, онда" деген сөздер "өтініш берушінің банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін алуы қажет болған жағдайда," деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші абзацындағы "құрылтайшылар" деген сөз "акционерлер" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 20-бапта:

3-тармақтың 4) тармақшасының бірінші және екінші бөліктеріндегі "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

"(сайланған)" деген сөз "(сайланған, тиісті функциялар берілген)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өз қызметін", "атқаруға" деген сөздер тиісінше "не заңды тұлға банк холдингі мәртебесін алған кезде банктің акциялары сатып алынған күннен бастап тиісті функцияларды", "жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Банктің" деген сөз "Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшартын қоса алғанда, банктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақшаның бірінші абзацындағы "оған қатысты санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын қолданған және (немесе) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті органның тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуына немесе осы баптың 6-тармағында көзделген мерзімде құжаттардың келісу үшін уәкілетті органға ұсынылмауына байланысты банктің басшы қызметкерімен еңбек шарты бұзылған немесе оның өкілеттігі тоқтатылған немесе осы банктегі басқа лауазымға ауыстырылған жағдайда, осы адам өзін банктің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тарту алған не өзімен еңбек

шарты бұзылған немесе өкілеттіктері тоқтатылған немесе өзге лауазымға ауыстырылған соң күнтізбелік тоқсан күннен кейін, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес, қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

Банк уәкілетті органды банктің тиісті органы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, басшы қызметкерлердің тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттігін тоқтатуды қоса алғанда, басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін басшы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда, банк уәкілетті органды осы ақпарат банкке белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

11-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті органның осы Заңның 46-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген қадағалап ден қою шарасын қолдануы;"

4) тармақша алып тасталсын;

12-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атқарушы органының басшысына осы Заңның 46-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген қадағалап ден қою шарасын қолданған жағдайда, осы ұйым осы адаммен еңбек шартын бұзуға не атқарушы орган басшысының өкілеттіктерін тоқтату бойынша шаралар қабылдауға міндетті.";

15) 24-баптың 1-тармағы г-1) тармақшасының үшінші абзацындағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 26-бапта:

тақырып "операцияларын" деген сөзден кейін "және өзге де операцияларды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етуге;"

9-тармақтағы "уәкілетті органның ресми баспасөз басылымдарында жарияланады," деген сөздер алып тасталсын;

17) 27-бапта:

тақырыптағы "операциясын" деген сөз "операцияларын немесе өзге де операцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац "операциясын" деген сөзден кейін "немесе өзге де операцияны" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 29-бапта:

6-тармақта:

"толықтырулар" деген сөзден кейін "енгізу" деген сөзбен толықтырылсын;

"осы Заңның 47-бабы 2-тармағының б), в), г), д), е) және з) тармақшаларында көзделген санкцияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының үшінші, алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабының бірінші бөлігінде, 239-бабының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану түріндегі санкцияларды" деген сөздер "осы Заңның 47-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген санкцияны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақта:

бірінші бөлік "7," деген цифрдан кейін "8-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

"8-1," деген цифрлар алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шектеулі ықпал ету шараларын және (немесе) санкцияларды" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтағы "61-4-бабында" деген сөздер "61-4 және 61-11-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 30-бапта:

6-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген банк операциясына арналған лицензия банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға:

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде – өз қызметін тек қана айырбастау пункттерін ашу жолымен жүзеге асыратын ұйымдарға;

қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде – өзге ұйымдарға беріледі.";

6-1-тармақтың бірінші бөлігі "қор биржасы," деген сөздерден кейін "орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйым," деген сөздермен толықтырылсын;

20) 31-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

21) 34-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігіндегі "жадынамаға банктік қарыз шартының әрбір тарапы қол қояды және" деген сөздер "жадынама" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-1-тармақ "овердрафт кредитіне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өзінің шеңберінде қарыз алу үшін шарт (шарттар) жасасу немесе қарыз алушының қарыз беру туралы өтініш (өтініштер) беруі қажет кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге" деген сөздермен толықтырылсын;

3-1-тармақ алып тасталсын;

7-1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;"

екінші бөлік мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;"

22) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын:

"34-1-бап. Жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз беру ерекшеліктері

1. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғамен кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шартын жасағанға дейін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ішкі қағидаларына сәйкес қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін (төлем қабілеттілігін) жан-жақты, толық және сапалы бағалауды (бұдан әрі – қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін тиісінше бағалау) жүзеге асыруға міндетті.

Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның:

1) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қалауы бойынша мынадай құжаттардың бірімен:

жеке зейнетақы шотынан берілетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының соңғы алты айдағы үзінді-көшірмесімен;

жұмыс орнынан берілген соңғы алты айдағы кірістері туралы анықтамамен;

қарыз алушының – жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша соңғы салық кезеңіндегі салық декларациясымен;

банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ішкі құжаттарына және рәсімдеріне сәйкес жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін

орындау мүмкіндігінің бар екенін көрсететін өзге де құжаттармен расталған, жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің болуын;

2) қарыз алушының соңғы алты айдағы кредиттік тарихының бар екенін не жоқ екенін;

3) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің бар екенін не жоқ екенін;

4) үшінші тұлғалар алдында кредиттік есепте көрсетілген берешектің бар екенін не жоқ екенін айқындау жөніндегі іс-шаралары осы баптың мақсаттары үшін қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін тиісінше бағалау болып танылады.

Қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін қарыз алушы жөніндегі мәліметтермен жиынтықта тиісінше бағалау жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша қарызды қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы үшін ынтымақты жауапты ретінде әрекет ететін жеке тұлға (қоса қарыз алушы) жөніндегі мәліметтерді ескереді.

Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы тармақта көзделген қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін тиісінше бағалауды жүзеге асыруы үшін қарыз алушының (қоса қарыз алушының) анық емес ақпарат ұсынғаны үшін банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жауапты болмайды.

2. Жеке тұлға өтініш жасаған күннің алдындағы қатарынан алты ай ішінде шетел валютасында кірісі болмаған жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарды шетел валютасында беруге тыйым салынады.

3. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарттары бойынша ипотекалық қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік шотты жүргізгені үшін, сондай-ақ банктік шотқа қарызды есепке жатқызғаны үшін комиссия белгілеуге және алуға құқылы емес.

4. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы шартының талаптарын өзгерту немесе ипотекалық тұрғын үй қарызы шартын өтеу мақсатында жаңа қарыз беру кезінде мерзімі өткен сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) негізгі борыш сомасына капиталдандыруға (жинақтауға) жол берілмейді.

5. Жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы ипотекалық тұрғын үй қарызының нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ипотекалық тұрғын үй қарызы шартында белгіленген тәртіппен жеке тұлғаның ипотекалық тұрғын үй қарызының нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы нысаналы пайдаланылмаған кезде қарыз алушы банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ипотекалық тұрғын үй қарызын мерзімінен бұрын қайтаруға және ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалану бөлігінде ипотекалық тұрғын үй қарызының нысанасы пайдаланылған бүкіл кезең үшін ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша есепке жазылған сыйақы төлеуге міндетті.

6. Қарыз алушының жеке басына байланысты өзгерістер болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарыз алушы банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осындай барлық өзгерістер туралы ақпарат береді.

Қарыз алушының жеке басына байланысты өзгерістерге оның тұрғылықты жерінің өзгеруі, тегінің, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) ауысуы, жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыруы, қарыз алушымен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратының және байланыс тәсілінің өзгеруі жатады.

Егер қарыз алушы ақпараттың тиісті түрде жіберілгенін дәлелдесе, банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қарыз алушыдан оның жеке басына байланысты барлық өзгерістер туралы ақпарат алмағаны туралы мәлідемесі қарыз алушының тарапынан осы баптың талаптарын бұзу болып табылмайды.

7. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алу болған жағдайда, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушыны жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

1) міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындағаны және мерзімі өткен берешек мөлшерін көрсете отырып, ипотекалық қарыз шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттігі;

2) объективті себептер болған кезде, ипотекалық қарыз шартының талаптарын өзгерту арқылы берешекті реттеу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шартының талаптарын өзгерту мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектеліп қалмайды:

1) ипотекалық қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;

2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

3) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;

4) ипотекалық қарыз шартының қолданыс мерзімін өзгерту;

5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою.

8. Қарыз алушы хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қабылданған шешім туралы ипотекалық қарыз шартында көзделген тәсілмен ақпарат береді.

9. Жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы берешегінің ұлғаюын болғызбау мақсатында банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күн өткен соң есепке жазылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды), сондай-ақ қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге құқылы емес.

10. Егер қарыз алушы жүргізген төлем сомасы жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, ол қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) сыйақы бойынша берешек;
 - 2) ипотекалық қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;
 - 3) осы Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
 - 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есепке жазылған сыйақы;
 - 5) ипотекалық қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
 - 6) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның орындауды алу бойынша шығасылары;
 - 7) негізгі борыш бойынша берешек;
 - 8) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы.";
- 23) 35-баптың 5-тармағындағы "сот тәртібінен тыс сауда-саттық (аукцион) өткізу арқылы мәжбүрлі түрде сот тәртібінен тыс" деген сөздер "сауда-саттық (аукцион) өткізу арқылы соттан тыс тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 24) 36-бапта:
- 2-тармақтың бірінші абзацындағы "көрсетілген хабарламадан" деген сөздер "және осы Заңның 34-1-бабының 7-тармағында көрсетілген хабарламалардан" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2-1-тармақта:

бірінші абзац "осы баптың 1-1-тармағында" деген сөздерден кейін "және осы Заңның 34-1-бабының 8-тармағында" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "3 және 4-тармақтарында" деген сөздер "4-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

25) 36-1-бапта:

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларға" деген сөздер "соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында банктің құқықты (талап етуді) уәкілетті органға беру жағдайларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары құқықтарды (талап етулерді) беру бойынша банк пен уәкілетті органның арасында туындайтын қатынастарға қолданылмайды.";

26) 39-баптың 7-тармағының екінші бөлігіндегі "шектеулі ықпал ету шараларын және (немесе) санкцияларды" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салу

1. Банктердің банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруіне тыйым салынады.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден аспайтын мөлшердегі қарыздарды, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары болып табылатын тұлғаларға берілетін қарыздарды қоспағанда, банктердің банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға қамтамасыз етілмеген қарыздарды (бланктік қарыздарды) беруіне тыйым салынады.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден аспайтын мөлшерде берілетін банктік қарыздарды және осы Заңның 52-5-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген, қаржыландыруды қоспағанда, банктердің осы банктердің директорлар кеңесінің мүшелеріне және ірі қатысушыларына қарыздар беруіне тыйым салынады.

2. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға жеңілдікті жағдайлар беру мәні, мақсаты, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша банк өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес тұлғамен жасамайтын мәмілені банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен немесе оның мүддесінде жасауды білдіреді, атап айтқанда:

1) банк операциясын орындағаны үшін үшінші тұлғаларға ұсынылатын шарттарға қарағанда төмен сыйақы және төлем алу;

2) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғадан банк тартқан депозиттер мен өзге де қаражат бойынша үшінші тұлғаларға ұсынылатын шарттарға қарағанда жоғары сыйақы төлеу;

3) кепілдерді, кепілдіктерді, кепілгерліктерді немесе міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін үшінші тұлғалармен жасалатын ұқсас операциялар бойынша талап етілетіннен төмен мөлшерде қабылдау;

4) сыйақы алу, негізгі борышты және (немесе) банк операциялары үшін өзге де төлемдерді өтеу бойынша үшінші тұлғалармен жасалатын ұқсас операцияларға қарағанда мерзімін көбірек етіп кейінге қалдыруды ұсыну;

5) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға сатып алынатын мүлікке және (немесе) көрсетілетін қызметтерге құны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын мәміле немесе мәмілелер жиынтығы бойынша үшінші тұлғаларға осыған ұқсас сатып алынатын мүлік және (немесе) көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге қарағанда жоғары бағамен ақы төлеу;

6) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға мүлікті осыған осыған ұқсас мүлікті үшінші тұлғаларға сатқаннан төмен немесе нарықтық құнынан төмен құн бойынша сату;

7) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға бағалы қағаздарды осыған ұқсас бағалы қағаздарды үшінші тұлғаларға сатқаннан төмен немесе нарықтық құнынан төмен құны бойынша сату;

8) уәжді пайымдауды пайдалану жолымен бұрын уәкілетті орган жеңілдікті жағдайлары бар мәмілелерге жатқызған мәмілелерді жасау.

Мәмілелерді жеңілдікті жағдайлары бар мәмілелерге жатқызудың қосымша өлшемшарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп мыналар танылады :

1) осы банктің лауазымды адамы немесе басшы қызметкері, өкілеттіктеріне активтерді иеліктен шығару, кепіл нысанасын өзгерту және кепілді тоқтату (борышкердің банк алдында кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерін өтеу немесе банктің кепілді өндіріп алу жағдайларын қоспағанда) туралы шешімдер, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленгеннен жоғары мөлшерлерде банктік қарыздарды және банк кепілдіктерін беру туралы шешімдер қабылдау кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің және тиісті органының басшылары және тұрақты мүшелері, сондай-ақ олардың жұбайлары (зайыптары) және жақын туыстары;

2) осы банктің ірі қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға не банктің ірі қатысушысының лауазымды адамы, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалар орналастырылған акциялардың (артықшылықты және сатып алынған акцияларды қоспағанда) немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан көп пайызын иеленетін не лауазымды адамдары болып табылатын заңды тұлға;

4) банктің үлестес тұлғалары;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланыстылық белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлға.

Уәкілетті орган уәжді пайымдауды пайдалану жолымен жеке немесе заңды тұлғаны банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жатқызуға құқылы. Бұл жағдайда банк уәкілетті органның қадағалап ден қоюдың тиісті шарасын алған күннен бастап банк осы жеке немесе заңды тұлғаны онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға деп таниды.

Тәуелсіз директор, банктің акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы осындай ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ банктің тәуелсіз директор болып табылатын лауазымды адамы басқару органдарында тәуелсіз директор болып табылатын заңды тұлғалар, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйым және акционері уәкілетті орган болып табылатын сауда-саттықты ұйымдастырушы, егер банктің лауазымды адамы осы ұйымдарда лауазымды адам болып табылған жағдайда, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған өзге де тұлғалар осы баптың мақсаттары үшін банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп танылмайды.

4. Банк қандай да бір тұлғамен құны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын және:

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға алдындағы міндеттемелерге ақы төлеуге;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғадан қандай да бір мүлікті сатып алуға;

банктің меншігіндегі бағалы қағаздарды қоспағанда, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға эмиссиялаған бағалы қағаздарды сатып алуға алып келетін мәмілені жасаса алмайды.

5. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле, банктің директорлар кеңесі осындай мәмілелердің үлгілік шарттарын бекіткен және үшінші тұлғалармен жасалған ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, банктің директорлар кеңесінің шешімімен ғана жасалуы мүмкін.

Банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымдарын қоспағанда, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға (тұлғаларда) берілген (орналастырылған) активтерге қатысты талап ету құқықтарынан бас тарту акционерлердің жалпы жиналысын кейіннен хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

Осы баптың 3-тармағында аталған тұлға банк пен:

оның өзі;

кез келген жақын туысы немесе өзінің жұбайы (зайыбы);

өзі немесе жақын туыстарының бірі, жұбайы (зайыбы) лауазымды адамы (тәуелсіз директорды қоспағанда) немесе ірі қатысушысы болып табылатын кез келген заңды тұлға арасындағы кез келген мәміле бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға қатыспауға тиіс.

Банк және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға арасындағы кез келген мәміле бойынша директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесі оның барлық шарттарын қарағаннан кейін ғана қабылдануы мүмкін.

6. Банк банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар туралы, сондай-ақ осы тұлғалармен жасалған барлық мәмілелер туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

7. Осы баптың талаптары банк холдингтеріне және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Банк конгломератымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

8. Осы баптың 1, 2 және 4-тармақтарының талаптары осы Заңның 11-2-бабында айқындалған шарттарда құрылған (сатып алынған) еншілес ұйым бас банкпен немесе банк конгломератының құрамына кіретін еншілес ұйыммен жасайтын мәмілелерге қолданылмайды.

Осы баптың 4-тармағының талаптары банктің осы Заңның 11-2-бабында айқындалған шарттарда құрылған (сатып алынған) еншілес ұйымынан және (немесе) еншілес банктің еншілес ұйымынан мүлікті сатып алуға алып келетін, банктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелеріне де қолданылмайды.

9. Осы баптың талаптары мынадай шарттардың бірі орындалған кезде:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингі, банк холдингінің белгілері бар тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілген Қазақстан Республикасының бейрезидент-тұлғаларының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болса;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең

төмен рейтингі болса, банк холдингі, банк холдингінің белгілері бар тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қолданылмайды. Ең төмен рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

28) 40-2-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бұрын уәкілетті органның банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының басқарушы жұмыскері болып табылған адам ұсынылмайды. Бұл талап уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жыл бойы қолданылады.";

29) 40-5-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті орган тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.";

30) 41-баптың бірінші бөлігінде:

бесінші абзац алып тасталсын;

алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"қадағалап ден қою шараларын қолдану;

санкциялар салу арқылы реттеуді жүзеге асырады.";

31) 42-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде, уәкілетті орган банк холдингіне, банктің ірі қатысушысына осы Заңның 47-1-бабында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

32) 43-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті орган банк құрған провизиялардың (резервтердің) жеткіліктілігін бағалауды, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып бағалауды халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігі, олардың сақталуы және қолданылуы тұрғысынан жүзеге асырады.";

33) 44-бапта:

тақырып "Банктердің," деген сөзден кейін "банктердің ірі қатысушыларының," деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөлік "Банктердің," деген сөзден кейін "банктердің ірі қатысушыларының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "орган банктердің" деген сөздерден кейін "және (немесе) банк конгломераттарына қатысушылардың (банк холдингтерін қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Банктер," деген сөзден кейін "банктердің ірі қатысушылары," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "банктердің," деген сөзден кейін "банктердің ірі қатысушыларының," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "банктердің," деген сөзден кейін "банктердің ірі қатысушыларының," деген сөздермен толықтырылсын.";

5-тармақта:

екінші абзацтағы "банк холдингі, банк холдингі" деген сөздер "банктің ірі қатысушысы – заңды тұлға, банк холдингі, банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "банк холдингі" деген сөздер "банктің ірі қатысушысы – заңды тұлға, банк холдингі, банктің ірі қатысушысының немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 45-бапта:

3-тармақта:

екінші бөліктегі "лауазымды адамдарды" деген сөздер "басшы қызметкерлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде, уәкілетті орган банкке және (немесе) оның ірі қатысушыларына (банк холдингтеріне) осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.";

4-тармақта:

екінші бөліктегі "лауазымды адамдарды" деген сөздер "басшы қызметкерлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде, уәкілетті орган банк холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.";

5-тармақтағы "акционерлеріне (ірі қатысушыларына) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықпал етудің шектеулі шаралары және (немесе) санкциялар, сондай-ақ мәжбүрлеу шаралары қолданылады" деген сөздер "ірі қатысушыларына осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шаралары қолданылады" деген сөздермен ауыстырылсын.";

6-тармақтағы "Ертерек ден қою шараларын қолдану" деген сөздер "Ерте ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын мақұлдау" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) мынадай мазмұндағы 45-1 және 45-2-баптармен толықтырылсын:

"45-1-бап. Қадағалап ден қою шаралары

1. Банк депозиторларының, кредиторларының, клиенттерінің және корреспонденттерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың заңды мүдделерін қорғау, банктің және (немесе) банк конгломератының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына және банк қызметіне байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, олардың басшы қызметкерлеріне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына, банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қою шараларын қолдануға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

2) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың қызметінде уәкілетті орган бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру шеңберінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықтаған, банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) олардың депозиторларының және (немесе) кредиторларының және (немесе) клиенттерінің мүдделеріне және (немесе) банк жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер;

3) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк холдингінің басшы қызметкерлерінің олардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) олардың депозиторларының, кредиторларының, клиенттері мен корреспонденттерінің мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтау;

4) басшы қызметкердің (басшы қызметкерлердің) әрекеттерін (әрекетсіздігі) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмейді және (немесе) банкке және (немесе) оның депозиторларына, кредиторларына және клиенттеріне залал келтіргені туралы куәландырады деп тану үшін жеткілікті деректер;

5) банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаның, сондай-ақ банктің ірі қатысушысының (оның ішінде, ірі қатысушы бақылау жасайтын ұйымдардың), банк холдингінің немесе банк конгломераты құрамына кіретін заңды тұлғалардың нәтижесінде банкке залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттер жасауы;

6) банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғалардың, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларының (оның ішінде, банктің ірі қатысушысы бақылау жасайтын ұйымдардың), банк холдингінің немесе банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдардың қаржылық жағдайының орнықсыздығы;

7) осы Заңға сәйкес бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларын орындамау;

8) уәкілетті органға есептілікті немесе мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті орган сұрататын өзге ақпаратты ұсынбау не оларды анық емес ұсыну;

9) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк холдингінің, банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдардың, банктің ірі қатысушыларының тексеру жүргізуге оны белгіленген мерзімдерінде жүргізу мүмкіндігін бермей кедергі келтіруі;

10) банктің, банк холдингінің, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушы болып табылатын ұйымның аудиторлық есепте көрсетілген, банктің немесе банк конгломератының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді осы Заңның 57-бабының 6-тармағында көзделген мерзімдерде жоймауы.

3. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға ықпалы;

5) таңдап алынған қадағалап ден қою шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

6) бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларының болуы және тиімділігі (нәтижелілігі);

7) қолданылатын қадағалап ден қою шарасының оны қолдану негіздеріне барабарлығы;

8) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және (немесе) тәуекелдердің туындауына негіз болған себептер;

9) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк холдингінің, банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдардың, банктің ірі қатысушысының қызметте анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жоюға бағытталған дербес шараларды қабылдауы, осыған байланысты қабылданған шараларды іске асыру жөнінде нақты шараларды жүзеге асырудың (жүзеге асырмаудың) тиімділігі және (немесе) осындай шараларды қабылдауға әзірлік.

4. Уәкілетті орган мынадай қадағалап ден қою шараларын қолданады:

- 1) осы Заңның 45-2-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары;
- 2) осы Заңның 46-бабына сәйкес қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар;
- 3) осы Заңның 47-1-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары.

5. Уәкілетті орган банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, оларға осы баптың 4-тармағында айқындалған қадағалап ден қою шараларының кез келгенін қолдануға құқылы.

6. Қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

45-2-бап. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары

1. Уәкілетті орган банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк конгломератының және (немесе) банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдардың, банк холдингінің, банктің ірі қатысушысының қызметінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар банктің және (немесе) банк конгломератының қаржылық орнықтылығына елеулі әсер етпейтін, олардың қаржылық жағдайына және (немесе) банк депозиторларының мүдделеріне қатер төндірмейтін жағдайларда, қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары мыналарды қамтиды:

1) анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк конгломераты құрамына кіретін ұйымның, банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің жекелеген органдарының назарына осы ақпаратты (қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын) жеткізе отырып, хабардар ету;

2) уәкілетті органның анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдарын беру;

3) уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану мүмкіндігі туралы ескерту.

3. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы уәкілетті органның хатымен ресімделеді.";

36) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар

1. Уәкілетті орган анықталған, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, банк

холдингінің, банк конгломератының және (немесе) банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдардың, банктің ірі қатысушысының қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды:

1) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін және (немесе) өтімділік коэффициенттерін уәкілетті орган белгілеген ең төмен мәндерден жоғары ұстап тұру;

2) банк операцияларының және өзге операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуді, жекелеген мәміле түрлерін жасауды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

3) банк активтерінің және (немесе) міндеттемелерінің құрылымын өзгертуді қоса алғанда, оларды қайта құрылымдау;

4) шығыстарды қысқарту, оның ішінде жұмыскерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, жекелеген филиалдар мен өкілдіктерді, еншілес ұйымдарды жабу, басшы қызметкерлердің ақшалай сыйақыларын және басқа да материалдық көтермелеу түрлерін шектеу арқылы қысқарту;

5) белгілі бір актив түрлеріне инвестицияларды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

6) халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыру;

7) жеке немесе заңды тұлғаны банкпен, банк холдингімен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға деп тану;

8) банкпен, банк холдингімен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен жеңілдікті шарттарда жасалған мәміленің шарттарын жеңілдікті шарттармен мәміле жасалған күні үшінші тұлғалармен жасалған осыған ұқсас мәмілелер шарттарына өзгерту;

9) банкпен, банк холдингімен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалатын операцияларды шектеу;

10) жай және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе) мерзімсіз қаржы құралдары бойынша дивидендтерді есепке жазуды және (немесе) төлеуді тоқтату;

11) ішкі саясаттар мен рәсімдерді, тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне лимиттерді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау рәсімін қайта қарау;

12) Осы Заңның 20-бабында аталған адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету, оның ішінде банк, банк холдингі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы Заңның 20-бабында аталған адамдарды уәкілетті орган осы қадағалап ден қою шарасын қолданғанға дейін қызметтік міндеттерін орындаудан

шеттеткен жағдайда, шеттету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады. Басшы қызметкерге осы қадағалап ден қою шарасы қолданылған кезде уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алады;

13) банктің ірі қатысушысына және (немесе) банк холдингіне тиесілі мүліктің құнына бағалау жүргізу;

14) банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар депозиторларының және (немесе) кредиторларының және (немесе) клиенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал еткен себептерді және (немесе) жағдайларды жою;

15) олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар жазбаша нұсқама немесе жазбаша келісім нысанында қолданылады.

3. Банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушысына осы баптың 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қабылдау және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігіне нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Іс-шаралар жоспарында кемшіліктердің, тәуекелдердің немесе бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты басшы қызметкерлер көрсетіледі.

4. Уәкілетті орган мен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе банк холдингі немесе банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдар немесе банктің ірі қатысушысы арасында жасалған, анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдерін және (немесе) анықталған бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер жойылғанға дейін аталған тұлғалар өздеріне қабылдайтын шектеулердің тізбесін көрсете отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе банк холдингі немесе банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдар немесе банктің ірі қатысушысы тарапынан міндетті түрде қол қойылуға жатады.

5. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, банк холдингі, банк конгломератының құрамына кіретін ұйым немесе банктің ірі

қатысушысы уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және жазбаша келісімде көрсетілген шаралардың осы құжаттарда көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

6. Банкке, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымға, банктің ірі қатысушысына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға байланысты емес себептермен жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде бұзушылықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы және (немесе) іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау бойынша мерзім уәкілетті орган белгілеген күнге дейін ұзартылуы мүмкін.";

37) 47-бап алып тасталсын;

38) 47-1-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-1-бап. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган банктің ірі қатысушысының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне және банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға:

1) осы Заңның 17-1-бабының 11-тармағында, 42-бабының 5-тармағында, 57-бабының 6-тармағында көзделген;

2) қадағалап ден қоюдың өзге де шараларын қолдану депозиторлар мен кредиторлардың заңды мүдделерін қорғауды, банктің және (немесе) банк конгломератының қаржылық орнықтылығын, банктің, банк холдингінің қызметіне байланысты тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ете алмаған;

3) банк холдингінің және (немесе) банктің ірі қатысушысының әрекеттері (әрекетсіздігі) банктің, банк холдингінің қаржылық жағдайын одан әрі нашарлатуға алып келуі мүмкін жағдайларда, қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады.";

4-тармақ алып тасталсын;

39) мынадай мазмұндағы 47-2-баппен толықтырылсын:

"47-2 -бап. Санкциялар

1. Уәкілетті орган банкке, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға бұрын оларға қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, оларға мынадай санкцияларды қолдануға құқылы:

1) осы Заңның 48-бабында белгіленген негіздер бойынша барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтата тұру не одан айыру;

2) осы Заңның 49-бабында көзделген негіздер бойынша банкті ашуға рұқсатты кері қайтарып алу.

2. Банктің барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешім қабылдаған күнінен бастап күшіне енеді.

Банктің барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының қолданысы осындай шешім банктің назарына жеткізілген күннен бастап тоқтатыла тұрды деп есептеледі.

3. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы қабылданған шешім бойынша ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

4. Барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру туралы шешімге банктің атынан оның акционерлері ғана шағым жасауға құқылы.

5. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген санкциялар қолданылады.

Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымды лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру жағдайларына қолданылады.";

40) 48-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "лицензияны және (немесе) оған қосымшаны" деген сөздер "лицензияның және (немесе) оған қосымшаның қолданысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

в), г) және ж) тармақшалар алып тасталсын;

з) тармақшада:

"уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін" деген сөздер "уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жазбаша нұсқаманы" деген сөздер "уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

з-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"з-1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің уәкілетті органның талаптарына сәйкес келмеуі;"

к-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"к-2) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясы бар заңды тұлғаның қызметті берілген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға сәйкес қатарынан күнтізбелік он екі ай бойы жүзеге асырмау;"

мынадай мазмұндағы к-3) тармақшамен толықтырылсын:

"к-3) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясы бар заңды тұлғаның қолма-қол шетел валютасымен айырбастау

операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;"

л-1), м) және н) тармақшалар алып тасталсын;

о) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"о) банкті осы Заңға сәйкес төлемге қабілетсіз банк санатына жатқызу.";

1-4-тармақтағы "және лицензиатты барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге құқылы және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға жататын тұлғалар тізбесінен алып тастаған кезде" деген сөздер ", сондай-ақ банкке ерікті түрде таратылуға рұқсат берілген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Барлық не жекелеген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтата тұру не одан айыру түрінде санкция қолданудың мақсатқа лайықтығын айқындау және санкцияны таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға тигізетін әсері;

5) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің туындауына негіз болған себептер;

6) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қызметте анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жоюға бағытталған дербес шаралар қабылдауы;

7) төлемге қабілетсіз банкке реттеу шараларын қолдану мүмкіндігі.";

41) 48-1-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мыналарға:

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға;

банктің пайдасына келіп түсетін ақшаны есепке жатқызуға;

бұрын банктің клиенттері болып табылған тұлғалардың жабылған шоттарына келіп түсетін ақшаны қайтаруға;

клиенттің банк алдында берешегі болмаған немесе клиент банк алдындағы берешегін өтеген жағдайда, клиенттердің банкті лицензиядан айырғаннан кейін өздерінің банктік шоттарына келіп түсетін ақшаны аудару жөніндегі нұсқауларын орындау бойынша шығыстарға;

осы Заңның 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияны жүргізуге байланысты жағдайларды қоспағанда, клиенттердің және банктің өзінің банктік шоттары бойынша барлық операциялар тоқтатылады;"

б) тармақша "адамдарына" деген сөзден кейін "және ірі қатысушыларына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) клирингтік қатысушы болып табылатын банктің сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелерін клирингтік ұйым (орталық контрагент), оның ішінде клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) клирингтік қызмет жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара қамтамасыз етуі, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларына жарналар болып табылатын қаржы құралдарын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен толық пайдалану есебінен орындайды.";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2 және 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырғаннан кейін уәкілетті орган банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындайды.

Банктің бұрын әрекет еткен органдарының өкілеттіктері тоқтатыла тұрады.

1-2. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) банкті лицензиядан айырған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Заңның 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияны жүргізу туралы шешім қабылдауға және осы операцияны жүргізу туралы мәселені келісу үшін уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

Уәкілетті орган он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) осы Заңның 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияны жүргізуіне келісім береді немесе оны жүргізуден бас тартады.

Уәкілетті орган банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) көрсетілген операцияны жүргізгеннен кейін он жұмыс күні ішінде банктің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату (банкті тарату) туралы арызбен сотқа жүгінеді.

Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде осы Заңның 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияны жүргізу туралы шешім қабылдамаған немесе уәкілетті орган осы операцияны жүргізуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде банктің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату (банкті тарату) туралы арызбен сотқа жүгінеді.

1-3. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банк немесе ол уәкілеттік берген тұлға лицензиядан айыру күніне дейін үш жыл ішінде жасаған мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы Заңның 61-13-бабының 2-тармағында көзделген мәмілелердің жарамсыздық негіздері болған кезде, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Осы Заңның 61-13-бабының 3-тармағында көзделген, мәмілелерді жарамсыз деп тану салдарлары барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банкке қолданылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) өз қызметі кезеңінде:

осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шығыс операцияларын жүзеге асыруға;

тараптардың келісімі бойынша банктің қаржылық жағдайын нашарлатпайтын өзгерістер енгізуді қоспағанда, банк бұрын жасасқан шарттардың талаптарын өзгертуге құқылы емес.";

42) 50-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 1-6) тармақшамен толықтырылсын:

"1-6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, мемлекеттік кіріс органдарына валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат ұсыну;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) өз депозиторларының және кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызылған және (немесе) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктің, банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтерді, сондай-ақ олардың міндеттемелері бойынша мәліметтерді, салымшы мен борышкер бір тұлға болған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін ұсыну;"

4) тармақшадағы "61-3 және 61-4-баптарында" деген сөздер "61-4, 61-11 және 61-12-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-8) тармақшамен толықтырылсын:

"4-8) уәкілетті органның осы Заңның 57-бабы 9-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты аудиторлық ұйымға беру;"

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) екінші деңгейдегі банктердің уәкілетті орган бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру және (немесе) Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті мәліметтерді дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымына ұсынуы;"

8) тармақшадағы "3 және 4-тармақтарында" деген сөздер "4-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың д) тармақшасының екінші бөлігі алып тасталсын;

43) 52-14-баптың 5-тармағының 5) тармақшасындағы "және банкке қатысты банкті ислам банкіне айналдыруға рұқсат беру туралы өтініш берілген айдың алдындағы қатарынан күнтізбелік үш ай ішінде санкциялардың" деген сөздер "және (немесе) банкті ислам банкіне айналдыруға рұқсат беру туралы өтініш берілген күннің алдындағы қатарынан күнтізбелік үш ай ішінде банкте Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазаның болуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 54-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "тізбесін, нысандарын не нысандарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды беру мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді" деген сөздер "тізбесі, нысандары не нысандарына қойылатын талаптар, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді" сөздермен ауыстырылсын;

45) 54-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1-бап. Банктің ірі қатысушыларының және банк холдингтерінің есептілігі

1. Банктердің ірі қатысушыларының және банк холдингтерінің қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесі, нысандары, сондай-ақ оларды уәкілетті органға ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Банктің жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы баптың 1-тармағында көзделген есептіліктен бөлек, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға салық органының салық декларациясының қабылданғанын растайтын хабарламасымен қоса жеке табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесін ұсынуға тиіс.";

46) 55-баптың бірінші бөлігі ", сондай-ақ уәкілетті органның талап етуі бойынша банктің корпоративтік интернет-ресурсында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тізбеге және мерзімдерге сәйкес өзге де есептілікті орналастырады" деген сөздермен толықтырылсын;

47) 57-бапта:

1-тармақтағы "жүргізе алады" деген сөздер "жүргізеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-1-тармақтың бірінші бөлігі "жүргізу банктерге" деген сөздерден кейін "(барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған немесе мәжбүрлеп тарату процесіндегі банкті қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

1-3-тармақтағы "және орыс тілдерінде" деген сөздер "немесе орыс тілінде" сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банк, банк холдингі, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйым аудиторлық есепте көрсетілген, банктің немесе банк конгломератының қаржылық жағдайға әсер ететін кемшіліктерді уәкілетті орган айқындаған мерзім ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін:

банкке – осы Заңның 46-бабында көзделген қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды;

банк холдингіне, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйымға осы Заңның 47-1-бабының 2-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Банк холдингі аудиторлық есепте көрсетілген, банктің немесе банк конгломератының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді аталған тұлғалар осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін банк холдингіне осы Заңның 47-1-бабының 3-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы .";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Банктердің, банк холдингтерінің және өздерінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйымдардың активтерін, міндеттемелерін және шартты міндеттемелерін тану бөлігінде аудиторлық есепте жазылған, қаржылық есептілік және (немесе) қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы пікірлер мен тұжырымдардың уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелерінен ауытқуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан осындай ауытқу себептерін түсіндіруді талап етуге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 8, 9, 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Уәкілетті орган банк қызметінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтаған жағдайда, одан тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға, оның ішінде стратегия мен бизнес-модельге қатысты, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты өзге ақпаратқа аудит (бұдан әрі – өзге ақпарат аудиті) жүргізуді тексерілуге жататын

мәселелер тізбесін, аудит жүргізілетін кезеңді және аудиторлық ұйымның уәкілетті органға өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны ұсыну мерзімін көрсете отырып, талап етуге құқылы.

Уәкілетті органның талап етуі бойынша өзге ақпарат аудитін жүргізу банктер үшін міндетті.

Осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, банк өзге ақпарат аудитін жылына бір реттен артық жүргізбейді, бір мәселе бойынша өзге ақпарат аудиті үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесі, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптар, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптар аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Аудиттің болжамды бағыттары, көлемі, жүргізілу сипаты, аудит жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістер мен стандарттардың ерекшеліктері сипатталған, өзге ақпарат аудиті бойынша тексеру жоспары аудиторлық ұйымның уәкілетті органмен алдын ала келісуіне жатады.

Аудиторлық ұйым өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны уәкілетті органға ұсынады және ол жариялауға жатпайды.

Өзге ақпарат аудитінің нәтижелерін уәкілетті орган қадағалап ден қою шараларын қолданған кезде ескеруі мүмкін.

9. Аудитті немесе өзге ақпарат аудитін жүзеге асыру үшін банк, банк холдингі, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйым уәкілетті органмен келісу бойынша аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді және аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымды тартады.

Банк, банк холдингі, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйым аудит немесе өзге ақпарат аудитін жүргізуге шарт жасасқаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды аудиторлық ұйымды таңдағаны туралы хабардар етеді. Өзге ақпарат аудиті жағдайында банк уәкілетті органның алдында өзге ақпаратқа аудиторлық ұйым болып табылмайтын ұйымның аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізуі туралы өтінішхат беруге құқылы.

Банктің өтінішхатын уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Өзге ақпарат аудитін жүргізу тәртібіне қойылатын осы бапта белгіленген талаптар өзге ақпаратқа аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізу тәртібіне қолданылады.

Уәкілетті орган өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны аудиторлық ұйым шығарғанға дейін осы баптың 1-1-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың келісімінсіз, құпиялылық жөніндегі талаптарды ескере отырып, осы баптың 1-1-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларды тексеру нәтижелері бойынша ақпаратты және түсіндірмелерді, сондай-ақ аудиторлық ұйымға банктік және (немесе) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоса алғанда, банктің, банк холдингінің, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйымның қызметіне байланысты, оның ішінде уәкілетті органның уәжді пайымдауына негізделген өзге де ақпаратты беруге құқылы.

Аудиторлық ұйым осы тармақтың бесінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган жіберген ақпаратқа міндетті бағалау мен талдау жүргізеді. Аудиторлық ұйым жүргізілген бағалау мен талдаудың нәтижелерін өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепте немесе аудиторлық қорытындыда қамтылған пікірлер мен тұжырымдарды білдірген кезде пайдаланады.

10. Сот өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны жарамсыз деп таныған жағдайда, банк, банк холдингі, өзінде банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйым аудитті және (немесе) өзге ақпарат аудитін қайта жүргізуге міндетті.

11. Уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде клиенттер тізбесі жөніндегі мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты талап етуге құқылы. Клиенттер жөніндегі мәліметтер аудиторлық ұйым клиенттерінің келісуімен беріледі.";

48) 59-2-бапта:

тақырыптағы "құрылымдауды жүргізу үшін негіздеме" деген сөздер "құрылымдаудың негізі мен қағидаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды орындау күні басталған кезден бастап күнтізбелік жеті күннен асатын мерзімде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банкті қайта құрылымдау мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) талаптарды қанағаттандырудың осы Заңның 74-2-бабында көзделген кері кезектілігіне сәйкес банктің депозиторлары мен кредиторларының құқықтарын және мүдделерін сақтау;

2) талаптарды қанағаттандырудың осы Заңның 74-2-бабында көзделген бір кезегінде тұрған депозиторлар мен кредиторлардың құқықтарын және мүдделерін тең сақтау.";

49) 59-3-баптың 15-тармағының екінші бөлігіндегі "акционерлеріне ықпал етудің шектеулі шараларын және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды" деген сөздер "ірі қатысушыларына, банк холдингіне, банктің ірі

қатысушысының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаларға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 60-1-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банкті қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізу шеңберіндегі қажетті мерзім ішінде өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк депозиторлардың банктік шоттарына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жеке сәйкестендіру кодтарын береді және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген тәртіппен, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген салық төлеушілердің банктік шоттары бойынша жеке сәйкестендіру кодтарының өзгергені туралы хабардар етеді.

Банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың орындауға қабылданған өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салуға, депозиторлардың банктік шоттары бойынша ауыртпалық салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерін (қаулыларын) қоса алғанда, депозиторлардың өздеріне қойылған орындалмаған талаптар бар банктік шоттарының жеке сәйкестендіру кодтарын өзгерткеннен кейін:

өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк депозитордың банктік шотына талапты (банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерін (қаулыларын) қоса алғанда) жіберген немесе депозиторлардың банктік шоттары бойынша ауыртпалықтар салған тұлғаны (органды) депозитордың банктік шоты деректемелерінің, оның ішінде жеке сәйкестендіру кодының өзгергені туралы хабардар етеді;

депозитордың өзіне қосылу жүзеге асырылатын банкке берілген банктік шотына бұрын қойылған орындалмаған талаптарды өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк қосылатын банктің деректемелерін (атауын, банктік сәйкестендіру кодын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін) өзіне қосылу жүзеге асырылатын банктің тиісті деректемелеріне, сондай-ақ депозитордың жеке сәйкестендіру кодын осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес банктік шотқа берілген депозитордың тиісті жеке сәйкестендіру кодына түзете отырып, депозиторлардың осындай банк ашқан банктік шоттарынан орындайды;

депозитордың өзіне қосылу жүзеге асырылатын банкке берілген банктік шотына бұрын қойылған, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың орындалмаған өкімдерін, сондай-ақ клиенттің

ақшасына тыйым салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың орындалмаған шешімдерін (қаулыларын) өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк олардың қосылатын банкке келіп түсуінің күнтізбелік кезектілігін сақтай отырып және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен, депозиторлардың өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк ашқан банктік шоттарынан орындайды.

Өзіне қосылу жүзеге асырылатын банк депозиторлардың банктік шоттарына қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және міндеттемелері осы банкке өткен банктік қызмет көрсету шарттарының талаптарына сәйкес жүргізеді."

51) 61-2-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы бапта көзделген операцияны жүргізу тәртібі, көрсетілген операцияны жүргізу кезінде берілуге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлері, сондай-ақ осы операцияны уәкілетті органмен келісу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Бас банк пен еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция осы Заңның 61-4-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапқа сәйкес жүргізіледі."

3-тармақта:

", банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі, уақытша басқарушысы) банк" деген сөздер "банктің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"басылымдарында" деген сөзден кейін ", банктің интернет-ресурсында" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктегі "төртінші және бесінші бөліктерінде" деген сөздер "төртінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "бесінші" деген сөз "төртінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөлік алып тасталсын;

бесінші бөліктегі "Банк" деген сөз "Осы Заңның 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде, банктік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "ашылған" деген сөз "бар" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Өтпелі кезең ішінде сатып алушы-банк депозиторлардың банктік шоттарына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жеке сәйкестендіру кодтарын береді және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген тәртіппен, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге

асыратын уәкілетті мемлекеттік органды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген салық төлеушілердің банктік шоттары бойынша жеке сәйкестендіру кодтарының өзгергені туралы хабардар етеді.

Банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың орындауға қабылданған өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салуға, депозиторлардың банктік шоттары бойынша ауыртпалық салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерін (қаулыларын) қоса алғанда, депозиторлардың өздеріне қойылған орындалмаған талаптар бар банктік шоттарының жеке сәйкестендіру кодтарын өзгерткеннен кейін:

сатып алушы-банк депозитордың банктік шотына талапты (банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерін (қаулыларын) қоса алғанда) жіберген немесе депозиторлардың банктік шоттарына ауыртпалықтар салған тұлғаны (органды) депозитордың банктік шоты деректемелерінің, оның ішінде жеке сәйкестендіру кодының өзгергені туралы хабардар етеді;

депозитордың сатып алушы-банкке берілген банктік шотына бұрын қойылған орындалмаған талаптарды сатып алушы-банк банктің деректемелерін (атауын, банктік сәйкестендіру кодын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін) сатып алушы-банктің тиісті деректемелеріне, сондай-ақ депозитордың жеке сәйкестендіру кодын осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес банктік шотқа берілген депозитордың тиісті жеке сәйкестендіру кодына түзете отырып, депозиторлардың сатып алушы-банк ашқан банктік шоттарынан орындайды;

депозитордың сатып алушы-банкке берілген банктік шотына бұрын қойылған, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың орындалмаған өкімдерін, сондай-ақ клиенттің ақшасына тыйым салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың орындалмаған шешімдерін (қаулыларын) сатып алушы-банк олардың банкке келіп түсуінің күнтізбелік кезектілігін сақтай отырып және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен, депозиторлардың сатып алушы-банк ашқан банктік шоттарынан орындайды.

Сатып алушы-банк депозиторлардың банктік шоттарына қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және міндеттемелері осы банкке өткен банктік қызмет көрсету шарттарының талаптарына сәйкес жүргізеді.";

9-тармақ алып тасталсын;

52) 61-3-бап алып тасталсын;

53) мынадай мазмұндағы 7-2-тараумен толықтырылсын:

"7-2-тарау. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және төлемге қабілетсіз банктерді реттеу жөніндегі шаралар

61-6-бап. Банкті өз депозиторларының және кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызу

1. Уәкілетті орган мынадай белгілердің кез келгені болған кезде банкті өз депозиторларының және кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына (бұдан әрі – қаржылық жағдайы орнықсыз банк) жатқызады:

1) меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттері мәндерінің және оның мөлшерінің уәкілетті орган белгілеген ең төмен мәндерден төмен деңгейге дейін төмендеуі;

2) банкте ақшаның болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты банктің кредиторлардың ақшалай міндеттемелерін және міндеттемелер бойынша ақшалай сипаттағы өзге де талаптарын орындамауы;

3) банктің қаржылық және өзге де есептілігінде анық көрсетілуі банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін бұзуына және (немесе) кредиторлардың ақшалай міндеттемелерін және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарын орындамауына алып келетін фактілерді (мәмілелерді) уәкілетті органның анықтауы;

4) уәкілетті органның бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру шеңберінде банк қызметінде банктің тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) оның депозиторларының және (немесе) кредиторларының мүдделеріне және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді анықтауы.

2. Уәкілетті органның банкті қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызу туралы шешімі қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде банктің назарына жеткізіледі және таратылуға жатпайды.

3. Уәкілетті орган банкті қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызған жағдайда, осы Заңның 45-1-бабында көзделген қадағалап ден қою шараларына қосымша банкке бару арқылы, оның ішінде бағалаушыларды, аудиторлық және басқа ұйымдарды тарта отырып, оның қаржылық және мүліктік жағдайына бағалау (талдау) жүргізуге құқылы.

Уәкілетті органның банкті қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызу туралы шешімінде көрсетілген күннен бастап банк пайданы бөлу, дивидендтерді төлеу, ірі қатысушылар және (немесе) банк холдингтері алдында кез келген қаржылық міндеттемелерді орындау туралы, сондай-ақ жалақы төлеу мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, банктің басшы қызметкерлеріне сыйақылар төлеу туралы шешімдер қабылдауға құқылы емес.

4. Қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызылған банк және оның ірі қатысушылары, банк холдингі оның қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына және уәкілетті органның талаптарына сәйкес келтіру арқылы банктің қаржылық жағдайын жақсарту, тәуекелдерді барынша азайту бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шаралар және оларды әрбір тармақ бойынша іске асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар банк әзірлеген және уәкілетті органға мақұлдау үшін ұсынған қаржылық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарында айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шараларды іске асыру және банктің қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатында болу мерзімдері он екі айдан аспауға тиіс және банкті қаржылық жағдайы орнықсыз банктердің санатына жатқызғаннан кейін оның қаржылық жағдайының жақсару фактілері болған жағдайда, уәкілетті орган оны бір рет он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Уәкілетті орган қаржылық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғалар уәкілетті органды жоспарда белгіленген мерзімдерде оны орындау нәтижелері туралы хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Қаржылық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары белгіленген мерзімде ұсынылмаған, уәкілетті орган оны мақұлдамаған немесе ол орындалмаған кезде, уәкілетті орган қаржылық жағдайы орнықсыз банкке, оның ірі қатысушыларына, банк холдингіне осы Заңның 45-1-бабында көзделген бір немесе бірнеше қадағалап ден қою шарасын қолданады.

Қаржылық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну және уәкілетті органның оны мақұлдау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген белгілер жойылған жағдайда, уәкілетті орган осы баптың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде банкті қаржылық жағдайы орнықсыз банктердің санатынан алып тастайды.

61-7-бап. Банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу

1. Банк осы Заңның 61-6-бабының 4-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң банктің қаржылық жағдайының орнықсыздығы белгілерін жоймаған жағдайда, уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызуға міндетті.

2. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша банкті осы Заңның 61-6-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімнен бұрын төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) банк өзін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызғаннан кейін банктің қаржылық жағдайының одан әрі нашарлауына алып келетін операциялар (мәмілелер) жасауы, оның ішінде:

банктің өз нәтижесінде банк активтері сапасының едәуір нашарлауы орын алатын мәмілелер жасасуы, оның ішінде активтерді, кепіл нысаналарын банк үшін нашар жаққа қарай сату, алмастыру және егер алмастырудың салдарлары банктің залалдарына алып келсе (алып келетін болса);

банктің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, өздерінің нәтижесінде банк залал шегетін нарықтық емес шарттарда мәмілелер жасасуы, сондай-ақ осы Заңның 40-бабының талаптарын және (немесе) уәкілетті орган қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы белгілеген шектеулерді бұза отырып, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасуы;

банктің басқа депозиторлар және (немесе) өзге кредиторлар алдындағы ақшалай міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауын мүмкін етпеуге алып келетін міндеттемелерді банктің қабылдауы;

мүлікті өтеусіз не салыстырымды экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас мүлік бағасына қарағанда банк үшін нашар жаққа қарай едәуір айырмашылығы болатын бағамен не негіздері болмаса да, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып беру (оның ішінде уақытша пайдалануға беру);

2) банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нормативтік мәндердің үштен бірінен төмен деңгейге дейін төмендету түрінде оларды бұзу;

3) ақшаның болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты банктің он жұмыс күні ішінде депозиторлар мен кредиторлар алдындағы ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындамауы;

4) төлем және аударым операциялары бойынша шарттық міндеттемелерді жүйелі түрде (қатарынын күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) тиісінше орындамау;

5) банктің осы Заңның 46-бабында көзделген қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды орындамауы.

3. Егер осы Заңның 61-8-бабында көзделген реттеу жөнінде қабылданған шаралардың нәтижелері бойынша банк өзін осы баптың 2-тармағында көрсетілген, төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу негіздерін жойса және меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін сақтаса, уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктердің санатынан алып тастайды.

61-8-бап. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шаралар

1. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу деп осы бапта көзделген және банктің қаржылық жағдайын сауықтыруға және (немесе) қызметін тоқтатуға бағытталған шараларды қабылдау түсініледі.

Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банкті реттеу бойынша осы бапта көзделген бір немесе бірнеше шараны қолданады.

2. Осы баптың 4-тармағында көзделген, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шаралар:

- 1) банк операцияларын жүзеге асырудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 2) қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерінің туындауын және таралуын болғызбау;
- 3) мемлекеттік бюджеттің төлемге қабілетсіз банкті реттеуге арналған шығыстарын барынша азайту;
- 4) депозиторлар мен кредиторлардың құқықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

3. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қолдану мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) талаптарды қанағаттандырудың осы Заңның 74-2-бабында көзделген кезектілігіне сәйкес төлемге қабілетсіз банктің депозиторлары мен кредиторларының құқықтарын және мүдделерін сақтау;

2) талаптарды қанағаттандырудың осы Заңның 74-2-бабында көзделген бір кезегінде тұрған депозиторлар мен кредиторлардың құқықтарын және мүдделерін тең сақтау;

3) төлемге қабілетсіз банкті мәжбүрлеп тарату кезіндегі жағдайлармен салыстырғанда оған төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қолдануға байланысты төлемге қабілетсіз банктің депозиторлары мен кредиторлары жағдайының нашарлауына жол бермеу;

4) осы баптың 4-тармағында көзделген, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шығыны ең аз шараны тандау.

4. Уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызған жағдайда, төлемге қабілетсіз банкке мынадай шаралардың біреуін немесе бірнешеуін қолданады:

- 1) төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау;
- 2) төлемге қабілетсіз банк активтерінің барлығын немесе бір бөлігін басқа банкке (басқа банктерге) беру;
- 3) тұрақтандыру банкін құру және төлемге қабілетсіз банк активтері мен міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін осы тұрақтандыру банкіне беру;
- 4) төлемге қабілетсіз банкті кейіннен мәжбүрлеп тарата отырып, барлық банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айыру.

5. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу кезінде мемлекеттің қатысуы:

1) мәжбүрлеп таратылуы қаржы жүйесі үшін жүйелік тәуекелдер әкелетін банк төлемге қабілетсіз банк болып табылған;

2) төлемге қабілетсіз банкке мемлекеттік қолдау ұсыну осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды тиімді қолдануға мүмкіндік берген жағдайда жүзеге асырылады.

6. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу кезінде мемлекеттің қатысуы:

- 1) төлемге қабілетсіз банктің меншікті капиталы;

2) төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау арқылы төлемге қабілетсіз банктің төлемге қабілетсіз банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылатын кредиторлар алдындағы міндеттемелері есебінен залалдар жабылғаннан кейін жүзеге асырылады.

7. Төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қолданудың алдында банкке бару арқылы, оның ішінде бағалаушыларды, аудиторлық және басқа да ұйымдарды тарта отырып, оның қаржылық және мүлктік жағдайы бағалануға (талдануға) тиіс.

8. Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банк акционерлерінің, депозиторлары мен кредиторларының, борышкерлерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың келісімін алмастан, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қабылдайды.

Төлемге қабілетсіз банктің депозиторлары мен кредиторларын, борышкерлерін, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғаларды хабардар ету мақсатында төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қолдану туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жарияланады, сондай-ақ оны уәкілетті орган және төлемге қабілетсіз банк өздерінің интернет-ресурстарында жариялайды.

61-9-бап. Банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызудың және төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараны қолданудың салдарлары

1. Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды іске асыру үшін осы Заңның 62 – 67-баптарында көзделген тәртіппен банкті консервациялау режимін енгізуге және банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілікті (банкті уақытша басқарушыны) тағайындауға құқылы.

2. Уәкілетті орган консервациялау кезеңінде депозиторлар мен кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға мораторий енгізуге құқылы, оның қолданылу мерзімі ішінде:

1) төлемге қабілетсіз банктің барлық міндеттемелері бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды) есепке жазу тоқтатылады және төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелері бойынша ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін басқа жауаптылық шаралары қолданылмайды;

2) мыналарға:

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстармен;

төлемге қабілетсіз банктің пайдасына келіп түсетін ақшаны есепке жатқызумен;

бұрын төлемге қабілетсіз банктің клиенттері болып табылған тұлғалардың жабық шоттарына келіп түсетін ақшаны қайтарумен;

төлемге қабілетсіз банк өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгені үшін алдында жауапты болатын жеке тұлғаларға төленетін төлемдермен;

еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақыны, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеу жөніндегі, жалақыдан ұсталған алименттер мен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеу жөніндегі есеп айырысулармен;

төлемге қабілетсіз банк клиенттерінің салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеуімен;

осы Заңның 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияны жүргізумен;

төлемге қабілетсіз банктің мәмілелерін осы Заңның 61-13-бабына сәйкес жарамсыз деп тануға байланысты шығыстармен байланысты жағдайларды қоспағанда, төлемге қабілетсіз банк клиенттерінің және банктің өзінің банктік шоттары бойынша барлық операциялар тоқтатылады;

3) кредиторлардың талаптары бойынша төлемге қабілетсіз банктің банктік шоттарынан ақшаны өндіріп алу туралы талаптарды, оның ішінде даусыз тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптарды орындау, сондай-ақ төлемге қабілетсіз банктің мүлкіне өндіріп алуды қолдану тоқтатыла тұрады;

4) мораторий енгізілгенге дейін берілген атқарушылық құжаттарды қоспағанда, төлемге қабілетсіз банктен борыштарды өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау тоқтатыла тұрады.

3. Осы Заңда көзделген, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды қолдану:

1) төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау немесе тоқтату;

2) төлемге қабілетсіз банк банкрот болған жағдайда немесе банктің банкроттығына тең келетін оқиға ретінде саралануы мүмкін басқа оқиға басталған кезде осы банктің депозиторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау бойынша шарттардың және (немесе) бағалы қағаздар эмиссиясы проспектілерінің талаптарын іске асыру;

3) кредиторлардың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша төлемге қабілетсіз банктің кепілге қойылған мүлкін өндіріп алуы үшін негіз болмайды.

61-10-бап. Төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау

1. Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды.

Төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау, оған:

1) төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін толығымен не ішінара есептен шығару;

2) төлемге қабілетсіз банктің бағалы қағаздары мен өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына конвертациялау, оның ішінде банкті осы Заңның 61-7-бабының 2-тармағында көрсетілген төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу негіздерін жою және меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін сақтау үшін төлемге қабілетсіз банктің жарияланған жай акцияларының санын уәкілетті орган айқындаған мөлшерде көбейту;

3) міндеттемеге қызмет көрсету бойынша төлемдердің орындалуын уақытша тоқтата тұруды қоса алғанда, төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелері бойынша мерзімдерді және (немесе) пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту жөніндегі бір немесе бірнеше шараны қолдану арқылы төлемге қабілетсіз банктің қаржылық жағдайын сауықтыру бойынша шаралар кешенін білдіреді.

2. Төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау осы Заңның 74-2-бабында белгіленген кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың кері кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Мыналар:

1) төлемге қабілетсіз банктің өз талаптары осы Заңның 74-1-бабына сәйкес таратудың конкурстық массасының құрамына енгізілмейтін тұлғалар алдындағы міндеттемелері;

2) төлемге қабілетсіз банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, оның осы Заңның 74-2-бабына сәйкес бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші кезектерде қанағаттандырылуға жататын міндеттемелері, сондай-ақ төлемге қабілетсіз банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, оның депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның төлеуіне жататын кепілдік өтемі мөлшерінде депозиттер бойынша жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелері мәжбүрлеп қайта құрылымдауға жатпайды.

4. Төлемге қабілетсіз банктің бағалы қағаздары мен өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына конвертациялау кезінде:

1) төлемге қабілетсіз банк акционерлері жалпы жиналысының төлемге қабілетсіз банктің акцияларын қосымша шығару туралы шешімі талап етілмейді;

2) төлемге қабілетсіз банктің акционерлеріне төлемге қабілетсіз банктің акцияларын артықшылықты сатып алу құқығы берілмейді;

3) осы Заңның 16-бабы 2-тармағының, 17-бабы 2 және 5-тармақтарының және 17-1-бабының талаптары қолданылмайды.

5. Төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

61-11-бап. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операция

1. Уәкілетті органның шешімі бойынша, осы бапта көзделген төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) (бұдан әрі – сатып алушы-банк) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны банкті басқару жөніндегі

уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) консервациялау сатысында жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген операцияны жүргізу кезінде төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелері осы Заңның 74-2-бабында көзделген кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кезектілігі сақтала отырып, сатып алушы-банкке беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген операцияны жүргізу кезінде осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, сатып алушы-банкке төлемге қабілетсіз банк активтерінің барлығы немесе бір бөлігі және міндеттемелерінің барлығы немесе бір бөлігі берілуі мүмкін.

Сатып алушы-банкке бір кезектегі кредиторлар алдындағы міндеттемелерді беру кезінде төлемге қабілетсіз банктің активтері жеткіліксіз болған жағдайда, бұл міндеттемелер кредиторлардың қанағаттандырылуға жататын талаптарының сомасына пропорционалды түрде беріледі.

Төлемге қабілетсіз банктің жеке тұлғалардың кепілдік берілетін депозиттері бойынша міндеттемелері сатып алушы-банкке толық көлемде берілуге тиіс.

Егер сатып алушы-банкке берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері төлемге қабілетсіз банк мүлкінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым пайда болған айырманы арнайы резерв қаражатының есебінен толтыруға міндетті.

Осы тармақтың төртінші бөлігіне сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым беретін қаражаттың мөлшері кепілдік өтем ретінде төлеуге жататын, Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын сомадан аспауға тиіс.

4. Банккі басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банккі уақытша басқарушының) төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке беруді жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген операцияны жүргізу:

1) төлемге қабілетсіз банк акционерлерінің, депозиторлары мен кредиторларының, борышкерлерінің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) келісуін талап етпейді. Бұл ретте жаңа кредитордың жеке басы борышкер үшін айтарлықтай маңызы жоқ деп танылады;

2) төлемге қабілетсіз банк төлемге қабілетсіз банктің депозиторларымен және кредиторларымен, борышкерлерімен, сондай-ақ өзге де тұлғалармен (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) жасаған шарттарға шарттың жаңа тарапын көрсету бөлігінде өзгерістер енгізуді;

3) сатып алушы-банктің төлемге қабілетсіз банк депозиторларымен жаңа банктік шот шарттарын жасасуын талап етпейді. Бұл ретте сатып алушы-банк депозиторларды жеке сәйкестендіру кодтарының өзгергені туралы хабардар етуге міндетті.

6. Төлемге қабілетсіз банктің өздері бойынша құқықтар (талап ету) мен міндеттемелер осы баптың 1-тармағында көрсетілген операцияны жүргізу кезінде берілетін клиенттерінің дербес деректерін жинауды және өңдеуді сатып алушы-банк дербес деректер субъектілерінің немесе олардың заңды өкілдерінің келісуінсіз жүзеге асырады.

7. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) төлемге қабілетсіз банктің депозиторлары мен кредиторларын, борышкерлерін, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғаларды хабардар ету мақсатында төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке беру туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялайды, сондай-ақ оны уәкілетті орган, төлемге қабілетсіз банк және сатып алушы-банк өздерінің интернет-ресурстарында жариялайды.

8. Сатып алушы-банкке заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің акциялары немесе жарғылық капиталға қатысу үлестері түріндегі активтерді беру сатып алушы-банктің осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген уәкілетті органның қосымша рұқсаттарын, келісімдерін немесе хабарламаларын алуын талап етпейді.

9. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) сатып алушы-банкке төлемге қабілетсіз банктің депозиторлар алдындағы міндеттемелерін беруі осы Заңның 61-2-бабының 6, 7 және 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін беру активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт жасасу арқылы, шартқа беру актісін қоса бере отырып жүзеге асырылады.

Беру актісінде берілетін активтер, берілетін активтер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құқықтар және міндеттемелер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шартқа Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы туралы ережелері қолданылады.

11. Сатып алушы-банк құқықтық кадастрға, сондай-ақ жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіне бір мезгілде өзіне берілетін активтер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құқықтар өткен кепіл беруші болып табылатын жаңа кредитор туралы мәліметтерді енгізу мақсатында активтер мен міндеттемелерді беру туралы шартты (беру актісін қоса бере отырып) уәкілетті тіркеуші органға (ұйымға) береді.

Осы бапта айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен құқықтарды (талап етулерді) басқаға беру бір мезгілде кепіл ұстаушы болып табылатын жаңа кредиторға

өзіне қатысты үшінші тұлғалар немесе мемлекеттік органдар тарапынан тіркелген ауыртпалықтар, тыйым салулар, мүлікке билік етуде өзге де шектеулер бар мүлікке құқықтардың өтуі үшін де негіз болып табылады.

12. Төлемге қабілетсіз банктің депозиторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелері сатып алушы-банкке берілгеннен кейін осындай депозиторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындауды сатып алушы-банк жүзеге асырады.

13. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке бір мезгілде беру туралы шарт жасалғаннан кейін:

1) активтері мен міндеттемелері берілген төлемге қабілетсіз банктің акционерлері, депозиторлары мен кредиторлары сатып алушы-банктен активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банктің пайдасына беру салдарларынан шеккен кез келген залалды өтеуді талап етуге құқылы емес;

2) сатып алушы-банкке берілген активтер мен міндеттемелер одан төлемге қабілетсіз банктің пайдасына талап етілмейді.

14. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке беруді аяқтағаннан кейін уәкілетті органға төлемге қабілетсіз банкті барлық банк операциялары мен өзге де операциялар жүргізуге арналған лицензиядан айыру және төлемге қабілетсіз банкті мәжбүрлеп тарату туралы ұсыныс береді.

15. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне бір мезгілде беру бойынша операция жүргізу ерекшеліктері осы Заңның 61-12-бабында белгіленеді.

16. Осы баптың 2 – 8, 10 – 13-тармақтарының ережелері соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) барлық банк операциялары мен өзге де операциялар жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу жағдайларына қолданылады.

Соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) барлық банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізген кезде, сатып алушы-банк депозиторлардың банктік шоттары бойынша жаңа банктік шот шартын жасамастан, депозиторларды хабардар ете отырып, жеке сәйкестендіру кодтарын береді және осы Заңның 61-2-бабының 8-тармағында көзделген талаптарды, оның ішінде банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін, депозиторлардың банк шоттарына

қойылған, клиенттің ақшасына тыйым салуға құқығы бар уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдерін (қаулыларды) осы Заңның 61-2-бабының 8-тармағында көзделген тәртіппен орындайды.

61-12-бап. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу ерекшеліктері

1. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) уәкілетті органға төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу туралы ұсыныс енгізеді.

Уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу мақсатында тұрақтандыру банкін құру туралы шешім қабылдайды және банктің уақытша әкімшілігіне (банкті уақытша басқарушыға) көрсетілген активтер мен міндеттемелерді тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізуді тапсырады.

Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Осы Заңның 13, 14, 16, 17-1, 19, 20, 23, 24, 25, 27, 28-баптарында, 29-бабының 6 және 7-тармақтарында, 30-бабының 5 және 13-тармақтарында, 31, 32 және 42-баптарында көзделген банктер құруға және олардың қызметін реттеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33 – 74-баптарының ережелері тұрақтандыру банкіне қолданылмайды.

Тұрақтандыру банкін құру тәртібі, оның жарғылық және меншікті капиталдарының ең төмен мөлшері және оларды қалыптастыру тәртібі, тұрақтандыру банкін басқару тәртібі, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу тәртібі, тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының шығарылымын тіркеу және жарияланған акцияларының күшін жою тәртібі, сондай-ақ тұрақтандыру банкінің осы Заңда көзделген банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензияны алу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Тұрақтандыру банкі уәкілетті органның лицензиясы негізінде осы Заңда көзделген банк операциялары мен өзге де операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Тұрақтандыру банкі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлғалардың кепіл ретінде қабылданған акциялары немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестері банктің меншігіне өткен кезде осы ұйымдардың акциялары немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін сатып алуды қоспағанда, осы Заңның 8-бабында банктер үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

4. Активтер мен міндеттемелер тұрақтандыру банкіне берілгеннен кейін сыйақыны есепке жазу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар

алдындағы міндеттемелерді орындау он екі ай мерзімге тоқтатыла тұрады. Тұрақтандыру банкі жеке және заңды тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша міндеттемелерді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті органның алдындағы міндеттемелерді, сондай-ақ тұрақтандыру банкіне берілген активтермен қамтамасыз етілген екінші деңгейдегі банктердің алдындағы міндеттемелерді қоса алғанда, орындау мерзімі басталған міндеттемелерді орындауға тиіс. Тұрақтандыру банкі жеке және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары бойынша міндеттемелерді орындайды.

5. Соттың төлемге қабілетсіз банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін тұрақтандыру банкі уәкілетті органмен келісу бойынша төлемге қабілетсіз банктің өзіне бұрын берілген активін басқа активіне ауыстыруға құқылы.

6. Тұрақтандыру банкі уәкілетті орган айқындайтын басқа банкке активтер мен міндеттемелерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен береді.

Тұрақтандыру банкінің міндеттемелерін осы бапта көзделген тәртіппен беру тұрақтандыру банкінің депозиторлары мен кредиторларының келісуінсіз жүзеге асырылады. Тұрақтандыру банкі депозиторлар мен кредиторларды хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде тұрақтандыру банкінің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке беру туралы хабарландыру жариялайды.

7. Уәкілетті органның шешімі бойынша тұрақтандыру банкі қабылданған активтер мен міндеттемелерді сатып алушы-банкке уәкілетті орган көздеген тәртіппен және шарттарда толық бергеннен кейін өз қызметін тоқтатады.

8. Уәкілетті органның шешімі бойынша тұрақтандыру банкінің барлық акциялары тұрақтандыру банкінің капиталын ұлғайтуға және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс істеуіне кепілдік беретін шарттарда инвесторға өткізілуі мүмкін.

Инвестордың тұрақтандыру банкінің акцияларын сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

Инвестор тұрақтандыру банкінің акцияларын сатып алған кезден бастап банк тұрақтандыру банкінің мәртебесін жоғалтады және өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Осы банктің қызметін реттеу, бақылау және қадағалау осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Осы Заңның 61-11-бабы 2, 3, 5 – 16-тармақтарының ережелері төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу жағдайларына қолданылады.

61-13-бап. Төлемге қабілетсіз банктің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Уәкілетті орган, банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) (оны уәкілетті орган тағайындаған жағдайда) және (немесе) банк, оның ішінде кредиторлардың өтінішхаты бойынша, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызған күнге дейін үш жыл ішінде төлемге қабілетсіз банк немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасаған мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы бапта көзделген, мәмілелердің жарамсыздық негіздері болған кезде мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделгендерден бөлек, мыналар мәмілелердің жарамсыздығының негіздері болып табылады:

1) егер мәміленің салдарлары төлемге қабілетсіз банктің залалдарына алып келсе (алып келетін болса), мәміле шарттарының салыстырмалы жағдайларда осыған ұқсас мәмілелер жасалатын шарттардан төлемге қабілетсіз банк үшін нашар жаққа қарай едәуір айырмашылығы болуы;

2) егер мәміленің салдарлары төлемге қабілетсіз банктің залалдарына алып келсе (алып келетін болса), мәміленің Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шараларында белгіленген талаптарды және (немесе) шектеулерді бұза отырып жасалуы;

3) мүліктің салыстырымды экономикалық жағдайлар кезінде осыған ұқсас мүлікті беру (иеліктен шығару) шарттарынан төлемге қабілетсіз банк үшін нашар жаққа қарай едәуір айырмашылығы болатын шарттарда не негіздері болмаса да, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) берілуі не иеліктен шығарылуы;

4) банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміленің төлемге қабілетсіз банктің бір кредиторларының талаптарын басқалардың алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келуі;

5) егер енгізілген өзгерістердің салдарлары төлемге қабілетсіз банктің залалдарына алып келсе (алып келетін болса), кепіл туралы шарттың талаптарына кепіл нысанасын төлемге қабілетсіз банк үшін нашар жаққа қарай өзгерту көзделетін өзгерістердің енгізілуі.

3. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде жауапкер – мәміле бойынша алғанның бәрін қайтаруға, оларды заттай қайтару мүмкін болмаған кезде қайтарылуға жататын мүліктің, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын өтеуге міндетті.

Мүлікті қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік жоғалуына, бүлінуіне не кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты өтеусіз берілген кезде талап етілетін мүліктің бастапқы сатып алушылары жоғалған, бүлінген не үшінші

тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің құны шегінде осыған байланысты туындаған залалдарды өтеу бойынша жауапты болады.

Бастапқы сатып алушылардың мүлік құнын өтеуі мүмкін болмаған кезде төлемге қабілетсіз банктің мүлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдаған тұлға сот тәртібімен субсидиарлық жауаптылыққа тартылуға тиіс.

4. Уәкілетті органның немесе банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) арызы бойынша қозғалған істе банкті төлемге қабілетсіз банктердің санатынан шығарғаннан кейін соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін банк не банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) талапкер деп танылады.";

54) 62-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банкті төлемге қабілетсіз банктердің санатына жатқызған және оған осы Заңның 61-8-бабында көзделген реттеу жөніндегі шаралар қолданылған жағдайда, ол консервациялауға ұшыратылуы мүмкін.

Консервациялау төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды іске асырған кезде, төлемге қабілетсіз банкке бақылау орнату үшін уәкілетті орган мәжбүрлеп енгізетін төлемге қабілетсіз банкті басқару мен оның қызметінің арнайы режимін білдіреді.";

2 және 5-тармақтар алып тасталсын;

55) 65-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"65-бап. Банкті консервациялау режимін енгізудің салдарлары. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) өкілеттіктері";

1-тармақтың в) тармақшасындағы "банкті басқару жөніндегі барлық өкілеттік" деген сөздер "банк органдарының барлық өкілеттіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

б) тармақшадағы "қабылданған депозиттер бойынша банкінің" деген сөздер "банктің депозиторлар мен өзге де кредиторлар алдындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) тармақшадағы "61-2 және 61-3-баптарына" деген сөздер "61-11 және 61-12-баптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

и) тармақшадағы "жүзеге асыруға құқылы." деген сөздер "жүзеге асыруға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы к) тармақшамен толықтырылсын:

"к) осы Заңның 61-8-бабында көрсетілген, төлемге қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды іске асыруға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.";

56) 73-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "8)" деген цифр "9)" деген цифрмен ауыстырылсын;

57) 74-2-бапта:

тақырыптағы "Таратылатын" деген сөз "Мәжбүрлеп таратылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Таратылатын" деген сөз "Мәжбүрлеп таратылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кредиторлардың белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылуға тиіс:

1) бірінші кезекте:

жалақыдан және (немесе) өзге кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру арқылы өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгені үшін өздерінің алдында мәжбүрлеп таратылатын банк жауапты болатын жеке тұлғалардың талаптары;

мәжбүрлеп таратылатын банктің басшы қызметкерлерін қоспағанда, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу мен оларға өтемақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді, жалақыдан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі талаптар қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның мәжбүрлеп таратылатын банк ұсынған есеп-қисапқа сәйкес, оның кепілдік берілетін депозиттер бойынша төлеген (төлейтін) өтем сомасы бойынша, банк мүлкінің мөлшері мен мәжбүрлеп таратылатын банктің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу шеңберінде басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы орны толтырылған айырманың сомасы бойынша талаптары қанағаттандырылады;

3) үшінші кезекте мәжбүрлеп таратылатын банк мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кепіл мүлкінің құнынан аспайтын мөлшердегі талаптар, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның клирингтік қатысушысы болып табылатын мәжбүрлеп таратылатын банк орталық контрагенттің қатысуымен бұрын жасасқан және орындамаған мәмілелер нәтижесінде туындаған осы клирингтік ұйымның талаптары қанағаттандырылады. Кепілге қойылған мүліктің жоғалғаны немесе бүлінгені үшін сақтандыру төлемі алынған жағдайда, кепілді кредиторлардың талаптары сақтандыру төлемімен жабылған бөлікте қанағаттандыруға жатпайды. Кепілге қойылған мүлік жоғалған жағдайда, осы талаптардың өтелмеген бөлігі сегізінші кезек шеңберінде өтелуге тиіс;

4) төртінші кезекте мәжбүрлеп таратылатын банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылмайтын жеке тұлғалардың депозиттері, оның ішінде мәжбүрлеп таратылатын ислам банкінде орналастырылған талап етілгенге дейінгі пайызсыз депозиттер және ақша аударымдары жөніндегі талаптар, сондай-ақ зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер жөніндегі, сақтандыру ұйымдарының "өмірді сақтандыру" саласы бойынша тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылған депозиттері жөніндегі талаптар қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте тек қайырымдылықпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ұйымдарымен және оған теңестірілген адамдардың ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен және осы заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын және олардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдармен, басқа да мүгедектер ұйымдарымен олардың банктік шоттардағы және депозитке орналастырылған қаражаты бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезекте мәжбүрлеп таратылатын банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылмайтын депозиторлардың – заңды тұлғалардың талаптары қанағаттандырылады;

7) жетінші кезекте салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ республикалық бюджеттің қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен берілген қарыздарды қайтару жөніндегі берешек өтеледі;

8) сегізінші кезекте Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі, оның ішінде мәжбүрлеп таратылатын банк мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың оған үшінші кезекке сәйкес жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасынан асатын бөліктегі талаптары қанағаттандырылады;

9) тоғызыншы кезекте мәжбүрлеп таратылатын банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылатын кредиторлардың – жеке және заңды тұлғалардың депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым кепілдік берілетін депозиттер бойынша өтем есебінен жаппаған сома бөлігіндегі талаптары қанағаттандырылады;

10) оныншы кезекте мәжбүрлеп таратылатын банктің субординарлық борышы және мерзімсіз қаржы құралдары бойынша есеп айырысулар жүргізіледі.";

58) 74-4-баптың 1-тармағында:

4) тармақшаның бірінші абзацында:

"қызметінде" деген сөзден кейін "депозиторлардың және (немесе) кредиторлардың мүдделеріне қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер," деген сөздермен толықтырылсын;

"анықталған" деген сөз "тарату комиссияларының қызметіндегі анықталған кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді," деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша "жағдайда," деген сөзден кейін "тарату комиссиясының мүшелерін ауыстыруға не банк ерікті түрде таратылған жағдайда оларды ауыстыруды талап етуге," деген сөздермен толықтырылсын;

59) 75-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын банктер мен өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

60) 77-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) және (немесе) санкцияларды қолдану туралы, банкті өзінің депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына жатқызу туралы, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, оған реттеу жөніндегі шараларды қолдану туралы шешімдеріне, сондай-ақ банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) консервациялау сатысындағы, соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) әрекеттеріне шағым жасау шағым жасалып отырған шешімнің орындалуын немесе әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтата тұрмайды.".

10. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін

жүзеге асыратын ипотекалық ұйымдарға және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

2) 5-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-4-бап. Қадағалап ден қою шаралары және санкциялар

Ипотекалық ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған, оның қызметінде кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер анықталған кезде, уәкілетті орган ипотекалық ұйымға "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды қолданады.";

3) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) кепіл берушінің кепіл мүлкін соттан тыс өткізу рәсімінің шеңберінде оның бағалау құнын айқындау үшін қарыз берушіге және (немесе) бағалаушыларға кепіл мүлкіне қолжетімділік ұсыну міндеті;

4-2) қарыз алушы өзі жауап беретін, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кепіл берушінің кепіл ұстаушының талаптарын соттан тыс тәртіппен қанағаттандыру мүмкіндігіне келісуі;

4-3) кепіл берушінің жеке басына байланысты өзгерістер болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде кепіл берушінің қарыз ұстаушыға осындай барлық өзгерістер туралы ақпарат беру міндеті.

Кепіл берушінің жеке басына байланысты өзгерістерге оның тұрғылықты жерінің өзгеруі, тегінің, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) ауысуы, жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыруы, кепіл берушімен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратының және байланыс тәсілінің өзгеруі жатады;"

4) 9-1-баптың бірінші бөлігінде:

"10-тармақтарында" деген сөздерден кейін ", 61-11-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында" деген сөздермен толықтырылсын;

"көзделген" деген сөздің алдынан ", сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-3-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 21-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы алып тасталсын;

6) 24-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы алып тасталсын;

7) 25-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "және жеке тұлға болып табылатын ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепіл беруші ипотека тіркелген жердегі органда тіркелген ипотеканы өткізуді сот тәртібінен тыс жүргізуден жазбаша бас тартуды бермегені" деген сөздер алып тасталсын;

8) 26-баптың 7-1) тармақшасы алып тасталсын;

9) мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

"33-1-бап. Соттан тыс сауда-саттықты жарамсыз деп тану негіздері

Соттан тыс сауда-саттық мынадай негіздер бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін:

1) осы Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген мән-жайлардың болуы;

2) міндеттемелердің орындалмағаны туралы және ипотекалық шартты тіркеген органның сауда-саттықты ықтимал өткізуі туралы хабарламаны тіркеудің болмауы;

3) сауда-саттық туралы хабарландыру алғашқы жарияланған кезден бастап және оны өткізген кезге дейін осы Заңның 25-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мерзімнің бұзылуы;

4) егер қарыз алушының кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемесін орындау мерзімінің өтуі міндеттеменің орындалмауы туралы хабарлама табыс етілген кезге екі айдан аз болса;

5) осы Заңның 28-бабына сәйкес жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, Қазақстан Республикасының астанасы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында сауда-саттық туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жариялаудың болмауы;

6) осы Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарында сауда-саттық туралы хабарландырудың сауда-саттық өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен аз мерзімде жариялануы;

7) осы Заңның 26 және 27-баптарында көзделген хабарламаларда мәліметтердің болмауы;

8) сауда-саттық туралы хабарландыруда осы Заңның 28-бабының 2-тармағында көзделген ақпараттың болмауы;

9) осы Заңның 29-бабында көзделген талаптардың бұзылуы;

10) сенім білдірілген тұлғада сауда-саттық өткізуге өкілеттіктердің болмауы."

11. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" 1997 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 87-құжат; 2001 ж. № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 15, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

1) осы Заңда қолданылатын ұғымдардың он екінші бөлігіндегі "және қайта есепке алу" деген сөздер алып тасталсын;

2) 78-баптың бірінші бөлігіндегі "және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта есепке алуына" деген сөздер алып тасталсын;

3) 82-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында берілген вексель валютасы теңге болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының

резиденті Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен операциялар бойынша шығарған, шетел валютасындағы вексельдің айналысына жол беріледі.";

4) 86-бапта:

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "мен қайта есепке алу" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші бөлік алып тасталсын.

12. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-I, 143-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

8) тармақша "аудит," деген сөзден кейін "өзге ақпарат аудиті," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-4) және 11-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-4) өзге ақпарат аудиті – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызмет туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға, оның ішінде стратегия мен бизнес модельге қатысты, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты процестерді және қаржылық есептілікпен байланысты емес ақпаратты тексеру;

11-5) өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды – өзге ақпарат аудитінің нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;"

2) 3-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-4) тармақшамен толықтырылсын:

"4-4) өзге ақпарат аудитін жүргізу және өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды жасау;"

3) 4-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 5-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің төртінші, бесінші, алтыншы, сегізінші және он бірінші абзацтарында көрсетілген ұйымдарға аудит жүргізу кезінде аудиторлық ұйым қаржылық есептілікте қамтылған ақпараттың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Өзге ақпарат аудиті Ұлттық Банктің талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 5-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктің бесінші абзацындағы "инвестициялық портфельді басқарушылар" деген сөздер "акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары сот банкрот деп таныған акционерлік қоғамдарға, сондай-ақ Ұлттық Банк лицензиясынан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.";

5) 7-бапта:

1-2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – Ұлттық Банк)" деген сөздер "Ұлттық Банкпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

"1-3) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексерілуге жататын мәселелер тізбесін, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, аудиторлық ұйымның оны ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптарды, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптарды келіседі;"

6) 17-бапта:

тақырып "аудит" деген сөзден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "бойынша аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудиті" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аудиторлық ұйым клиенттердің келісуімен Ұлттық Банкке беретін мәліметтерді қоспағанда, өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудитор және (немесе) аудиторлық ұйым алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды.";

7) 21-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін ішкі саясат пен рәсімдер, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесі, ақпараттық қауіпсіздік жүйесі, корпоративтік басқару жүйесі, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша қажетті құжаттаманы сұратуға және тексеруге;"

4) тармақша "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

5) тармақша "коммерциялық" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының өзге ақпаратының аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Ұлттық Банкке ұсынуға;"

8) 24-бапта:

тақырыптағы "квзимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, салықтар бойынша аудит" деген сөздер "салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

екінші абзац "мақсаттағы аудитті" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 25-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

1) тармақша "мақсаттағы аудитті" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен, "құжаттаманы" деген сөзден кейін ", оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "мақсаттағы аудитке" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитіне" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 27-бапта:

1-тармақта:

"мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын;

"басқа да ақпараттың" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өзге ақпарат" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "мақсаттағы аудит" деген сөздерден кейін ", өзге ақпарат аудитін" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 21, 382-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2005 ж., № 7-8, 22-құжат; 2007 ж., № 14, 102-құжат; 2011 ж., № 4, 37-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 12, 87-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2017 ж., № 21, 98-құжат):

5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сенімгердің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқарудың сенімгерлік операциялары;"

14. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 21, 122-

құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру брокерлеріне және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

2) 5-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарымен сақтандыру шарттарын жасасуға және оларды орындауға мынадай жағдайларда:

1) жұмыс істеу, оқу, емделу немесе демалу мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде уақытша болатын Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларына Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде осы тұлғалардың уақытша болған кезеңіне ғана;

2) Қазақстан Республикасының резиденттері теңіз көлігінің қызметтеріне (каботаж қызметтерін ұсынатын кемелерді қоспағанда), коммерциялық авиацияға, ғарыштық ұшуларды іске қосуға және оның фрахтына (спутниктерді қоса алғанда) байланысты тәуекелдерді, сондай-ақ тауарларды, көлік құралдарының өздерін тасымалдау және осыдан туындайтын жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыру бөлігінде жол беріледі.".

3) 15-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салу";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруіне тыйым салынады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға жеңілдікті жағдайлар беру мәні, мақсаты, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзімен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес тұлғамен жасамайтын мәмілені сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен немесе оның мүддесінде жасауды білдіреді, атап айтқанда:

1) басқа сақтанушыларға қарағанда сақтандыру тарифін төмендетіп қолдану не сақтандыру төлемін жоғарылатып жүзеге асыру;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға сатып алынатын мүлікке және (немесе) көрсетілетін қызметтерге құны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын мәміле немесе мәмілелер жиынтығы бойынша үшінші тұлғаларға осыған ұқсас сатып алынатын мүлік және (немесе) көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге қарағанда жоғары бағамен ақы төлеу;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға мүлікті осыған ұқсас мүлікті үшінші тұлғаларға сатқаннан төмен немесе нарықтық құнынан төмен құны бойынша сату;

4) уәжді пайымдауды пайдалану жолымен бұрын уәкілетті орган жеңілдікті жағдайлары бар мәмілелерге жатқызған мәмілелерді жасау.

Мәмілелерді жеңілдікті жағдайлары бар мәмілелерге жатқызудың қосымша өлшемшарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп мыналар танылады:

1) осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды адамы немесе басшы қызметкері, филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;

2) осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының лауазымды адамы, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалар орналастырылған акциялардың (артықшылықты және сатып алынған акцияларды қоспағанда) немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан көп пайызын иеленетін не лауазымды адамдары болып табылатын заңды тұлға;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғалары;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлға.

Уәкілетті орган уәжді пайымдауды пайдалану жолымен жеке немесе заңды тұлғаны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жатқызуға құқылы. Бұл жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның қадағалап ден қоюдың тиісті шарасын алған күннен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы жеке немесе заңды тұлғаны онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға деп таниды.

Тәуелсіз директор, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының (жарғылық капиталға

қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы осындай ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тәуелсіз директор болып табылатын лауазымды адамы басқару органдарында тәуелсіз директор болып табылатын заңды тұлғалар, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған өзге де тұлғалар осы баптың мақсаттары үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп танылмайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі осындай мәмілелердің үлгі шарттарын бекіткен және үшінші тұлғалармен жасалған осыған ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің шешімімен ғана жасалуы мүмкін.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға берілген (тұлғаларда орналастырылған) активтерге қатысты талап ету құқықтарынан бас тарту акционерлердің жалпы жиналысын кейіннен хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

Осы баптың 2-1-тармағында аталған тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен:

оның өзі;

оның кез келген жақын туысы немесе оның жұбайы (зайыбы);

ол немесе оның жақын туыстарының бірі, оның жұбайы (зайыбы) лауазымды адамы (тәуелсіз директорды қоспағанда) немесе ірі қатысушысы болып табылатын кез келген заңды тұлға арасындағы кез келген мәміле бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға қатыспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға арасындағы кез келген мәміле бойынша директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесі оның барлық шарттарын қарағаннан кейін ғана қабылдануы мүмкін.";

4-1-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар туралы, сондай-ақ осы тұлғалармен жасалған барлық мәмілелер туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша беруге міндетті.";

5-1-тармақ алып тасталсын;

4) 18-1-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасын қоспағанда, сақтандыру агенті жасаған, Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша сақтандыру ұйымына уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шарасы;"

5) 20-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқықты және осы баптың 1-1-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Аудиторлық ұйымның:

тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, оның акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз екенін;

тексерілетін сақтандыру брокеріне, оның акционерлеріне (қатысушыларына) және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз екенін;

тексерілетін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, оның акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз екенін;

лицензияға сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті және аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келетінін не резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының лицензиясына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екенін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда аудиторлық есеп жарамды деп танылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру холдингінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдардың, сондай-ақ сақтандыру тобына кіретін ұйымдар бір аудиторлық ұйымда қатарынан жеті жылдан аса не аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда қатарынан бес жылдан аса өзінің қызметіне аудит жүргізуге құқығы жоқ.

Осы тармақтың талабы банк конгломератының құрамына кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қолданылмайды.";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қаржы жылының қорытындысы бойынша аудит жүргізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясынан айырылған немесе мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда), сақтандыру холдингтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокерлері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым үшін міндетті. Аудиторлық ұйымның аудиторлық есебі мен ұсынымдарының көшірмелерін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокерлері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым және аудиторлық ұйымдар уәкілетті органға осы құжаттарды алған немесе олар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру холдингтеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдарға, сақтандыру брокерлеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынуға тиіс."

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйым, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қаржылық жағдайына әсер ететін, аудиторлық есепте көрсетілген кемшіліктерді уәкілетті орган айқындаған мерзім ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға – қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөнінде осы Заңның 53-3-бабында көзделген шараларды;

сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымға – осы Заңның 53-4-бабының 2-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Сақтандыру холдингі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайына әсер ететін, аудиторлық есепте көрсетілген кемшіліктерді аталған тұлғалар осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін сақтандыру холдингіне осы Заңның 53-4-бабының 3-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы."

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын;

"11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның активтерін, міндеттемелерін және шартты міндеттемелерін тану бөлігінде аудиторлық есепте жазылған, қаржылық есептілік және (немесе) қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы пікірлер мен тұжырымдардың уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелерінен ауытқуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан осындай ауытқу себептерін түсіндіруді талап етуге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 12, 13, 14 және 15-тармақтармен толықтырылсын:

"12. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтаған жағдайда, одан тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға, оның ішінде стратегия мен бизнес-модельге қатысты, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты өзге ақпаратқа аудит (бұдан әрі – өзге ақпарат аудиті) жүргізуді тексеруге жататын мәселелер тізбесін, аудиттелетін кезенді және аудиторлық ұйымның уәкілетті органға өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну мерзімін көрсете отырып, талап етуге құқылы.

Уәкілетті органның талап етуі бойынша өзге ақпарат аудитін жүргізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін міндетті.

Осы баптың 14-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзге ақпарат аудитін жылына бір реттен артық жүргізбейді, бір мәселе бойынша өзге ақпарат аудиті үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесі, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптар, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптар аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Аудиттің болжамды бағыттары, көлемі, жүргізілу сипаты, аудит жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістер мен стандарттардың ерекшеліктері сипатталған өзге ақпарат аудиті бойынша тексеру жоспары аудиторлық ұйымның уәкілетті органмен алдын ала келісуіне жатады.

Аудиторлық ұйым өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны уәкілетті органға ұсынады және ол жариялауға жатпайды.

Өзге ақпарат аудитінің нәтижелерін уәкілетті орган қадағалап ден қою шараларын қолданған кезде ескеруі мүмкін.

13. Аудитті немесе өзге ақпарат аудитін жүзеге асыру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйым, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым уәкілетті органмен келісу бойынша аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымды тартады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйым, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым аудит немесе өзге ақпарат аудитін жүргізуге шарт жасасқаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды аудиторлық ұйымды таңдағаны туралы хабардар етеді. Өзге ақпарат аудиті жағдайында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның алдында өзге ақпаратқа аудиторлық ұйым болып табылмайтын ұйымның аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізуі туралы өтінішхат беруге құқылы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтінішхатын уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Өзге ақпарат аудитін жүргізу тәртібіне осы бапта белгіленген талаптар өзге ақпаратқа аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізу тәртібіне қолданылады.

Уәкілетті орган өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны аудиторлық ұйым шығарғанға дейін аудиторлық ұйымға осы баптың 8-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың келісімінсіз, құпиялық жөніндегі талаптарды ескере отырып, осы баптың 8-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларды тексеру нәтижелері бойынша ақпаратты және түсініктемелерді, сондай-ақ сақтандыру құпиясын және (немесе) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоса алғанда, олардың қызметіне байланысты, оның ішінде уәкілетті органның уәжді пайымдауына негізделген өзге де ақпаратты беруге құқылы.

Аудиторлық ұйым осы тармақтың бесінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган жіберген ақпаратқа міндетті бағалау мен талдау жүргізеді. Аудиторлық ұйым жүргізілген бағалау мен талдау нәтижелерін өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепте немесе аудиторлық қорытындыда қамтылған пікірлер мен тұжырымдарды білдірген кезде пайдаланады.

14. Сот өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны жарамсыз деп таныған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйым, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым аудитті және (немесе) өзге ақпарат аудитін қайта жүргізуге міндетті.

15. Уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде клиенттер тізбесі жөніндегі мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты талап етуге құқылы. Клиенттер жөніндегі мәліметтер аудиторлық ұйым клиенттерінің келісуімен беріледі.";

6) 26-бапта:

7-тармақтың 1) тармақшасындағы "жоғары" деген сөз "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы не сақтандыру холдингі белгілерін уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз иеленген кезде уәкілетті орган осы тұлғаға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын алты айдан аспайтын мерзімде өткізу жөніндегі талаптар бөлігінде осы Заңның 53-4-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

18-тармақта:

бірінші бөлік "өзгеруі туралы" деген сөздерден кейін ", мұндай өзгеріс сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің меншікті акцияларды өзге акционерлерден сатып алу салдарларынан орын алған жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, сақтандыру холдингінің өтініші бойынша не көрсетілген фактіні өз бетінше анықтаған жағдайда осы факт анықталған күннен бастап екі ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды" деген сөздер "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, сақтандыру холдингінің өтініші бойынша уәкілетті органның бұрын берілген жазбаша келісімі уәкілетті орган көрсетілген өтінішті алған күннен бастап күші жойылды деп есептеледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақ алып тасталсын;

22-тармақтағы "немесе 61-4-баптарында" деген сөздер "61-4, 61-11 және 61-12-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 26-1-бапта:

1-тармақтың 11) тармақшасындағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлеуге қабілетсіз банктердің санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу үшін өтініш беруші мүлкінің құны (өтініш берушінің міндеттемелерін шегере отырып) жеткіліксіз болса;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өтініш берушінің орнықсыз қаржылық жағдайының болуын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның клиенттеріне нұқсан келтіру ықтималдығын куәландыратын өзге де негіздер өтініш берушінің орнықсыз қаржылық жағдайының белгісі болып табылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

8) 32-бапта:

4-тармақтың 12) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақта:

б) тармақшадағы "бар екендігін растайтын құжаттардың" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш берілген күнге және құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің және (немесе) иемдену болжанып отырған еншілес ұйымның қадағалап ден қоюдың қолданыстағы шараларының және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 227, 229, 230-баптарында, 239-бабының төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаларының болуы;"

10-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды" деген сөздер "осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "өздерімен үлестес тұлғалар болып табылмайтын" деген сөздер "олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11-тармақтың бесінші бөлігінде:

бірінші сөйлемдегі "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды" деген сөздер "осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғалары болып табылмайтын" деген сөздер "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен және (немесе) сақтандыру холдингімен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың үшінші бөлігіндегі "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен және (немесе) сақтандыру холдингімен үлестес тұлғалар болып табылмайтын" деген сөздер "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен және (немесе) сақтандыру холдингімен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 33-бапта:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Заңның 53-5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қолданыстағы санкцияның болмауы, сондай-ақ филиал әділет органдарында есептік тіркелген күннің алдындағы үш ай ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 227-бабының екінші бөлігінде, 229, 230-баптарында, 239-бабының төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаларды уәкілетті органның қолданбауы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің филиалдарын ашудың міндетті шарттары болып табылады.";

16-тармақтың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларының және (немесе) санкциялардың бірін" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 34-бапта:

3-тармақтың 4) тармақшасындағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

"(сайланған) күннен бастап өз қызметін" деген сөздер "(сайланған, тиісті функциялар берілген) күннен бастап не заңды тұлға сақтандыру холдингі мәртебесін алған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алған күннен бастап тиісті функцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"атқаруға" деген сөз "жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Сақтандыру" деген сөз "Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын қоса алғанда, сақтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақшаның бірінші абзацындағы "санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын қолданған және

(немесе) оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті органның тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуына немесе осы баптың 6-тармағында көзделген мерзімде құжаттар уәкілетті органға келісуге ұсынылмауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерімен еңбек шарты бұзылған немесе оның өкілеттігі тоқтатылған немесе осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы, осы сақтандыру брокеріндегі өзге лауазымға ауыстырылған жағдайда, осы адам осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, осы сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына өзін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуды алған не өзімен еңбек шарты бұзылған немесе өкілеттігі тоқтатылған немесе өзге лауазымға ауыстырылған соң күнтізбелік тоқсан күннен кейін, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері уәкілетті органды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің тиісті органының шешімі қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттігін тоқтатуды қоса алғанда, басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін басшы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері уәкілетті органды осы ақпарат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және сақтандыру брокеріне белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

11-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті органның осы Заңның 53-3-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген қадағалап ден қою шарасын қолдануы;"

4) тармақша алып тасталсын;

11) 37-баптың 2-тармағында:

бірінші абзац "лицензия алу үшін" деген сөздерден кейін "уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы "құжаттарды;" деген сөз "құжаттарды ұсынады." деген сөздермен ауыстырылып, 7) тармақша алып тасталсын;

12) 43-бапта:

38) тармақша алып тасталсын;

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларына, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, олардың басшы қызметкерлеріне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға орындалуы міндетті қадағалап ден қою шарасын қолдануға құқылы;"

13) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлердің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін тексеру

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлердің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін тексеруді уәкілетті орган дербес не басқа да мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру брокерлері, сақтандыру холдингтері, сақтандыру топтары, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлер, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары тексеруші органға уәкілетті органның тексеру тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге, сондай-ақ кез келген лауазымды адамдарға және қызметкерлерге сауал қою мүмкіндігін және ақпаратты тексеру үшін қажет кез келген дереккөздерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

3. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлердің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін тексеру барысында алынған, сақтандыру құпиясын не коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін жауапты болады.

4. Уәкілетті органның қызметкерлеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлердің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

5. Өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген өкілеттіктер шегінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің оқшауланған бөлімшелерінің, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийлердің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтары туралы хабарлауға міндетті.

6. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы – заңды тұлға, сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне мынадай шарттардың бірі орындалған кезде қолданылмайды:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілері бар тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органынан аталған Қазақстан Республикасының бейрезидент-тұлғаларының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төмен талап етілетін рейтингінің болуы. Ең төмен рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

14) 46-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру холдингі, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының (артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғалар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, пруденциялық нормативтерді белгіленген деңгейден төмен емес деңгейде ұстап тұру бойынша шаралар қолдануға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, оның ішінде уәкілетті органның талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының меншікті капиталын ұлғайту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Уәкілетті орган осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде сақтандыру холдингіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына осы Заңның 53-4-бабында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

15) 47-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қалыптастырған сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігін бағалауды уәкілетті орган, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып жүзеге асырады.";

16) 52-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті орган тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.";

17) 10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Қадағалап ден қою шаралары, санкциялар және өзге де ықпал ету шаралары";

18) 53, 53-1, 53-2 және 53-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Ерте ден қою шаралары

1. Сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау үшін талдауды жүзеге асырады.

2. Сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру тобының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган сақтандыру тобының қызметін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау үшін талдауды жүзеге асырады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) оны тексеру қорытындысы бойынша осы баптың 1-

тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның акционерлеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық орнықтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу жөнінде ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын ұсыну бойынша жазбаша нысанда талап жібереді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармағы бойынша орындау мерзімдері мен жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері жоспарда белгіленген мерзімдерде оны орындау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның ірі қатысушыларына (сақтандыру холдингтеріне) осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.

4. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) сақтандыру холдингіне не сақтандыру тобының қатысушыларын тексеру қорытындысы бойынша осы баптың 2-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушысына сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру тобының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу жөнінде ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын ұсыну бойынша жазбаша түрде талап жібереді.

Сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармағы бойынша орындалу мерзімдері мен жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде уәкілетті орган сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары жоспарда белгіленген мерзімдерде оны орындау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде сақтандыру холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық орнықтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген мерзімдерде ұсынылмаған, осы жоспардың іс-шаралары орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру

) ұйымына (сақтандыру холдингіне) және (немесе) оның ірі қатысушыларына осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шаралары қолданылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін фактор (факторлар) тиісті жоспардың (жоспарлардың) мерзімдері және іс-шаралары аяқталғаннан кейін жойылмаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (сақтандыру холдингіне) және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) басшы қызметкерлеріне осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шаралары қолданылады.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің және (немесе) ірі қатысушының іс-шараларды өздеріне байланысты емес себептермен іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын орындау мерзімін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің және (немесе) ірі қатысушының өтінішхаты бойынша ұзартуы мүмкін.

7. Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау тәртібі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

53-1-бап. Қадағалап ден қою шаралары

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушыларының (пайда алушыларының) заңды мүдделерін қорғау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру қызметіне байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, олардың басшы қызметкерлеріне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге қадағалап ден қою шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қою шараларын қолдануға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қызметінде уәкілетті орган бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру шеңберінде, оның

ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықтаған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) оның сақтанушыларының (пайда алушыларының) мүдделеріне және (немесе) Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның басшы қызметкерлерінің олардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) сақтанушылардың (пайда алушылардың) мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтау;

4) басшы қызметкердің (басшы қызметкерлердің) әрекеттері (әрекетсіздігі) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға және (немесе) сақтанушыларға (пайда алушыларға) залал келтіргенін куәландырады деп тану үшін жеткілікті деректер;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаның, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (оның ішінде ірі қатысушы бақылау жасайтын ұйымдардың), сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымдардың нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына залал келтірген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттерді жасауы;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғалардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының (оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы бақылау жасайтын ұйымдардың), сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымдардың орнықсыз қаржылық жағдайы;

7) осы Заңға сәйкес бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларын орындамау;

8) уәкілетті органға есептілікті немесе мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті орган сұрататын өзге ақпаратты ұсынбау не оларды анық емес ұсыну;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру тобының, сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің тексеру жүргізуге оны белгіленген мерзімдерінде жүргізу мүмкіндігін бермей кедергі келтіруі;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымның аудиторлық есепте көрсетілген, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық

жағдайына әсер ететін кемшіліктерді осы Заңның 20-бабының 10-тармағында көзделген мерзімдерде жоймауы.

3. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) таңдап алынған қадағалап ден қою шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

6) бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларының болуы және тиімділігі (нәтижелілігі);

7) қолданылатын қадағалап ден қою шарасының оны қолдану негіздеріне барабарлығы;

8) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және (немесе) тәуекелдердің туындауына негіз болған себептер;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қызметінде анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жоюға бағытталған дербес шараларды қолдануы, осыған байланысты қолданылған шараларды іске асыру жөніндегі нақты шараларды жүзеге асырудың (жүзеге асырмаудың) тиімділігі және (немесе) осындай шараларды қолдануға әзірлігі.

4. Уәкілетті орган мынадай қадағалап ден қою шараларын қолданады:

1) осы Заңның 53-2-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары;

2) осы Заңның 53-3-бабына сәйкес қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар;

3) осы Заңның 53-4-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары.

5. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру холдингіне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, олардың басшы қызметкерлеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаларға, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларына

қарамастан, оларға осы баптың 4-тармағында айқындалған қадағалап ден қою шараларының кез келгенін қолдануға құқылы.

6. Қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

53-2-бап. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары

1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру тобының және (немесе) сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымның, сақтандыру холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қызметінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығына елеулі әсер етпейтін, олардың қаржылық жағдайына және (немесе) сақтандыру қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларының (пайда алушыларының) мүдделеріне қатер төндірмейтін жағдайларда қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары мыналарды қамтиды:

1) анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жекелеген органдарының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымның, сақтандыру холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның назарына осы ақпаратты (қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын) жеткізе отырып, хабардар ету;

2) уәкілетті органның анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдарын беру;

3) уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану ықтималдығы туралы ескерту.

3. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы уәкілетті органның хатымен ресімделеді.

53-3-бап. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар

1. Уәкілетті орган анықталған, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру тобының және (немесе) сақтандыру тобы құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының, сақтандыру

төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды:

1) төлеу қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін және (немесе) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативін уәкілетті орган белгілеген ең төмен мәндерден жоғары ұстап тұру;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын қоса алғанда, жекелеген мәміле түрлерін жасауды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

3) шығыстарды қысқарту, оның ішінде жұмыскерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, жекелеген филиалдар мен өкілдіктерді, еншілес ұйымдарды жабу, басшы қызметкерлердің ақшалай сыйақыларын және басқа да материалдық көтермелеу түрлерін шектеу арқылы қысқарту;

4) белгілі бір актив түрлеріне инвестицияларды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

5) сақтандыру резервтерін қосымша қалыптастыру;

6) жеке және (немесе) заңды тұлғаны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, сақтандыру холдингімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға деп тану;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, сақтандыру холдингімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен жеңілдікті шарттарда жасалған мәмілелердің шарттарын жеңілдікті шарттармен мәміле жасалған күні үшінші тұлғалармен жасалған осыған ұқсас мәмілелер шарттарына өзгерту;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, сақтандыру холдингімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен операцияларды шектеу;

9) жай және (немесе) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есепке жазуды және (немесе) төлеуді тоқтату;

10) ішкі саясаттар мен рәсімдерді, тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне лимиттерді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау рәсімін қайта қарау;

11) осы Заңның 34-бабында аталған адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі, сақтандыру брокері осы Заңның 34-бабында аталған адамдарды уәкілетті орган осы қадағалап ден қою шарасын қолданғанға дейін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттеткен жағдайда, шеттету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады. Басшы қызметкерге осы қадағалап ден қою шарасын қолданған кезде уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алады;

12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның ірі қатысушысына және (немесе) сақтандыру холдингіне тиесілі мүліктің құнына бағалау жүргізу;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтанушыларының (пайда алушыларының) құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал ететін себептерді және (немесе) жағдайларды жою;

14) сақтандыру агенттерінің тізілімінен сақтандыру агентін алып тастау;

15) олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар жазбаша нұсқама немесе жазбаша келісім нысанында қолданылады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру холдингіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына осы баптың 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қолдануға және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігіне нұсқама жазбаша нұсқама болып табылады.

Іс-шаралар жоспарында кемшіліктердің, тәуекелдердің немесе бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты басшы қызметкерлер көрсетіледі.

4. Уәкілетті орган мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру холдингі немесе сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдар немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру брокері немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым арасында жасалған, анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдерін және (немесе) анықталған бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер жойылғанға дейін аталған тұлғалар өздеріне қабылдайтын шектеулердің тізбесін көрсете отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру холдингі немесе сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдар немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым тарапынан міндетті түрде қол қоюға жатады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйым, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және жазбаша келісімде

көрсетілген шаралардың осы құжаттарда көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге байланысты емес себептермен жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде бұзушылықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы және (немесе) іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау бойынша мерзім уәкілетті орган белгілеген күнге дейін ұзартылуы мүмкін.";

19) мынадай мазмұндағы 53-4 және 53-5-баптармен толықтырылсын:

"53-4-бап. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру холдингіне және сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға:

1) осы Заңның 20-бабының 10-тармағында, 26-бабының 14-1-тармағында, 46-бабының 4-тармағында көзделген;

2) қадағалап ден қоюдың өзге де шараларын қолдану сақтанушылардың (пайдаланушылардың) заңды мүдделерін қорғауды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің қызметіне байланысты тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ете алмаған;

3) сақтандыру холдингінің және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының әрекеттері (әрекетсіздігі) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің қаржылық жағдайын одан әрі нашарлатуға алып келуі мүмкін жағдайларда, қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы белгілері бар тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысынан оның тікелей немесе жанама иелену үлесін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру холдингінен оның тікелей немесе жанама иелену үлесін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тәуекелге ұшырататын өзі мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасындағы операциялардың (тікелей және жанама) жүзеге асырылуын тоқтата тұруды талап етуге;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан және сақтандыру холдингінен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру холдингі акционері (қатысушысы) болып табылатын ұйымдарға, сондай-ақ сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және (немесе) сақтандыру холдингін не сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарды тәуекелге ұшырататын өздерінің арасындағы операциялардың (тікелей және жанама) жүзеге асырылуын тоқтата тұруды талап етуге;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру холдингінен өзінің еншілес ұйымын немесе капиталында өздерінің қомақты қатысуы бар ұйымдарды иелену немесе бақылау үлесін иеліктен шығаруды талап етуге;

5) сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдардан сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарды тәуекелге ұшырататын өздері мен үлестес тұлғалары арасындағы операциялардың (тікелей және жанама) жүзеге асырылуын тоқтата тұруды талап етуге;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының меншікті капиталын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде ұлғайту мақсатында сақтандыру холдингінен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын немесе сақтандыру тобын қосымша капиталдандыру жөнінде шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлға осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 20-бабы 10-тармағының екінші бөлігінде көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару бекітіледі. Бұл акциялар уәкілетті органға сенімгерлік басқаруға үш айға дейінгі мерзімге беріледі.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда, акцияларды сенімгерлік басқару бекітілетін мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды бекіту туралы шешімінде айқындалады.

Уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезеңінде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлға уәкілетті орган алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өздеріне тиесілі барлық акцияларын өтінішхатта көрсетілген тұлғаларға сату туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтінішхатта көрсетілген акцияларды сатып алушылар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда, уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару бекітілген мерзім өткенге дейін сенімгерлік басқаруға беру негіздері жойылмаған кезде уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг акцияларды өткізу туралы шешім қабылданған күнге қалыптасқан нарықтық құн бойынша ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында оларды өткізу жолымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сенімгерлік басқарудағы акцияларын иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда, акцияларды өткізу бағасын бағалаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Көрсетілген акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сату жөніндегі іс-шаралар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің әрекеттерді жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға бұрын оларға қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, мынадай санкцияларды қолдануға құқылы:

1) осы Заңның 54 және 59-баптарында белгіленген негіздер бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру;

2) осы Заңның 55-1, 55-2, 55-3, 55-4 және 55-5-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен консервациялауды енгізу;

3) осы Заңның 55 және 60-баптарында көзделген негіздер бойынша лицензиядан айыру;

4) осы Заңның 29-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсатты кері қайтарып алу;

5) осы Заңның 61-бабының шарттарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын оның акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алу және оларды жаңа инвесторға өткізу туралы шешім қабылдау;

6) осы Заңның 37-1-бабының 3-тармағында көзделген негіз бойынша сақтандыру портфелін мәжбүрлеп беру туралы шешім қабылдау.

2. Санкцияларды қолданудың орындылығын айқындау және лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру түрінде санкцияларды таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің туындауына негіз болған себептер;

6) сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қызметінде анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жоюға бағытталған дербес шараларды қолдануы.";

20) 54-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "шектеулі ықпал шараларының" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-2) тармақшадағы "аффилиирленген" деген сөз "ерекше қатынастар арқылы байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 8-1) тармақшалар алып тасталсын;

15) тармақшадағы "53-1-бабының 2-тармағына сәйкес қойылатын талаптарды орындамағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокері лицензиясының қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады." деген сөздер "53-4-бабының 2-тармағына сәйкес қойылатын талаптарды орындамағанда;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес келмегенде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокері лицензиясының қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.";

21) 55-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шараларын бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) орындамаған;"

22) 56-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру қызметі субъектілерін және сақтандыру брокерін лицензияларынан айыру туралы шешім уәкілетті орган оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. Лицензиядан айыру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.";

23) 59-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шараларының талаптарын және уәкілетті органның өзге де талаптарын орындамаған;"

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) актуарлық қызметті Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырған;

3) уәкілетті органға жіберілген, оның ішінде лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталған;"

б) тармақшадағы "алты" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Актуарий лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.";

24) 60-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Актуарийді лицензиясынан айыру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.";

25) 73-баптың 1-тармағында:

4) тармақшаның бірінші абзацы "қызметінде" деген сөзден кейін " сақтанушылардың (пайда алушылардың) және (немесе) өзге кредиторлардың мүдделеріне қатер төндіретін жағдайды туындатуы мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер," деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "жағдайда," деген сөзден кейін "тарату комиссиясының мүшелерін ауыстыруға не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті түрде таратылған жағдайда оларды ауыстыруды талап етуге" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 74-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері уәкілетті органға анық және толық қаржылық және өзге де есептілікті уақтылы ұсынуға міндетті."

27) 74-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-1-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының және сақтандыру холдингтерінің есептілігі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ірі қатысушыларының және сақтандыру холдингтерінің қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесі, нысандары, сондай-ақ оларды уәкілетті органға ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы баптың 1-тармағында көзделген есептіліктен бөлек, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға салық органының салық декларациясын қабылдағанын растайтын хабарламасымен қоса жеке табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесін ұсынуға тиіс.";

28) 78-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қоспағанда) және (немесе) санкцияларды қолдану туралы шешіміне, сондай-ақ консервациялау сатысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушысының), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушысының) әрекеттеріне шағым жасау шағым жасалып отырған шешімді немесе әрекеттерді (әрекетсіздікті) орындауды тоқтата тұрмайды."

15. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 9, 85-құжат; 2003 ж., №11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Қадағалап ден қою шаралары

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құзыретіне реттеу кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Даму Банкіне "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.

Даму Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін белгіленген мерзімдерінде қадағалап ден қою шараларының орындалуы туралы хабардар етуге міндетті."

16. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42, 45-құжаттар; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 22-баптың 5-тармағының 2-1) тармақшасындағы "және "Сақтандыру қызметі туралы" деген сөздер ", "Сақтандыру қызметі туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 30-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу жөнінде шараларды қолдану туралы уәкілетті органның шешімі";

6-тармақта:

"Бағалы қағаздар" деген сөздерден кейін "және өзге де ақшалай міндеттемелер" деген сөздермен толықтырылсын;

"қайта құрылымдау" деген сөздерден кейін ", төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу жөнінде шаралар қолдану" деген сөздермен толықтырылсын";

3) 78-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот банкрот деп таныған қоғамды, сондай-ақ уәкілетті орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесіндегі банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда, қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті."

17. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

1) 3-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1-бап. Қадағалап ден қою шаралары

1. Уәкілетті орган Қордың, Қорға қатысушы-сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын, Қордың, Қорға қатысушы-сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің Қордың қаржылық жағдайын нашарлатқан құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтаған жағдайда, уәкілетті орган Қорға, Қорға қатысушы-сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген қадағалап ден қою шараларын қолдануға құқылы.

2. Уәкілетті орган анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында осы Заңның 4-1-бабының 1-тармағында аталған адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету түрінде қаржылық жай-күйді жақсарту және (немесе) Қордың тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды Қордың басшы қызметкерінің лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді мынадай негіздердің бірі бойынша кері қайтарып ала отырып бір мезгілде қолданады:

1) Қор активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау тәртібі мен мөлшерін бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзу;

2) кепілдік төлемдерін, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда қатысушы-сақтандыру ұйымына берілетін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін төлеу, сондай-ақ жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге арналған шығыстарды өтеу жөніндегі төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

3) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуының өзіне белгілі болған фактілері туралы уәкілетті органды бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) хабардар етпеу;

4) өз функцияларын жүзеге асыру процесінде алынған қатысушы-сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға (уәкілетті органды қоспағанда) жария ету немесе беру;

5) Қордың аудиторлық есепте көрсетілген кемшіліктерді Қор аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймауы;

6) уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде қоятын талаптарын орындамау.";

2) 3-2-бап алып тасталсын;

3) 4-баптың 1-тармағының 8 және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын қоса алғанда, келісім беру тәртібін және келісім алу үшін қажет құжаттардың тізбесін белгілейді;

9) Қорға, қатысушы-сақтандыру ұйымдарына Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде қадағалап ден қою шараларын қолданады;"

4) 4-1-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қордың басшы қызметкері тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) күннен бастап тиісті функцияларды уәкілетті органның келісімінсіз күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға құқылы.";

4-тармақта:

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақшаның бірінші бөлігіндегі "санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын қолданған және (

немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті органның тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуына немесе осы баптың 3-тармағында көзделген мерзімде құжаттар уәкілетті органға келісуге ұсынылмауына байланысты Қордың басшы қызметкерімен еңбек шарты бұзылған немесе оның өкілеттігі тоқтатылған немесе Қордағы өзге лауазымға ауыстырылған жағдайда, осы адам Қордың басшы қызметкері лауазымына өзін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуды алған не өзімен еңбек шарты бұзылған немесе өкілеттігі тоқтатылған немесе өзге лауазымға ауыстырылған соң күнтізбелік тоқсан күннен кейін, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

Қор уәкілетті органды Қордың тиісті органының шешімі қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттігін тоқтатуды қоса алғанда, басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін басшы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда, Қор уәкілетті органды осы ақпарат Қорға белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

7-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті органның осы Заңның 3-1-бабының 2-тармағында көрсетілген қадағалап ден қою шарасын қолдануы;"

3) тармақшадағы "болуы;" деген сөз "болуы негіздері бойынша кері қайтарып алуға құқылы." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша алып тасталсын;

5) 6-баптың 2) тармақшасында:

"сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шектеулі ықпал ету" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 14-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында

көзделген санкцияларды және қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-5-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген санкцияларды және қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; №11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 1-бапта:

1) және 47-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агенттік облигация – эмитенті қаржы агенттігі немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға болып табылатын облигация;"

"47-1) клирингтік қатысушы – клирингтік ұйыммен (орталық контрагентпен) клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 47-2) және 47-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"47-2) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қоры – клирингтік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылған және клирингтік қатысушыларға қызмет көрсету кезінде клирингтік ұйым (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат;

47-3) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) резервтік қоры – клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) меншікті активтері есебінен қалыптастырылған және клирингтік ұйым (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат;"

75) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"75) орталық контрагент – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, сондай-ақ тауар биржасында қаржы құралын әрбір сатушы және әрбір сатып алушы үшін жасалатын мәмілелер бойынша тарап ретінде әрекет ететін ұйым;"

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

3) 3-баптың 2-тармағында:

19-1) және 19-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына осы Заңның 3-3-бабында белгіленген қадағалап ден қою шараларын және (немесе) осы Заңның 3-6-бабында белгіленген санкцияларды қолданады;

19-2) эмитенттерге осы Заңның 3-1-бабында белгіленген шектеулі ықпал ету шараларын және (немесе) санкцияларды қолданады;"

мынадай мазмұндағы 19-4) тармақшамен толықтырылсын:

"19-4) кәсіби ұйымға орындалуы үшін міндетті нұсқама жібереді;"

4) 3-1-бапта:

тақырып "Уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "эмитентке" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының бұзушылықтарын анықтаған, эмитенттің лауазымды адамдарының құқыққа сыйымсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған, сондай-ақ уәкілетті органның осы Заңда және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де талаптары орындалмаған жағдайларда, уәкілетті орган эмитентке мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға:"

3) тармақшадағы "жасауға;" деген сөз "жасауға құқылы." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Бағалы қағаздар нарығының субъектісіне" деген сөздер "Эмитентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"бағалы қағаздар нарығының субъектісіне не оның басшы қызметкеріне (қызметкерлеріне)" деген сөздер "эмитентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

"хабарлауы" деген сөз "хабарламасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

"бағалы қағаздар нарығы субъектісі" деген сөздер "эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бағалы қағаздар нарығының субъектісі" деген сөздер "эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "бағалы қағаздар нарығының субъектісі" деген сөздер "эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Бағалы қағаздар нарығының субъектісі" деген сөздер "Эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Шектеулі" деген сөз "Эмитентке шектеулі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

"бағалы қағаздар нарығы субъектісіне" деген сөздер "эмитентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қолданылған" деген сөзден кейін "шектеулі" деген сөзбен толықтырылсын;

9-тармақтағы "бағалы қағаздар нарығының субъектісіне" деген сөздер "эмитентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті орган эмитентке Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану түрінде санкциялар қолдануға құқылы.";

5) 3-2-бапта:

2-тармақта:

екінші бөліктегі "лауазымды адамдарды" деген сөздер "басшы қызметкерлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын қолданады.";

3-тармақтағы "ықпал етудің шектеулі шаралары және (немесе) санкциялар" деген сөздер "қадағалап ден қою шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі" деген сөздер "Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "банктер" деген сөзден кейін "және Ұлттық пошта операторы" деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 3-3, 3-4, 3-5 және 3-6-баптармен толықтырылсын:

"3-3-бап. Қадағалап ден қою шаралары

1. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің, бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың заңды мүдделерін қорғау, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына және бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметіне байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың басшы қызметкерлеріне қадағалап ден қою шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қою шараларын қолдануға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу;

2) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметте уәкілетті орган бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру шеңберінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықтаған, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың мүдделеріне қатер төндіретін жағдайдың жасалуына алып келуі мүмкін кемшіліктер және (немесе) тәуекелдер;

3) басшы қызметкерлердің бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тұрақты жұмыс істеуіне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтау;

4) басшы қызметкердің (басшы қызметкерлердің) әрекеттері (әрекетсіздігі) уәкілетті органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді және (немесе) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және (немесе) олардың клиенттеріне және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторларға залал келтіргенін куәландырады деп тану үшін жеткілікті деректер;

5) инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның нәтижесінде

инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттерді жасауы;

6) инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаның орнықсыз қаржылық жағдайы;

7) осы Заңға сәйкес бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларын орындамау;

8) уәкілетті органға есептілікті немесе мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті орган сұрататын өзге ақпаратты ұсынбау не оларды анық емес ұсыну;

9) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының тексеру жүргізуге оны белгіленген мерзімдерінде жүргізу мүмкіндігін бермей кедергі келтіруі;

10) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудиторлық есепте көрсетілген, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді осы Заңның 55-1-бабының 6-тармағында көзделген мерзімдерде жоймауы.

3. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы және маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) таңдап алынған қадағалап ден қою шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

6) бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларының болуы және тиімділігі (нәтижелілігі);

7) қолданылатын қадағалап ден қою шарасының оны қолдану негіздеріне барабарлығы;

8) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және (немесе) тәуекелдердің туындауына негіз болған себептер;

9) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының қызметінде анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жоюға бағытталған дербес шараларды қолдануы, осыған байланысты қолданылған шараларды іске асыру жөніндегі нақты шараларды жүзеге асырудың (жүзеге асырмаудың) тиімділігі және (немесе) осындай шараларды қолдануға әзірлігі.

4. Уәкілетті орган мынадай қадағалап ден қою шараларын қолданады:

- 1) осы Заңның 3-4-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары;
- 2) осы Заңның 3-5-бабына сәйкес қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар;
- 3) осы Заңның 72-3-бабына сәйкес қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары.

5. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына бұрын қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, оларға осы баптың 4-тармағында айқындалған қадағалап ден қою шараларының кез келгенін қолдануға құқылы.

6. Қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3-4-бап. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының қызметінде, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық орнықтылығына елеулі әсер етпейтін, оның қаржылық жағдайына қатер төндірмейтін жағдайларда қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.

2. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары мыналарды қамтиды:

1) анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының жекелеген органдарының назарына осы ақпаратты (қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын) жеткізе отырып, хабардар ету;

2) уәкілетті органның анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдарын беру;

3) уәкілетті орган кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану ықтималдығы туралы ескерту.

3. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы уәкілетті органның хатымен ресімделеді.

3-5-бап. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар

1. Уәкілетті орган анықталған, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мақсатында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды:

1) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін уәкілетті орган белгілеген ең төмен мәндерден жоғары ұстап тұру;

2) жекелеген операция түрлерін жүргізуді, жекелеген мәміле түрлерін жасауды тоқтата тұру және (немесе) шектеу не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

3) шығыстарды қысқарту, оның ішінде жұмыскерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, басшы қызметкерлердің ақшалай сыйақыларын және басқа да материалдық көтермелеу түрлерін шектеу арқылы қысқарту;

4) белгілі бір актив түрлеріне инвестицияларды тоқтата тұру және (немесе) шектеу және (немесе) олардың көлемін төмендету не оларды жүзеге асырудың ерекше тәртібін белгілеу;

5) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы клиенттерінің және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал еткен себептерді және (немесе) жағдайларды жою;

6) халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша провизияларды (резервтерді) қалыптастыру;

7) үлестес тұлғамен мәмілелерді шектеу;

8) жай және (немесе) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есепке жазуды және (немесе) төлеуді тоқтату;

9) ішкі саясаттар мен рәсімдерді, тәуекелдің жол берілетін мөлшеріне лимиттерді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау рәсімін қайта қарау;

10) осы Заңның 54-бабында аталған адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету, оның ішінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы осы Заңның 54-бабында аталған адамдарды уәкілетті орган осы қадағалап ден қою шарасын қолданғанға дейін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттеткен жағдайда, шеттету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады. Басшы қызметкерге осы қадағалап ден қою шарасын қолданған кезде уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алады;

11) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы инвестициялық комитетінің мүшелерін инвестициялық комитеттің құрамындағы міндеттерін орындаудан шеттету не инвестициялық комитеттің құрамын өзгерту;

12) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (банкті қоспағанда) өз есебінен және өз клиенттерінің есебінен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауы;

13) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына тиесілі мүліктің құнына бағалау жүргізу;

14) олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қою арқылы қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар жазбаша нұсқама немесе жазбаша келісім нысанында қолданылады.

3. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы баптың 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қолдануға және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігіне нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Іс-шаралар жоспарында кемшіліктердің, тәуекелдердің немесе бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты басшы қызметкерлер көрсетіледі.

4. Уәкілетті орган мен бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы арасында жасалған, анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдерін және (немесе) анықталған бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер жойылғанға дейін аталған тұлғалар өздеріне қабылдайтын шектеулердің тізбесін көрсете отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы тарапынан міндетті түрде қол қоюға жатады.

5. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және жазбаша келісімде көрсетілген шаралардың осы құжаттарда көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

6. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына байланысты емес себептермен жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде бұзушылықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы және (немесе) іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау бойынша мерзім уәкілетті орган белгілеген күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

3-6-бап. Санкциялар

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына бұрын оған қолданылған қадағалап ден қою шараларына қарамастан, осы Заңның 51-бабында белгіленген негіздер бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру түріндегі санкцияларды қолдануға құқылы.

2. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданылуын

тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Лицензияның қолданылуы осындай шешім бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының назарына жеткізілген күннен бастап тоқтатыла тұрды деп есептеледі.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

4. Бағалы қағаздар нарығында қызметтің барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиядан айыру туралы шешімге бағалы қағаздар нарығына қатысушы атынан оның акционерлері ғана шағым жасауға құқылы.";

7) 17-баптың 2-тармағы "облигациялар шығару проспектісінде" деген сөздерден кейін "және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 18-бап "қаржы агенттігі" деген сөздерден кейін "және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облигацияларды төлеу:

1) айналым мерзімі өткен, осы эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегере отырып) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен облигацияларды;

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу бойынша шараларды уәкілетті орган қолданған жағдайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен банк облигацияларын төлеген жағдайларды қоспағанда, ақшамен ғана жүзеге асырылады.

Орналастырылатын облигация толық төленгенге дейін эмитент облигацияларды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына осы облигацияны есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

Бұрын талап ету құқықтарымен төленген облигациялар бойынша талап құқықтарымен облигацияларды төлеуге жол берілмейді.";

10) 32-6-баптың 13-тармағы алып тасталсын;

11) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеуді орталық депозитарий (номиналды ұстаушы) кепіл беруші және кепіл ұстаушының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы эмиссиялық бағалы қағаздардың ауыртпалығына байланысты операцияларға қатысты кепіл беруші мен кепіл ұстаушының бұйрықтарын беруге жол беріледі.

Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы эмиссиялық бағалы қағаздардың ауыртпалығына байланысты операцияларға қатысты кепіл беруші мен кепіл ұстаушының бұйрықтарын орындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалады.

3. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-2, 61-4, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операцияларды жүзеге асыру кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу кепілге берілетін эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар көрсетіле отырып, ауыртпалық алынбастан, кепіл ұстаушының осы мәмілені тіркеу үшін қажет барлық мәліметтер қамтылған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Депонент пен оның клиенті арасында есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде депонентке кепілге берілген және маржиналдық мәміле бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бағалы қағаздар кепілін және осы бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуын тіркеу кепіл ұстаушының бұйрығы және маржиналдық мәмілелерді жасау шарттары қамтылған брокерлік қызметтерді көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

5. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан депонентті айырған немесе депонент лицензияны өз еркімен қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, орталық депозитарий ауыртпалық салынған депоненттің клиентіне тиесілі бағалы қағаздарды орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен ауыртпалықты алмастан, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде осы клиенттің шотына аударуды жүзеге асырады.";

12) 43-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді уәкілетті орган осы Заңның 55-1-бабы 9-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес аудиторлық ұйымға ұсынуы мүмкін.";

13) 49-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы Заңның 72-3-бабында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Уәкілетті орган лицензиаттан пруденциалдық нормативтерді есептеу кезінде есепке алынатын активтерге бағалаушының бағалау жүргізуді және уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде бағалау туралы есепті ұсынуды талап етуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес уәкілетті органның талап етуі бойынша жүзеге асырылатын, лицензиаттың пруденциалдық нормативтерін есептеу кезінде есепке алынатын активтер құнын бағалауды бұрын осы активке бағалау жүргізген бағалаушы жүргізуге құқылы емес.

Лицензиат осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес уәкілетті органның талаптарын орындамаған жағдайда, тиісті активтің құны уәкілетті органға соңғы есепті күнге ұсынылған пруденциалдық нормативтің есеп-қисабынан алып тасталады.

Пруденциалдық нормативтің есеп-қисабына енгізілген активтің құны осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес бағалаушы айқындаған осы активтің құны сәйкес келмеген жағдайда, лицензиат уәкілетті органға бағалау туралы тиісті есепті қоса бере отырып, соңғы есепті күнге пруденциалдық нормативтің түзетілген есеп-қисабын ұсынады.";

14) 49-1-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Лицензиаттар" деген сөз "Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 4) тармақшалардағы "лицензиат" деген сөз "бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.

Осы баптың талаптары трансфер-агенттерге қолданылмайды.";

15) 51-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "мынадай" деген сөз алып тасталсын;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары орындалмаған;

5) лицензиаттың қызметі процесінде осы Заңның 54-бабының талаптары сақталмаған;"

5-1) және 5-2) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша "лицензиаттар" деген сөздің алдынан "осы Заңның 53-бабына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес келмеген;"

11) тармақшадағы "жүйелі түрде (соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзылған жағдайларда лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы." деген сөздер "бұзылған;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы Заңның 72-3-бабында белгіленген мәжбүрлеу шараларын орындамаған;

13) лицензиат аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтарды осы Заңның 55-1-бабының 6-тармағында көрсетілген мерзімдерде жоймаған жағдайларда, лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

4-тармақта:

бірінші абзац бойынша қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы, акционерлік қоғамдар туралы, инвестициялық қорлар туралы заңнамасының нормаларын жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) бұза отырып жүзеге асырылған;"

3) тармақшадағы "уәкілетті органның ұйғарымдары" деген сөздер "уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-3) лицензиат өзіне берілген лицензияға сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде жүзеге асырмаған;

3-4) лицензиат аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтарды осы Заңның 55-1-бабының 6-тармағында көрсетілген мерзімдерде жоймаған;"

4) тармақшадағы "осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Санкцияларды қолданудың орындылығын айқындау және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру түрінде санкцияларды таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) тәуекел деңгейі, бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының сипаты;

2) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің және олардың салдарларының ауқымы мен маңыздылығы;

3) бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің жүйелігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің қаржылық жағдайға әсері;

5) анықталған бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің туындауына негіз болған себептер;

6) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметте анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жоюға бағытталған дербес шаралар қолдануы.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын және клирингтік қатысушы болып табылатын, уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы хабарламасын алған лицензиаттың міндеттемелерін клирингтік ұйым (орталық контрагент), оның ішінде клирингтік қызмет жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларына жарналар болып табылатын қаржы құралдарын клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен толық пайдалануы есебінен орындайды.";

16) 54-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасындағы "қаржы ұйымын консервациялау туралы" деген сөздер "банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде:

"(сайланған) күннен бастап өз лауазымын" деген сөздер "(сайланған, тиісті функциялар берілген) күннен бастап тиісті функцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мерзім бойы атқаруға" деген сөздер "мерзімде жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Өтініш берушінің" деген сөздер "Мінсіз іскерлік беделінің болмау өлшемшарттарын қоса алғанда, өтініш берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақшаның бірінші абзацындағы "санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын қолданған және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Уәкілетті органның тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуына немесе осы баптың 5-тармағында көзделген мерзімде құжаттар уәкілетті органға келісуге ұсынылмауына байланысты лицензиаттың басшы қызметкерімен еңбек шарты бұзылған немесе оның өкілеттігі тоқтатылған немесе осы лицензиаттағы өзге лауазымға ауыстырылған жағдайда, осы адам осы лицензиаттың басшы қызметкері лауазымына өзін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуды алған не өзімен еңбек шарты бұзылған немесе өкілеттігі тоқтатылған немесе өзге лауазымға ауыстырылған соң күнтізбелік тоқсан күннен кейін, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес қайта тағайындалауы (сайлануы) мүмкін.

Лицензиат уәкілетті органды лицензиаттың тиісті органының шешімі қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттігін тоқтатуды қоса алғанда, басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін басшы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда лицензиат уәкілетті органды осы ақпарат лицензиатқа белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

11-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті органның осы Заңның 3-5-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген қадағалап ден қою шараларын қолдануы;"

4) тармақша алып тасталсын;

17) мынадай мазмұндағы 55-1-баппен толықтырылсын:

"55-1-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және инвестициялық портфельді басқарушылар ірі қатысушыларының аудиті

1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы және осы баптың 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым жүргізеді.

Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы үшін міндетті болып табылады.

Аудиторлық есептің көшірмесі уәкілетті органға көрсетілген құжат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынылуға тиіс.

2. Аудиторлық ұйым:

бағалы қағаздар нарығының тексерілетін кәсіби қатысушысына, оның акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз екенін;

лицензияға сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті және аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келген не резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының лицензиясына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті болған жағдайда, аудиторлық есеп жарамды деп танылады.

3. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының жылдық қаржылық есептілігін, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін аудиторлық ұйым растауға тиіс.

4. Инвестициялық портфельді басқарушының және Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының (ол бар болса) аудитін сол бір аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін осы Қазақстан Республикасының бейрезидент-ірі қатысушысы орналасқан елде қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым растауға тиіс.

Қазақстан Республикасының бейрезидені-заңды тұлғасы болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы уәкілетті органға аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің және ұсынымдарының көшірмелерін қазақ немесе орыс тілінде ұсынады.

5. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

6. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудиторлық есепте көрсетілген, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді уәкілетті орган айқындаған мерзім ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін:

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына – қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөнінде осы Заңның 3-5-бабында көзделген шараларды;

инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы Заңның 72-3-бабының 2-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудиторлық есепте көрсетілген, инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайына әсер ететін кемшіліктерді аталған тұлғалар осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган кемшіліктер жойылғанға дейін инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына осы Заңның 72-3-бабының 3-тармағында көзделген қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

7. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының активтерін және (немесе) міндеттемелерін тану бөлігінде аудиторлық есепте жазылған, қаржылық есептілік және (немесе) қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы пікірлер мен тұжырымдардың уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелерінен ауытқуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан осындай ауытқу себептерін түсіндіруді талап етуге құқылы.

8. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтаған жағдайда, одан тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға, оның ішінде стратегия мен бизнес-моделге қатысты, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты өзге ақпаратқа аудит (бұдан әрі – өзге ақпарат аудиті) жүргізуді тексеруге жататын мәселелер тізбесін, аудиттелетін кезеңді және аудиторлық ұйымның уәкілетті органға өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну мерзімін көрсете отырып, талап етуге құқылы.

Уәкілетті органның талап етуі бойынша өзге ақпарат аудитін жүргізу бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін міндетті.

Осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы өзге ақпарат аудитін жылына бір реттен артық жүргізбейді, бір мәселе бойынша өзге ақпарат аудиті үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесі, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптар, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптар аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық

ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Аудиттің болжамды бағыттары, көлемі, жүргізілу сипаты, аудит жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістер мен стандарттардың ерекшеліктері сипатталған өзге ақпарат аудиті бойынша тексеру жоспары аудиторлық ұйымның уәкілетті органмен алдын ала келісуіне жатады.

Аудиторлық ұйым өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны уәкілетті органға ұсынады және ол жариялауға жатпайды.

Өзге ақпарат аудитінің нәтижелерін уәкілетті орган қадағалап ден қою шараларын қолданған кезде ескеруі мүмкін.

9. Аудитті немесе өзге ақпарат аудитін жүзеге асыру үшін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органмен келісу бойынша аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген, қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымды тартады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудит немесе өзге ақпарат аудитін жүргізуге шарт жасасқаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды аудиторлық ұйымды таңдағаны туралы хабардар етеді. Өзге ақпарат аудиті жағдайында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы уәкілетті органның алдында өзге ақпаратқа аудиторлық ұйым болып табылмайтын ұйымның аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізуі туралы өтінішхат беруге құқылы.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының өтінішхатын уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Өзге ақпарат аудитін жүргізу тәртібіне осы бапта белгіленген талаптар өзге ақпаратқа аудиттен басқа өзге тәсілмен тексеру жүргізу тәртібіне қолданылады.

Уәкілетті орган өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны аудиторлық ұйым шығарғанға дейін аудиторлық ұйымға осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалардың келісімінсіз, құпиялылық жөніндегі талаптарды ескере отырып, осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаларды тексеру нәтижелері бойынша ақпаратты және түсініктемелерді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоса алғанда, олардың қызметіне байланысты, оның ішінде уәкілетті органның уәжді пайымдауына негізделген өзге де ақпаратты беруге құқылы.

Аудиторлық ұйым осы тармақтың бесінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган жіберген ақпаратқа міндетті бағалау мен талдау жүргізеді. Аудиторлық ұйым жүргізілген

бағалау мен талдау нәтижелерін өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепте немесе аудиторлық қорытындыда қамтылған пікірлер мен тұжырымдарды білдірген кезде пайдаланады.

10. Сот өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық есепті және (немесе) аудиторлық қорытындыны жарамсыз деп таныған жағдайда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы аудитті және (немесе) өзге ақпарат аудитін қайта жүргізуге міндетті.

11. Уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде клиенттер тізбесі жөніндегі мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты талап етуге құқылы. Клиенттер жөніндегі мәліметтер аудиторлық ұйым клиенттерінің келісуімен беріледі.

12. Осы баптың 8, 9, 10 және 11-тармақтарының талаптары трансфер-агентке және бірыңғай операторға қолданылмайды.";

18) 72-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тұлға инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілерін уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз иеленген кезде уәкілетті орган осы тұлғаға осы Заңда көзделген қадағалап ден қою шараларын, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын алты айдан аспайтын мерзімде өткізу жөніндегі талаптар бөлігінде осы Заңның 72-3-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

16-тармақта:

бірінші бөлік "өзгергені туралы" деген деген сөздерден кейін "өзгеріс инвестициялық портфельді басқарушының меншікті акцияларды өзге акционерлерден сатып алуы салдарларынан орын алатын жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының өтініші бойынша не көрсетілген фактіні дербес өзі анықтаған жағдайда осы факт анықталған күннен бастап екі ай ішінде инвестициялық портфельді басқарушы мәртебесін иемденуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды" деген сөздер " уәкілетті органның бұрын берілген жазбаша келісімі инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының өтініші бойынша уәкілетті орган көрсетілген өтінішті алған күннен бастап күшін жойды деп есептеледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтағы "61-4-баптарында" деген сөздер "61-4, 61-11 және 61-12-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 72-2-бапта:

1-тармақтың 13) тармақшасындағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) өтініш беруші мүлкі құнының (өтініш берушінің міндеттемелерін шегергенде) инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу үшін жеткіліксіз болуы;"

7) тармақшадағы "инвестициялық" деген сөз "өтініш берушінің орнықсыз қаржылық жағдайының болуын және (немесе) инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

20) 72-3-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"72-3-бап. Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына:

1) осы Заңның 49-бабының 5-тармағында, 55-1-бабының 6-тармағында, 72-1-бабының 14-1-тармағында көзделген;

2) қадағалап ден қоюдың өзге де шараларын қолдану инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің заңды мүдделерін қорғауды, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ете алмаған;

3) инвестициялық портфельді басқарушының және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының әрекеттері (әрекетсіздігі) инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайын одан әрі нашарлатуға алып келуі мүмкін жағдайларда, қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады.";

21) 72-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-4-бап. Инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының есептілігі

1. Инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесі, нысандары, сондай-ақ оларды уәкілетті органға ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы баптың 1-тармағында көзделген есептіліктен бөлек, қаржы жылы

аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға салық органының салық декларациясын қабылдағанын растайтын хабарламасымен қоса жеке табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесін ұсынуға тиіс.";

22) 72-5-бап алып тасталсын;

23) 77-1-бапта:

4-тармақта:

екінші бөліктегі "арнайы (кепілді және резервтік) қорларды" деген сөздер "клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Клирингтік ұйым өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауға не тиісінше орындамауға жол берген клирингтік қатысушының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауы үшін клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларының активтерін осы клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қолдануға құқылы.

Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларының активтерін осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланған жағдайда, клирингтік ұйым қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауға не тиісінше орындамауға жол берген клирингтік қатысушыдан осы активтерді толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

Клирингтік қатысушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған жағдайда, клирингтік ұйым орындалмаған міндеттемелердің мөлшерінен аспайтын мөлшерде осы клирингтік қатысушының көрсетілген мәмілелер бойынша қарсы талаптарын орындамайды.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Клирингтік ұйым клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларының және клирингтік қатысушыны өзге де қамтамасыз ету құрамына кіретін маржалық жарналар мен ақшаны клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда инвестициялайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) клирингтік қатысушысы дефолт, банкрот болған және (немесе) таратылған, клирингтік қатысушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік ұйым алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметтің нысанасы болып табылатын клирингтік қатысушының міндеттемелері жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар болып табылатын қаржы құралдарын осы клирингтік

ұйымның (орталық контрагенттің) толық пайдалануы есебінен орындаған жағдайда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және осы клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен тоқтатылады.";

24) 77-3-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы "арнайы клиринг (кепілді) қорларын" деген сөздер "клирингтік ұйымның кепілдік қорларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 90-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "өзі қызмет көрсететін сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері болып табылатын брокерлердің және (немесе) дилерлердің" деген сөздер "клирингтік қатысушылардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 90-2-бапта:

1-тармақтағы "арнайы" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалардағы "сауда-саттыққа қатысушының (клиенттің)" деген сөздер "клирингтік қатысушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "арнайы кепілдік және (немесе) резервтік қорлардың" деген сөздер "клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада:

"брокер өз" деген сөз "клирингтік қатысушы өз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"брокердің" деген сөз "клирингтік қатысушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 108 және 110-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"108-бап. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, кәсіби ұйымдар мен эмитенттердің қызметін тексеру

1. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, кәсіби ұйымдар мен эмитенттердің қызметіне тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

2. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларын, кәсіби ұйымдар мен эмитенттерді тексеруді уәкілетті орган дербес не басқа мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне тексеру жүргізген кезде уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың үлестес тұлғаларының қызметін тек олардың бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне әсер ету дәрежесі мен сипатын айқындау мақсатында ғана тексеруге құқылы.";

"110-бап. Эмитенттің қызметін бақылау және қадағалау

Эмитенттердің қызметін бақылау және қадағалау тексеру жүргізу нысанында және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де нысандарда мынадай мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген, оның ішінде мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеу тәртібі, мемлекеттік емес облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі шарттарды сақтауы;

2) ірі мәмілелерді және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезінде Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтау;

3) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің өз қызметі туралы ақпаратты жариялауы жөніндегі осы Заңда белгіленген талаптарды сақтау;

4) бағалы қағаздарды ұсатушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау;

5) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынған, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеген, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіткен кезде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтауы.";

28) 113-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"113-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау";

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың кәсіби қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) және (немесе) санкцияларды қолдану туралы шешіміне шағым жасау шағым жасалып отырған шешімнің немесе әрекеттердің (әрекетсіздіктің) орындалуын тоқтата тұрмайды .".

19. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж.,

№ 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 78-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағында:

2) тармақша "келісімді берудің не" деген сөздерден кейін "мінсіз іскерлік беделінің болмау өлшемшарттарын қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) қаржы ұйымдарының, олардың ірі қатысушыларының, банк және сақтандыру холдингтерінің, банк конгломераты мен сақтандыру тобына кіретін ұйымдардың, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қашықтықтан қадағалауды, оның ішінде шоғырландырылған негізде жүзеге асырады;"

9) және 9-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) ерте ден қою шараларын, шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын қолдануды көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды, оның ішінде тәуекелді азайту мақсатында қолданады;

9-1) банктердің, банк холдингтерінің, банк конгломераттарының, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру топтарының, сақтандыру холдингтерінің, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметінде туындайтын тәуекелдерді бағалау әдістерін қолданады;"

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) банктердің, банк конгломераттарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру топтарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін бақылау және қадағалау шеңберінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады, оның ішінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 62-6-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда уәжді пайымдауды пайдаланады.";

2) 9-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "инвестициялық портфельді басқарушыларға" деген сөздер " бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қаржы ұйымдарының біріндегі" деген сөздер "Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымдардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "банктегі, инвестициялық портфельді басқарушыдағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы" деген сөздер "осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымдардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 1), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзі өкілі болып табылатын ұйымның қаржылық жай-күйін талдайды;"

"3) өзі өкілі болып табылатын ұйымда тексеру жүргізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) өзі өкілі болып табылатын ұйым басқармасының, директорлар кеңесінің, тұрақты не уақытша жұмыс істейтін комиссияларының (комитеттерінің, жұмыс топтарының) отырыстарына байқаушы ретінде қатысады;

5) өзі өкілі болып табылатын ұйым акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру және өз пікірін білдіру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысады.";

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзіне жүктелген функцияларды орындау мақсаттарында өзі өкілі болып табылатын ұйымнан және (немесе) олардың лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша нысанда мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде қаржылық есептілікті және органдар отырыстарының (сырттай өткізілгендерін қоса алғанда) материалдарын сұратуға;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өкіл:

1) өзі өкіл болып табылатын ұйымның өзі сұратқан мәліметтер мен құжаттарды ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы, уәкілетті орган өкілінің өз функцияларын орындауына кедергі келтіру, осы осы ұйымдар тарапынан параға сатып алу, қорқыту немесе оған өзге де құқыққа сыйымсыз ықпал ету фактілері туралы уәкілетті органға хабар беруге;

2) уәкілетті органның осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымға өз өкілін жіберу туралы шешімінде көрсетілген мәселелер жөнінде уәкілетті органның тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды орындауға міндетті.";

8-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымдар:";

2) тармақшадағы "1-тармағында көрсетілген қаржы ұйымдарының" деген сөздер "1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Өкіл уәкілетті органдағы жұмысын тоқтатқаннан кейін бір жыл ішінде өзі өкілі болып табылған ұйымға жұмысқа қабылдана алмайды.

Өкіл өзі өкілі болып табылатын немесе болған ұйым органдарының отырыстары барысында қабылданатын (қабылданған) нәтижелер мен шешімдер үшін жауапты болмайды.";

10-тармақ алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

"9-2-бап. Қашықтықтан қадағалау

1. Қашықтықтан қадағалау өзге де бақылау және қадағалау нысандарының бірі болып табылады және уәкілетті орган қаржы ұйымдарына, олардың ірі қатысушыларына, банк және сақтандыру холдингтеріне, банк конгломераты мен сақтандыру тобына кіретін ұйымдарға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарына, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға (бұдан әрі – қашықтықтан қадағалау субъектілері) қатысты жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган қашықтықтан қадағалауды қашықтықтан қадағалау субъектілерінің қызметін талдау және қашықтықтан қадағалау субъектілерінің органдарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы тұрақты негізде:

1) Қазақстан Республикасының банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік, пошта, Қазақстан Даму Банкі туралы, инвестициялық қорлар туралы, мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау және қадағалау;

2) қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтау, орын алған және ықтимал тәуекелдерді, олардың қашықтықтан қадағалау субъектілерінің орнықты қызметіне ықпал ету дәрежесін анықтау және бағалау мақсатында жүзеге асырады.

3. Қашықтықтан қадағалау субъектілерінің қызметін талдауды уәкілетті орган қашықтықтан қадағалау субъектілері ұсынатын есептіліктің және басқа да ақпараттың, оның ішінде ведомствоаралық және халықаралық ынтымақтастық шеңберінде алынған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

4. Қашықтықтан қадағалауды жүргізу шеңберінде уәкілетті орган қашықтықтан қадағалау субъектілері мен олардың лауазымды адамдарынан мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде қашықтықтан қадағалау субъектілері органдарының қаржылық есептілігін және отырыстарының (сырттай өткізілгендерін қоса алғанда) материалдарын жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Қашықтықтан қадағалау субъектілері уәкілетті органның сұрау салуында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде ұсынуға міндетті.";

4) мынадай мазмұндағы 9-3-баппен толықтырылсын:

"9-3-бап. Бақылау және қадағалау шеңберіндегі тәуекелге бағдарланған тәсіл

1. Уәкілетті орган банктердің, банк конгломераттарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру топтарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін бақылау және қадағалау шеңберінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады.

Тәуекелге бағдарланған тәсілдің негізі міндеті осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және олардың қызметіндегі тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу үшін ерте араласу және уақтылы қадағалау әрекеттерін қабылдау мақсатында олардың қызметіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау және болғызбау болып табылады.

Тәуекелге бағдарланған тәсіл, оның ішінде бизнес-модельдерді, корпоративтік басқаруды, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды, тәуекелдерді жабуға арналған капитал мен өтімділік деңгейін талдау мен бағалауды, меншікті капитал мен өтімділіктің қажетті деңгейін айқындаудың ішкі рәсімдерін бағалауды, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар қызметінің сипаты мен ауқымын ескере отырып талдау мен бағалауды қоса алғанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың қызметін сандық және сапалық талдау, олардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін талдау негізінде қалыптасатын уәжді пайымдауға негізделеді.

2. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың қызметін бақылау және қадағалау шеңберіндегі тәуекелге бағдарланған тәсіл пропорционалдық қағидатын ескереді, ол:

олардың қызметінің мөлшерін, маңыздылығын, сипатын, ауқымы мен күрделілігін есепке алуды;

олардың қаржы нарығындағы маңыздылығына сәйкес санатқа бөлуді;

бақылаудың және қадағалаудың жиілігін, тереңдігі мен қарқындылығын айқындауды болжайды.

3. Тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың назарына анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді жеткізеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қадағалап ден қою шараларын және (немесе) санкцияларды қолданады.

4. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың қызметін бақылау және қадағалау шеңберіндегі тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану тәртібі уәкілетті органның құқықтық актісінде айқындалады, құпия ақпарат болып табылады және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатпайды.";

5) 12-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингін жүзеге асырады;"

14-3) тармақша алып тасталсын;

6) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

"12-1-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингі

1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингін уәкілетті орган олардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтауы тұрғысынан:

1) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту кезінде ;

2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің өз қызметі туралы ақпаратты ашуы бойынша жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингін уәкілетті орган мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттері ұсынатын

ақпарат және өзге де ақпарат, оның ішінде ведомствоаралық және халықаралық ынтымақтастық шеңберінде алынған ақпарат негізінде жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингін жүргізу шеңберінде уәкілетті орган мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінен және олардың лауазымды адамдарынан мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттері органдарының қаржылық есептілігін және отырыстарының (сырттай өткізілгендерді қоса алғанда) материалдарын жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттері уәкілетті орган сұратып отырған мәліметтер мен құжаттарды ол белгілеген мерзімде ұсынуға міндетті.";

7) мынадай мазмұндағы 13-2-баппен толықтырылсын:

"13-2-бап. Қаржы нарығы саласындағы өзге ақпарат аудиті саласындағы өкілеттіктер

1. Уәкілетті орган:

1) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының өзге ақпарат аудитін жүргізуді талап етеді;

2) аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеуді және аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесін, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, аудиторлық ұйымның оны ұсынуы мерзімдеріне қойылатын талаптарды, аудиторлық ұйымның құрамындағы өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторларға қойылатын талаптарды белгілейді."

20. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 5) тармақшасындағы "банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға," деген сөздер алып тасталсын;

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақшамен толықтырылсын:

"2-1. Кредиттік бюроларға және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын өзге заңды тұлғаларға осы Заңның және уәкілетті органның осы Заңға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шектерде қолданылады.";

3) 5-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) кредиттік бюролардың, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілердің және осы Заңның 20-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар туралы, сондай-ақ кредиттік бюролардың осы Заңның 27-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ақпаратты өзге берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қойылатын талаптар туралы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.";

4) 11-бапта:

1-тармақтағы "банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға," деген сөздер алып тасталсын;

1-3-тармақта:

бірінші бөліктегі "банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасын бұзған жағдайда, уәкілетті орган "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды қолданады.";

5) 17-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерден және осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4-2) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардан өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтауды талап етуге";

6) 19-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "2)" деген цифрдан кейін ", 3-1)" деген цифрлармен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ақпарат беру туралы шартта айқындалған тәртіппен кредиттік бюроға:

осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) (коллекторлық агенттіктерді қоспағанда) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер үшін – кредиттік тарих субъектісіне қатысты кез келген деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

коллекторлық агенттіктер мен осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2) және 3-1) тармақшаларда көрсетілген ақпарат берушілер үшін – кредиттік тарих субъектісіне қатысты кез келген деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабар беруге міндетті.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтайды.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын ақпарат беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттарда айқындалған, өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтайды.";

7) 23-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орталық атқарушы органдар және оларға тиесілі не оларға ведомстволық бағынысты заңды тұлғалар мемлекет қатысатын кредиттік бюроға олармен жасалған ақпарат беру туралы шарттың негізінде не уәкілетті органның ақпарат алмасудың электрондық шлюзін пайдалана отырып, ақпарат береді.";

8) 27-бапта:

2-тармақта:

2) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, тоқтату және біржақты тәртіппен, оның ішінде осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер өздерінің қызметін ұйымдастыру кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдалануға және ақпараттық

қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда, бұзу негіздері мен тәртібі, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері;"

"4) кредиттік тарихты қалыптастыратын ақпараттың түрлері, көлемі, оларды беру мерзімі (кезеңділігі), тәртібі, шарт тараптары көрсететін қызметтерге ақы төлеу талаптары;"

9) тармақшадағы "жауапкершілігі болуға тиіс." деген сөздер "жауапкершілігі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) ақпарат берушінің өзінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау жөніндегі міндеті;

11) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілердің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.";

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, тоқтату және біржақты тәртіппен, оның ішінде осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4-2) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылар өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда, бұзу негіздері мен тәртібі сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері;"

7) тармақшадағы "жауапкершілігі қамтылуға тиіс." деген сөздер "жауапкершілігі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) кредиттік есепті алушының өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау жөніндегі міндеті;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, осы Заңның 20-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), және 4-2) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.";

4-тармақ алып тасталсын.

21. "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 90-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 33-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; 2011 ж., № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

7-бапта:

1-тармақта:

"құқылы" деген сөзден кейін "және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік инвестициялық қордың және осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының аудитін сол бір аудиторлық ұйым жүргізеді.";

3-тармақтағы "орындаушы аудитордың және" деген сөздер алып тасталсын.

22. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын валюталық реттеу органының нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

2) 6-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті ұйым өзінің айырбастау пункттері арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті ұйымдарды лицензиялау тәртібі мен шарттарын, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктің айырбастау пункттерін ашу, олардың қызметін тоқтата тұру, қайта бастау, оларды жабу туралы хабардар ету тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларын белгілейді.";

8-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет бойынша, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операциялары бойынша ақпаратты беру нысандары мен тәртібі белгіленеді.";

3) 30-баптың тақырыбы және 1-тармағы "шаралары" және "шараларын" деген сөздерден кейін тиісінше ", қадағалап ден қою шаралары" және ", қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен толықтырылсын.

23. "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 4, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

13-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

24. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 90-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2011 ж., № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) осы Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізуге қатысады;"

2) 7-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін орнықсыз қаржылық жағдайы бар банк санатына жатқызылған және (немесе) төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған қатысушы банктен, банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктен (банкті уақытша басқарушыдан) жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтерді, сондай-ақ кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда олардың міндеттемелері жөніндегі, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді сұратуға;"

5) және б) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтыруға;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым бұрынғы қызметкерлерді қоса алғанда, өз қызметкерлерін, олардың екінші деңгейдегі банктердің уақытша әкімшіліктері мен тарату комиссиялары мүшелерінің міндеттерін атқарған кезеңдегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдер қабылдауына байланысты оларға қарсы талап арыздар берілген жағдайда, оларды құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді."

3) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қатысушы банк орнықсыз қаржылық жағдайы бар банктер санатына жатқызылған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның сұратуы бойынша жеке тұлғалардың депозиттері жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда олардың міндеттемелері жөніндегі, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға;"

4) 16-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "құқылы" деген сөз "міндетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "2, 3-тармақтарына" деген сөздер "3-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым депозиторларға кепілдік берілетін депозиттер бойынша сыйақыны есепке алмастан мынадай:

1) жинақ депозиті (салымы) бойынша, бірақ:

ұлттық валютадағы кепілдік берілген жинақ депозиті (салымы) бойынша он бес миллион теңгеден аспайтын қалдық;

2) депозит бойынша, бірақ:

ұлттық валютадағы кепілдік берілген депозиттердің басқа түрлері бойынша он миллион теңгеден;

шетел валютасындағы кепілдік берілген депозит бойынша бес миллион теңгеден аспайтын қалдық сомасында кепілдік берілген өтем төлейді.";

екінші бөліктегі "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резерві кепілдік берілген өтемді төлеу және банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтыру үшін пайдаланылуы мүмкін".

25. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 15, 78-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кредиттік тарих дерекқорын қалыптастыру мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюроға;"

26. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-II, 68-құжат; № 24, 124-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 4-тармағында:

екінші бөліктегі ", арнайы қаржы компаниялары, ислам арнайы қаржы компаниялары" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы қаржы компаниялары мен ислам арнайы қаржы компаниялары бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырады.";

2) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 3-1-тармағының талаптары қолданылатын ұйымдарды қоспағанда, ұйымдар жылдық қаржылық есептерді келесі жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.";

3) 20-бапта:

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларында, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компанияларында," деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақта:

3), 3-1) және 3-3) тармақшалар алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы ұйымдарының (айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), микроқаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық стандарттардың талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;"

27. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

3-баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операторын немесе операциялық орталығын қоспағанда, банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;"

"3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, өзара сақтандыру қоғамдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерлерінің филиалдары;"

28. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 32-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (оның ішінде банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу;"

2) 58-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Борышкердің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шотындағы ақшасына, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінде банктік шоттардағы ақшаға, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің

орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарына тыйым салуға жол берілмейді.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Борышкердің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шотындағы ақшасын, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінде банктік шоттардағы ақшаны, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаны, клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарын өндіріп алуға жол берілмейді.";

3) 61-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлік.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған репо операциялары бойынша нысана болып табылатын мүлікке осы репо операциялары жабылғаннан кейін ғана өндіріп алу қолданылуы мүмкін.";

4) 62-баптың 3-тармағында:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарына тыйым салуға жол берілмейді.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған репо операциялары бойынша нысана болып табылатын мүлікке азаматтық сот ісін жүргізу барысында осы репо операциялары жабылғаннан кейін ғана тыйым салынуы мүмкін.";

5) 98-баптың 20) тармақшасындағы "ақшадан өндіріп алуға болмайды." деген сөздер "ақшадан;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақшадан өндіріп алуға болмайды."

29. "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын микроқаржы ұйымдарына және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кез келген валютаның баламасына байланыстырылып, теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені және төлемдерді индекстеуге жол берілмейді.";

3) 4-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Микрокредит беру туралы шарттың міндетті талаптарының тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

4 және 5-тармақтар алып тасталсын;

4) 6-баптың 1-1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялар және өзге де төлемдер;"

екінші бөлік мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялар және өзге де төлемдер;"

5) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қарыз алушыларға микроқаржы ұйымдарының микрокредиттерді беру туралы шарттарды тиісінше орындамағаны бойынша талап қою мерзімдерінің ескіру мерзімі бес жылды құрайды.";

6) 14-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттің қатысатын кредиттік бюромен жасалған ақпарат беру туралы шарттың көшірмесін;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Микроқаржы ұйымдарының есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.";

7) 15-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "ұсынылмаған жағдайларда жүргізіледі." деген сөздер "ұсынылмаған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) осы Заңның 31-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік қайта тіркеу мерзімі сақталмаған жағдайларда жүргізіледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда, микроқаржы ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде микроқаржы ұйымдарының есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларына сәйкес қайтадан өтініш беруге құқылы немесе өзінің атауынан "микроқаржы ұйымы" деген сөздерді, олардан туындайтын сөздерді немесе микрокредиттерді беру қызметін жүзеге асыратынын болжайтын аббревиатураны алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге не қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдауға міндетті.

Уәкілетті орган қайта берілген өтінішті отыз жұмыс күні ішінде қарайды.

Осы баптың 1-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда, микроқаржы ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде өзінің атауынан "микроқаржы ұйымы" деген сөздерді, олардан туындайтын

сөздерді немесе микрокредиттерді беру қызметін жүзеге асыратынын болжайтын аббревиатураны алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге не қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдауға міндетті.

Заңды тұлға осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруға не таратуға жатады.";

8) 16-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) анық емес ақпарат бергені үшін екі реттен көп (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде) әкімшілік жауаптылыққа тартылған;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Микроқаржы ұйымы уәкілетті органның микроқаржы ұйымдарының тізілімінен шығарылғаны туралы хабарламасын алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде өзінің атауынан "микроқаржы ұйымы" деген сөздерді, олардан туындайтын сөздерді немесе көрсетілген заңды тұлғаның микрокредиттерді беру қызметін жүзеге асыратынын болжайтын аббревиатураны алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге не қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдауға міндетті.";

9) 27-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) осы Заңның 15-бабы 2-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде және 16-бабының 5-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, микроқаржы ұйымдарын, микроқаржы ұйымдары ретінде есептік тіркеуден өтпеген микроқаржы ұйымдарын, сондай-ақ осы Заңның 31-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қайта тіркеуден өтпеген микрокредиттік ұйымдарды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру не тарату туралы сотқа талап-арыз береді;"

10) 31-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "сәйкес" деген сөзден кейін "мәжбүрлеп" деген сөзбен толықтырылсын.

30. "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 6-кұжат; № 9, 51-кұжат; 2014 ж., № 19-І, 19-ІІ, 96-кұжат; 2017 ж., № 14, 53-кұжат):

15-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ынтымақтастық туралы келісім жасасу (қайта жасасу) кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолданған күші бар қадағалап ден қою шараларының және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалардың болмауы."

31. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-кұжат; № 21-22, 115-кұжат; 2014 ж., №

1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 50-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Қазақстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес уәкілетті органның қабылданатын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

2) 55-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасындағы "қаржы ұйымын консервациялау" деген сөздер "банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

"(сайланған) күнінен бастап өзінің лауазымын" деген сөздер "(сайланған, тиісті функциялар берілген) күнінен бастап тиісті функцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"атқаруға" деген сөз "жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Бірыңғай" деген сөз "Мінсіз іскерлік беделінің болмау өлшемшарттарын қоса алғанда, бірыңғай" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақшаның бірінші абзацындағы "санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған" деген сөздер "қадағалап ден қою шараларын қолданған және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті органның тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуына немесе осы баптың 4-тармағында көзделген мерзімде құжаттар уәкілетті органға келісуге ұсынылмауына байланысты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерімен еңбек шарты бұзылған

немесе оның өкілеттігі тоқтатылған немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы өзге лауазымға ауыстырылған жағдайда, осы адам бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына өзін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуды алған не өзімен еңбек шарты бұзылған немесе өкілеттігі тоқтатылған немесе өзге лауазымға ауыстырылған соң күнтізбелік тоқсан күннен кейін, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының тиісті органының шешімі қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттігін тоқтатуды қоса алғанда, басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін басшы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органды осы ақпарат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.";

9-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы алып тасталсын.

32. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 55-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

100-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Екінші кезекте осы Заңның 104-бабында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген банкрот мүлкінің кепілімен камтамасыз етілген міндеттемелері бойынша кредиторлардың талаптары, банкроттық рәсімді жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының кредит алуы нәтижесінде

туындаған талаптар, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның осы клирингтік ұйымның клирингтік қатысушысы болып табылатын банкрот орталық контрагенттің қатысуымен бұрын жасаған және орындамаған мәмілелердің нәтижесінде туындаған талаптары қанағаттандырылады."

33. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы "рұқсаттарға қолданылмайды." деген сөздер "рұқсаттарға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай редакциядағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10) қаржы ұйымдарының, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және шарттарда ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызметіне қолданылмайды.";

2) 2-қосымшаның 16-жолы алып тасталсын.

34. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат):

1) 1-бапта:

8-тармақта:

1) тармақшаның үшінші абзацындағы "сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 212-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "Қаржы ұйымдарының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац "Қаржы ұйымдарының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 213-бапта:

төртінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші бөліктің екінші абзацы "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы бөліктің екінші абзацы "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші бөліктің бірінші абзацы "Банктің" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

он үшінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

он төртінші бөліктің бірінші абзацы "Банктің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 220-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац:

"заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац:

"заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзац "банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац:

"заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-бөлікте:

бірінші абзац "банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац:

"заңды тұлғаларға" деген сөзден кейін , "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші бөлікте:

бірінші абзац "Банктердің," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөліктің екінші абзацы "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бірінші абзац "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының," деген сөздермен толықтырылсын,";

б) тармақшада:

екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтар алып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бесінші бөлікте:

бірінші абзац "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының," деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы абзац алып тасталсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"тоғызыншы бөлікте:

бірінші абзац "Сақтандыру ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"оныншы бөлікте:

бірінші абзац "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;"

он бесінші және он тоғызыншы абзацтар алып тасталсын;

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"он жетінші бөлікте:

бірінші абзац "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарына" деген сөздермен толықтырылсын;"

7) тармақшаның үшінші абзацындағы "сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта:

3) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұлғаларды қоспағанда)" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;"

б) тармақшаның он төртінші және он бесінші абзацтарындағы "арнайы қаржы компаниялары, ислам арнайы қаржы компаниялары," және "арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының," деген сөздер алып тасталсын;

32) тармақшада:

екінші абзацтағы "қаржы ұйымдарының" деген сөздер "сақтандыру тобының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"15) тармақша "қаржы ұйымдарының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;" деген сөздер алып тасталсын;

18-тармақта:

1) тармақшада:

бірінші абзацтағы "3-тармақпен" деген сөздер "4-тармақпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "3. Осы Заңның талаптары" деген сөздер "4. Осы Заңның талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "53-1" деген цифрлар "53-4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

4) тармақшада:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлғаның немесе оның оқшауланған бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүліктік мүдделерін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы ғана жүзеге асыра алады.";

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

26-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 1-баптың 1) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы – қаржы ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін пайдаланатын, сондай-ақ өз қаражатын қаржы құралдарына инвестициялайтын жеке немесе заңды тұлға";

"7) қаржы өнімі – қаржы ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы қаржы нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру шеңберінде қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға ұсынатын қызмет.";

5) тармақшада:

жетінші абзац алып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1) тармақша "сақтандыру холдингтерінің," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;"

б) тармақша алып тасталсын;

2) 2-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:

"6) тармақшасының екінші абзацынан бастап жиырмамыншы абзацын" деген сөздер "6) тармақшасының екінші абзацынан бастап он алтыншы абзацын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"5), 6), 7)" деген цифрлар "5), 7)" деген цифрлармен ауыстырылсын.

35. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 1, 3-құжат):

5-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын.

36. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 46-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

65-баптың 4-тармағы "оның жазбаша нұсқамаларын," деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) қолдану жөніндегі, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкті оның депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін орнықсыз қаржылық жағдайы бар банктер санатына жатқызу туралы, банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу және оған реттеу шараларын қолдану туралы құқықтық актісін," деген сөздермен толықтырылсын.

37. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж. № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат, № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат, № 21, 98-құжат, № 22-ІІІ, 109-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 42) тармақшасы "заңды тұлға" деген сөздерден кейін "немесе дара кәсіпкер" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілеріне және өзге де заңды тұлғаларға осы Заңның және осы Заңға сәйкес қабылданатын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінің шарттарында көзделген шекте қолданылады.";

3) 4-баптың 1-тармағында:

7) тармақшадағы "банкаралық төлем карточкалары" деген сөздер "төлем карточкаларының банкаралық" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "электрондық көрсетілетін банктік қызметтерді ұсыну" деген сөздер "электрондық банктік қызметтерді көрсету" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "жүргізілген" деген сөз "жүргізілетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу" деген сөздер "арасында корреспонденттік қатынастар орнату" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақшадағы "беруші көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызылатын" деген сөздер "берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Төлем жүйесіне қатысушы клиент, егер осы төлем жүйесі арқылы бір жылда жүзеге асырылған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының жалпы көлеміндегі оның үлесі он немесе оннан көп пайызды құраса, жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесіне қатысушының маңызды клиентіне жатады.";

5) 13-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі "Банкпен" деген сөзден кейін "және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 14-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "(немесе)" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, төлем ұйымының, төлем агентінің, сондай-ақ қосалқы төлем агентінің атауы, сәйкестендіру нөмірі, байланыс деректері (тұрған жері мен заңды мекенжайы, телефон нөмірі).

Дара кәсіпкер болып табылатын төлем агенті және қосалқы төлем агенті өздерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) туралы ақпаратты қосымша көрсетеді;"

7) 24-бапта:

тақырып "шараларын" деген сөзден кейін ", қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "шараларын" деген сөзден кейін ", қадағалап ден қою шараларын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын төлем жүйелерінің операторларына және төлем жүйелерінің қатысушыларына, көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты қадағалап ден қою шаралары "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолдануына жатады.";

мынадай мазмұндағы 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге (бұдан әрі – көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілері) қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға құқылы:

1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беру;

2) жазбаша ескерту шығару;

3) жазбаша келісім жасау.

6. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындалуы міндетті түзету шараларын қолдануға және (немесе) анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттілігіне қатысты нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің және (немесе) жағдайлардың сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша нұсқамасына сотқа шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы ескерту шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының ұқсас бұзушылығын

анықтаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы хабарламасы жазбаша ескерту болып табылады.

8. Анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою қажеттігі туралы және жою мерзімдерін көрсете отырып, осы бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі шаралар тізбесін және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі анықталған бұзушылықтар және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептер, сондай-ақ жағдайлар жойылғанға дейін өзіне қабылдайтын шектеулердің тізбесін бекіту туралы жазбаша келісім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі арасында жасалған жазбаша келісім болып табылады.

Жазбаша келісім көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі тарапынан міндетті түрде қол қойылуға жатады.

9. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы құжатында көрсетілген мерзімдерде шектеулі ықпал ету шарасын орындағаны туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі хабардар етуге міндетті.

10. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектілеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне бұрын оған қолданылған ықпал ету шараларына немесе санкцияларға қарамастан, осы бапта айқындалған шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

12. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының өзге субъектісіне байланысты емес себептер бойынша бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жазбаша нұсқамада және (немесе) іс-шаралар жоспарында, жазбаша келісімде белгіленген мерзімдерде жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, жазбаша нұсқаманы, іс-шаралар жоспарын, жазбаша келісімді орындау жөніндегі мерзімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұзартуы мүмкін.";

8) 27-бапта:

5-тармақтың б) тармақшасы алып тасталсын;

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Эскроу-шоттағы ақшаға эскроу-шот шартының талаптарына байланысты іс жөніндегі сот актісі бойынша ғана тыйым салуға және өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.";

9) 32-бапта:

3-тармақтағы "және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер ", ипотекалық ұйымдардың, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші және екінші бөліктердегі "банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның" және "Банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым" деген сөздер тиісінше "банктердің, ипотекалық ұйымдардың, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының" және "Банктер, ипотекалық ұйымдар, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және бесінші бөліктер "Қарыз бойынша" деген сөздерден кейін "мерзімі өткен" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөлікте "дебеттеу арқылы" деген сөздерден кейін "қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "Ақша" деген сөз "Осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен ақша" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 44-бапта:

4-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздармен операцияларды жүргізген, электрондық ақшаны пайдалана отырып, сыйақы төлеген, электрондық ақша пайдалануды ынталандырумен байланысты төлем кезінде заңды тұлғаның басқа заңды немесе жеке тұлғаларға электрондық ақшаны аударуына жол беріледі.";

11) 46-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның нұсқауды осы тармақтың бірінше бөлігінің 1) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша орындаудан бас тартуы инкассалық өкімдерге, сондай-ақ сақталуы ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасындағы шартта көзделген төлем құжаттарына қолданылмайды.";

12) 48-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "Осы баптың" деген сөздер "Осы баптың 1 және 2-тармақтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы арқылы ұсынылған нұсқауларды орындауға қолданылмайды.";

4-тармақтағы "Нұсқауды" деген сөз "Бас тарту көрсетілген төлем құжаттарын орындау үшін көзделген мерзімде жасалатын қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы, сондай-ақ инкассалық өкім арқылы ұсынылған нұсқауларды қоспағанда, нұсқауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 50-баптың 4-тармағы "Нұсқауды орындау" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-9-бабында," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 52-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым" деген сөздер ", ипотекалық ұйым немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 57-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "орындалған жағдайларда жүзеге асырылады." деген сөздер "орындалған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

3) егер бенефициар банктің корреспонденттік шоты бойынша орындалмаған талаптар немесе шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін ақшаға билік етуге шектеулер болса, ақша аударымын алу кезінде бенефициар банктің клиенті болып табылмайтын адамның пайдасына ақша түскен;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-1-бабында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда ақшаны қайтару ақша жөнелтушінің мекенжайына жүзеге асырылады.";

16) 58-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Клиенттердің төлем құжаттарын жоғалтқаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Осы Заңда бас тарту көзделген жағдайларда төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауларды орындағаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Клиенттің банктік шотынан ақша алудың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілігін бұзғаны үшін банктер, банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Төлем агенттері және (немесе) қосалқы төлем агенттері арқылы төлем қызметтерін көрсеткен кезде осы Заңда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Өзіне қабылдаған міндеттемелер сомасына сәйкес келмейтін сомаға электрондық ақша шығарғаны үшін, сондай-ақ электрондық ақша иесін сәйкестендірмей бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға электрондық ақша шығарғаны үшін, сондай-ақ бір операцияның ең жоғары сомасы бойынша белгіленген шектеулерден асатын сомаға операциялар жасаған кезде электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны пайдалануға жол бергені үшін электрондық ақша эмитенті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеген кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жеке тұлғалардан алған электрондық ақшаны эмитенттің өтемегені, уақтылы және толық өтемегені үшін электрондық ақша эмитенті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру кезінде (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету кезінде) төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) аударымдарды қабылдауға міндетті дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғаның оларды қабылдаудан бас тартқаны үшін және (немесе) дара кәсіпкерлерде және заңды тұлғаларда төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болмағаны үшін осы Заңның 25-бабының 11-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді не төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өзге есептілікті белгіленген мерзімде ұсынбағаны үшін, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер және ақша аударымдары лимитін бірнеше мәрте (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзғаны үшін не көрсетілген лимиттің орындалғаны туралы мәліметтердің бұрмалануына әкелген есептілікті жасағаны үшін банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен және мөлшерлерде жауапты болады."

38. "Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 9, 20-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 4-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

2) 5-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "жолымен" деген сөз "жіберу тәсілімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 6-баптың 5-тармағының үшінші абзацы "есепке жазылған сыйақыны" деген сөздерден кейін ", қарыз және микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және өзге төлемдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 7-баптың 2-тармағы 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет қатысатын кредиттік бюромен жасалған ақпарат беру туралы шарттың көшірмесін;"

5) 14-баптың 5) тармақшасындағы "жасасуға құқылы." деген сөздер "жасасуға;" деген сөзбен ауыстырылып, екінші бөлігі алып тасталсын;

6) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Коллекторлық агенттіктің қызметін мемлекеттік бақылау

Коллекторлық агенттіктердің қызметін мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады."

39. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-III, 108-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда " Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бапта:

3) тармақшадағы "319-бабы 2-тармағының 19) тармақшасы," деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақшадағы "319-бабы 2-тармағының 20) және 42) тармақшалары" деген сөздер "319-бабы 2-тармағының 19), 20) және 42) тармақшалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 33-баптың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы жеті жүз сексен жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте, осы тармақта көрсетілген, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде оқу, тағылымдамадан немесе практикадан өту мақсатында жүрген тұлғалар осы тармақта көзделген негіздер болмаған жағдайда жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырмайды."

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 15) тармақшасын, 7-тармағы 3) тармақшасының бірінші және жетінші абзацтарын, 39-тармағының 2) тармақшасын;

2) 2018 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағының 50) тармақшасын;

3) 2018 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 29-тармағының 2) тармақшасын;

4) 2018 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14-тармағының 2) тармақшасын;

5) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 2-тармағының 5) тармақшасын, 7) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 8) тармақшасының тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын, 11) тармақшасының тоғызыншы – он екінші абзацтарын, 12) тармақшасын, 3-тармағын, 4-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын, 8) тармақшасын, 18) тармақшасының үшінші абзацын, 6-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының төртінші абзацын, 7-тармағының 1) және 2) тармақшаларын, 3) тармақшасының екінші – алтыншы абзацтарын, 8-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 2) тармақшасының алтыншы және жетінші, отыз екінші, отыз үшінші және отыз төртінші абзацтарын, 3), 7), 9) және 12) тармақшаларын, 16) тармақшасының үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 17) және 18) тармақшаларын, 19) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын, 20) тармақшасының бірінші – жиырма төртінші абзацтарын, 9-тармағының 1) және 2) тармақшаларын, 5) тармақшасының екінші – сегізінші, оныншы және он бірінші абзацтарын, 7), 8), 9) және 10) тармақшаларын, 11) тармақшасының төртінші, он екінші, жиырма бірінші – жиырма төртінші абзацтарын, 12) тармақшасын, 14) тармақшасының екінші, алтыншы – тоғызыншы, он төртінші – жиырма бірінші абзацтарын, 15) тармақшасын, 16) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 18) тармақшасының төртінші – оныншы абзацтарын, 20) тармақшасын, 21) тармақшасының бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 25) тармақшасының төртінші және

бесінші абзацтарын, 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 34), 35), 36), 37), 38) және 39) тармақшаларын, 40) тармақшасының үшінші – тоғызыншы, он төртінші – жиырма алтыншы абзацтарын, 41) тармақшасының тоғызыншы және оныншы, он үшінші – жиырма бесінші абзацтарын, 42) тармақшасының бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 43) және 46) тармақшаларын, 47) тармақшасының бесінші – тоғызыншы, он екінші – жиырма жетінші абзацтарын, 48), 49), 50), 51), 52), 53), 54), 55) 57), 58) және 60) тармақшаларын, 10-тармағының 2) және 4) тармақшаларын, 12-тармағының 1) және 2) тармақшаларын, 3) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 4) тармақшасының екінші абзацын, 5) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларын, 14-тармағының 3) және 4) тармақшаларын, 5) тармақшасының екінші – он тоғызыншы, жиырма екінші – отыз жетінші абзацтарын, 6) тармақшасының үшінші, төртінші және тоғызыншы абзацтарын, 7) тармақшасының екінші, бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 8) және 9) тармақшаларын, 10) тармақшасының екінші, алтыншы – тоғызыншы, он төртінші – он сегізінші абзацтарын, 11) және 12) тармақшаларын, 14) тармақшасының төртінші абзацын, 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 22) тармақшаларын, 23) тармақшасының төртінші, бесінші, оныншы және он бірінші абзацтарын, 24), 25) және 28) тармақшаларын, 15-тармағын, 16-тармағының 1) және 2) тармақшаларын, 17-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын, 4) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, он бірінші – он төртінші абзацтарын, 5), 6) және 7) тармақшаларын, 18-тармағы 3) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 4), 5), 6), 7), 9), 11) және 12) тармақшаларын, 13) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 14) тармақшасын, 15) тармақшасының екінші – отыз бірінші абзацтарын, 16) тармақшасының екінші, алтыншы – тоғызыншы, он төртінші – он сегізінші абзацтарын, 17) тармақшасын, 18) тармақшасының екінші, үшінші және жетінші абзацтарын, 19), 20), 22) және 28) тармақшаларын, 19-тармағы 1) тармақшасының екінші, бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 4) тармақшасын, 5) тармақшасының төртінші абзацын, 7) тармақшасын, 20-тармағының 1) және 4) тармақшаларын, 21-тармағын, 22-тармағының 3) тармақшасын, 24-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларын, 29-тармағының 3) және 4) тармақшаларын, 30-тармағын, 31-тармағы 2) тармақшасының екінші, алтыншы – тоғызыншы, он төртінші абзацтарын, 36-тармағын, 37-тармағы 7) тармақшасының екінші – бесінші абзацтарын, 8) тармақшасының екінші абзацын, 13) тармақшасын;

б) 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының екінші – бесінші, сегізінші – он бірінші абзацтарын, 2), 6), 12) және 16) тармақшаларын, 8-тармағы 2) тармақшасының оныншы – он алтыншы, жиырма бірінші абзацтарын, 14) тармақшасын, 9-тармағы 42) тармақшасының үшінші, төртінші және он үшінші абзацтарын, 11-тармағының 3) тармақшасын;

7) 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 27-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Осы Заңның 1-бабы 19-тармағы 7) тармақшасы төртінші абзацының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 16 желтоқсанға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының өзге ақпарат аудитін жүргізуді талап етеді;"

5. Мыналар:

1) осы Заңның 1-бабының 9-тармағы 21) тармақшасының бесінші – тоғызыншы абзацтары қолданысқа енгізілген күнінен бастап, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғаның ипотекалық қарыз шарттарын қоса алғанда, бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады;

2) осы Заңның 1-бабының 9-тармағы 22) тармақшасының он жетінші абзацы және 29-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілген күнінен бастап бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады;

3) осы Заңның 1-бабының 9-тармағы 22) тармақшасының отыз төртінші абзацы қолданысқа енгізілген күнінен бұрын жасалған шарттардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткен соң есепке жазылған және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін төленген қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер қайта есептеуге жатпайды;

4) осы Заңның 1-бабы 38-тармағының 3) тармақшасы бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету түрінде қолданған санкциялары қадағалап ден қою шараларына теңестіріледі.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін банктерге, банктердің ірі қатысушыларына, банк холдингтеріне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, Қазақстанның Даму Банкіне, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру брокерлеріне, сақтандыру холдингтеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларына, сақтандыру тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларға, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына қатысты қолданған қолданыстағы шектеулі ықпал ету шаралары қадағалап ден қою шараларына теңестіріледі.

8. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53-3-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген, уәжді пайымдауға негізделген қадағалап ден қою шаралары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған немесе өзгертілген мәмілелерге қолданылады.

9. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы төртінші бөлігінің қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрып, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Егер резервтік капиталдың мөлшері жарғылық капитал сомасынан аз болса, онда бөлінбеген бүкіл таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің билік етуінде қалады және резервтік капитал жарғылық капиталдың мөлшеріне жеткенге дейін оны толықтыруға бағытталады."

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ